

«Alikhan Bokeikhan University» БМ

ОӘЖ 614.2: 64.011.34: 331

Қолжазба құқығында

БАЙГИРЕЕВА ЖАНАР ЗАМАШҚЫЗЫ

ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі: жай-күйі мен даму перспективасын бағалау

6D050600 – Экономика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
доктор PhD
Аманбаева А.А.

Ғылыми кеңесші
экономика ғылымдарының кандидаты,
доктор PhD
Ниязбекова Ш.У.
(С.Ю. Витте атындағы
Мәскеу университеті)

Қазақстан Республикасы
Семей, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	13
1.1 Адами капиталдың теориялық түсінігі мен экономикалық маңызы.....	13
1.2 Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары.....	21
1.3 Адами капиталдың тиімділігін арттырудың шетелдік тәжірибесі....	36
Бірінші бөлімнің қорытындысы.....	41
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ.....	43
2.1 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдау.....	43
2.2 Денсаулық сақтау саласында адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігін бағалау.....	54
2.3 Денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесі.....	81
Екінші бөлімнің қорытындысы.....	95
3 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	97
3.1 Регрессиялық-корреляциялық модельді қолдану негізінде денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларын сараптамалық бағалау.....	97
3.2 Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары.....	106
3.3 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар.....	122
Үшінші бөлімнің қорытындысы.....	128
ҚОРЫТЫНДЫ.....	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133
ҚОСЫМША А – Актілер енгізу.....	142
ҚОСЫМША Ә – Қазақстанның адами капиталы дамуының 2013–2020 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері.....	144
ҚОСЫМША Б – Көрсеткіштер (Dimension) және 2010–2020 жылдар кезеңінде жаңа әдістеме бойынша АДИ көрсеткіштері.....	145
ҚОСЫМША В – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарының адами капиталы (human capital value added, HCVA),	

млрд. т.....	146
ҚОСЫМША Г – Әлемдік SF-36 сауалнамасы бойынша өмір сүру сапасын кешенді бағалау моделінің схемасы.....	148
ҚОСЫМША Ғ – Әлемдік SF-36 сауалнамасы бойынша қорытынды нәтиже.....	149
ҚОСЫМША Д – Рекомендуемый возрастной диапазон пользователей версии EQ-5D-Ү.....	150
ҚОСЫМША Е – 2011-2021 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды номиналды бағаларда қаржыландыру көздері, млрд. теңге.....	151
ҚОСЫМША Ж – 2011-2020 жж. Қазақстан Республикасында Денсаулық сақтауға саласына кеткен бюджеттік шығындар.....	152
ҚОСЫМША К – 2011-2021 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштерінің динамикасы.....	153

НОРМАТИВТИК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы, «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Астана қаласы, 2014 жыл 17 қаңтар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: 2022 жылдың 24 қарашада, №945 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Кодексі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: 2020 жылдың 7 шілдесі, №360 қабылданған (03.05.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 26 желтоқсанда, №982 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы: 2020 жылдың 29 қазанда, №ҚР ДСМ-170/2020 бекітілген.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
АДА	– аурулардың демографиялық ауыртпалығы
ДС	– денсаулық сақтау
АӘДИ	– адам әлеуетінің даму индексі
АДИ	– адам дамуының индексі
Т-К	– төсек-күн
МЭТ	– медициналық-экономикалық тиімділік
МЭС	– медициналық-экономикалық стандарт
ӨЖК	– өлімнің жалпы коэффициенті
ЫӨЖЖ	– ықтимал өмірдің жоғалған жылдары
АМЖЖ	– алғашқы медициналық жедел жәрдем
БҰҰДБ	– Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
ӨСК	– өлімнің стандартталған коэффициенті
СКЖӨЖ	– стандартты күтілетін жоғалған өмір жылдары
АК	– адами капитал
ЖҰӨ	– жалпы ұлттық өнім
ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім
ТКЖ	– теңгерімді көрсеткіштер жүйесі
КТМК	– кепілдендірілген тегін медициналық мемлекеттік көмек
ЖДК	– жедел медициналық көмек
DALY	– Disability Adjusted Life Years-мүгедектік бойынша түзетілген өмір жылдары
PQI	– физикалық өмір сапасының индексі
QALY	– өмір сапасы бойынша түзетілген жылдар
ҚР ДСМ	– Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қоғам дамуының қазіргі жағдайында денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі сапалы, қолжетімді медициналық көмекті ұйымдастырудың барлық элементтерінің демографиялық, экономикалық және әлеуметтік даму процестерімен өзара байланысын дамытумен анықталады.

Халықтың биологиялық, әлеуметтік және экономикалық қасиеттерінің өзара әрекеттесуінің интегралды көрінісі тиімді адами капиталды қалыптастыру сипаты болып табылады. Осыған байланысты денсаулық сақтау стратегиясы, ең алдымен, медициналық көмектің жекелеген элементтерін дамытуға емес, салада адами капиталды қарқынды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың сапалық сипаттамаларын дамыту «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кірудің стратегиялық мақсаты ретінде көзделген [1].

Денсаулық сақтау-қоғамның маңызды мемлекеттік саласы, себебі медициналық қызметтің нәтижелері экономиканың дамуына оң өзгеріс әкелуімен айқындалады. Яғни, мемлекеттің денсаулық сақтау стратегиясы, ең алдымен, медициналық көмектің жекелеген элементтерін дамытуға ғана емес, адами капиталды, атап айтқанда, экономикалық тұрғыдан болашақ кірістер ағынын генерациялау ретінде қарастырылуы қажет. Тиісінше, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 03.05.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен әзірлеу саладағы адами капитал дамуының қоғамның денсаулық деңгейін (туу, өлім, ауру, мүгедектік және т.б.) және жекелеген әлеуметтік-экономикалық, демографиялық процестердің динамикасына әсерін анықтау қажеттілігін тудырады [2].

Қазіргі уақытта адами капиталға экономикалық тиімділік тұрғысынан зор мән беріледі, өйткені ол нарықтық қатынастардың көптеген құбылыстарын зерттеуге, қоғамның экономикалық және әлеуметтік қабілеттілігін айқындайтын адам факторына салынған қаражаттың тиімділігін анықтауға көмектеседі. Сондықтан, ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі терең зерттеуге лайық. Денсаулық сақтау саласы мен адами капитал даму перспективасы арасындағы байланыс пен заңдылықтарын анықтау мемлекеттің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Ол үшін әлеуметтік және экономикалық саясатты өзгерту қажет. Әдіснамалық тәсілдерді әзірлеу денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге, яғни, саладағы адами капиталды дамытуға мүмкіндік береді, өйткені адамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық жүйенің негізгі өзегіне айналуы елдің тиімді экономикалық мазмұнының терең үдемелі өзгерістері мен дамуына әкеледі.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттелу дәрежесі. Диссертациялық зерттеудің маңыздылығына қарамастан, соны ұсыныстарды енгізу негізінде осы уақытқа дейін берілген мәселенің мәні мен маңызына деген

жүйеленген теориялық көзқарастар жоқтың қасы. Яғни, бұл олқылық мемлекеттегі өтпелі кезеңдердің маңызды сипатымен түсіндіріледі. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамыту мәселесі мемлекеттік тұрғыда жүйелі түрде шешілуі тиіс мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша еңбектерді талдау жеткілікті қарастырылған теориялық базаны саралауға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеу барысында жалпы адами капиталды зерттеуге арналған көптеген ғылыми еңбектер қолданылды. Соның ішінде аталмыш зерттеуге **Қазақстандық** келесі ғалымдар үлкен үлес қосты; Исабеков Б.Н. «Теоретико-концептуальные основы формирования понятия «человеческий капитал»», Абдигалиева Г.К., Килыбаев Т.Б., Кошигулова К.И. «Қазақстандағы адами капиталдың дамуы», Есимжанова С.Р. «Человеческий капитал в Казахстане: уровень развития и качество», «Капитал здоровья как основа функционирования человеческого капитала в условиях пандемии COVID-19», Мухамбетова Л.К., Турекулова Д.М., Жамкеева М.К. «Методологические подходы к изучению человеческого капитала», А.Б. Майдырова «Человеческий капитал нации в условиях формирования информационного общества: методологический аспект», Сыдыков Е.Б. «Человеческий капитал и интеллектуальная миграция Республики Казахстан в контексте формирования ЕЭП Казахстана, России и Беларуси», Мельдаханова М.К., Калиева С.А. «Человеческий капитал в условиях обеспечения конкурентоспособности национальной экономики: современная концепция, приоритеты и механизмы реализации».

Сонымен қатар, **ресейлік** авторлардың адами капитал және денсаулық сақтау саласындағы адами капитал шеңберіндегі еңбектерін атап өтуге болады: Добрынин А.И., Дятлов С.А., Цыренова Е.Д. «Человеческий капитал в транзитной экономике: формирование, оценка, эффективность использования», Капелюшников Р.И., Лукьянова А.Л. «Трансформация человеческого капитала в Российской обществе», Кузьмич О.С., Роцин С.Ю. «Лучше ли быть здоровым? Экономическая отдача от здоровья», Уйба В.В. «Экономические методы управления в здравоохранении», Решетников А.В., Шамшурина Н.Г., Шамшурин В.И. «Экономика и управление в здравоохранении», Сеницына Г.И. «Человеческий капитал: оценка качества и эффективности использования», Пушкирев О.В. «Человеческий капитал и моделирование медико-экономической эффективности в здравоохранении».

Адами капиталды дамыту тұрғысынан **шет ел** авторлары еңбектері: Беккер Г.С. «Человеческое поведение: экономический подход», Долан Э., Линдсей Дж. «Рынок: микроэкономическая модель», Нойманн Ф. «Методика экономической оценки человеческого капитала», Смиidt А. «Исследование о природе и причинах богатства народов», Adams A., Bond S. «Hospital nurses' job satisfaction, individual and organizational characteristics», Thorow L. «Investment in Human Capital», Коэтс Д. «Развитие soft skills: как у вас идут дела с возвратом инвестиции?» қарастырылды.

Зерттеу мақсаты - ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және дамыту бойынша теориялық – әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

Аталған мақсатқа байланысты келесі міндеттерді шешуге әрекет жасалды:

1. Адами капиталдың тұжырымдамалары мен экономикалық даму тарихын зерттей отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама беру.

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамыту жөніндегі озық шетелдік модельдерді зерделеу, салыстыру.

3. Қазақстанның денсаулық сақтау саласында адами капиталды қалыптастырудың (дамытудың) экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізу.

4. Денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды талдау.

5. Көрсеткіштердің теңгерімді жүйесіне негізделген денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігін дамытудың экономико-математикалық моделін және тұжырымдамалық тәсілдерін енгізу.

6. ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамыту болып табылады.

Зерттеу пәні. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және оның даму перспективасын анықтау және бағалау.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелерінің ғылыми жаңалығы:

1. Адами капиталдың тарихи-экономикалық тұжырымдамаларын зерттеп, экономикалық даму хронологиясын құрастыру; денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамаларын айқындау.

2. Шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама беруге кадам жасау; шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдарын зерделеу.

3. ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдап, берілген салада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігін бағалау.

4. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемелерін әзірлеу; денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштерді қолдану арқылы талдау жүргізу.

5. ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельді қолдану негізінде адами капиталды дамытудағы мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау.

6. Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен

ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттарын анықтау.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдамалар толықтай қарастырылып, орындалған зерттеулер нәтижесінде автор дайындаған келесі ережелер қорғауға шығарылды:

1. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары (жахандық адами даму индексы, халықтың денсаулық капиталын бағалаудағы негізгі көрсеткіштері, адами капиталдың экономикалық тиімділігі, адами капиталдың медициналық тиімділігі) айқындалып, ұсынылды.

2. Шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдары қарастырылды және шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама берілді.

3. ҚР Денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері талданып, берілген салада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігі бағаланды.

4. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының сандық деректерін, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбек өтілі, жасы, білім деңгейі және кәсіби құзыреттілігі/санаты сияқты сапалық сипаттамалары сараптау нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесін қолдана отырып, денсаулық сақтау саласында адами капиталды талдау мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштер QALY және Парето әдістерін қолдану арқылы талдау жүргізілді.

5. ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалды.

6. Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі. Зерттеу барысында жалпы ғылыми, соның ішінде аналитикалық, статистикалық, салыстырмалы графикалық, логикалық талдау әдістері қолданылды. Аналитикалық талдау шеңберінде денсаулық сақтау саласының өмір суру сапасы, денсаулық капиталы, адами капитал индикаторлары, денсаулық сақтау саласы трендтары қарастырылды. Статистикалық әдіс арқылы индикативті көрсеткіштер нақтыланды. Сонымен қатар, практикалық тәжірибені жалпылау және зерттеу нәтижелерін бағалау кезінде тарихи, монографиялық, экономикалық-әдістер қолданылды. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың отандық және шетелдік ғалымдарының классикалық және заманауи тұжырымдамалары мен әзірлемелері, заңнамалық және нормативтік актілер, монографиялық зерттеулер материалдары, статистикалық материалдар, мерзімді басылым мақалалары болды.

Зерттеудің ақпараттық базасы ресми статистикалық ақпараттар, денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамытудың теориясы, әдіснамасы және практикалық мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялық зерттеулері, диссертациялық жұмыстары, ғылыми жарияланымдары; денсаулық сақтау және медицина саласындағы мемлекеттік дамыту мәселелері бойынша халықаралық және ұлттық заңнамалық және нормативтік актілер (кодекстер, бұйрықтар, жарлықтар, ережелер, стандарттар, ұсынымдар және т.б.) болып табылады; ғылыми, ғылыми–практикалық конференция материалдары; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық материалдар материалдары; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайтының ақпараты, сондай-ақ зерттеу процесінде автордың өз бетінше алған есептеулерінің нәтижелері табылады.

Жұмысты апробациялау және нәтижелерін енгізу. Зерттеу процесінде алынған және диссертациялық жұмыста жинақталған ғылыми ережелер мен нәтижелер Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, дөңгелек үстелдер мен семинарларда баяндалды. Диссертациялық жұмысты тестілеу оны өткізудің барлық кезеңдерінде жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен материалдары Астана қаласы әкімдігінің «№2 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы АКТ алынды. Зерттеу нәтижелері мен материалдары ЖШС «Гематология орталығы» Шығыс Қазақстан облысының гематология бөліміне бойынша диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы АКТ алынды. Зерттеу нәтижелері мен материалдары «ESIL» Мекемесінің оқу үрдісінде «HR-менеджмент», «Сала экономикасы», «Ұйымдық мінез-құлық» пәндері бойынша дәрістік және практикалық сабақтар өткізу кезінде зерттеу нәтижелерін қолдану туралы АКТ алынды (Қосымша А).

Зерттеудің негізгі нәтижелерін жариялау. Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 1 мақала Scopus ақпараттық базасында, 3 мақала Қазақстан Республикасының БҒМ білім мен ғылым саласын реттеу Комитетімен мақұлданған ғылыми басылымдарда және 8 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми қорытындылары мен нәтижелері, ұсыныстары аймақтық және халықаралық ғылыми конференцияларда, жоғарғы оқу орындары арасындағы ғылыми – тәжірибелік семинарларда және конференцияларда өзінің оң бағасын алды. Зерттеу тақырыбы бойынша автормен ұсынылған ұсыныстар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланып, мақалалары баяндалған;

1. Analysis of the influence of ecology on human resources management in the healthcare system // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2021. –

№12(7). – P. 1980-1996.

2. Human capital as a factor in improving the competitiveness of enterprises in modern conditions // Известия национальной академии наук Республики Казахстан. – 2019. – №4(326). – С. 86-91.

3. Analysis of human capital development in healthcare in the North Kazakhstan region // Вестник Национальной Академии Наук Республики Казахстан. – 2021. – С. 36-43.

4. Человеческий капитал Акмолинской области: анализ и перспективы развития // Вестник Карагандинского Университета. – 2019. – №4(96). – С. 331-337.

5. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласын мемлекеттік реттеу // Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі: халықаралық онлайн- конференцияның еңбектер жинағы (Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 161-166.

6. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу // ҚР ҰҒА Академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сейтқасымов Ғабдығапар Сағитұлының еске алуға арналған «Сейтқасымов оқулары – 2021»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Нұр-Сұлтан, 2021. – Б. 193-195).

7. Human Capital as the Dominating Factor of Economic Growth in the Republic of Kazakhstan // Advances in Economics, Business and Management Research, International Scientific Conference "Far East Con" (ISCFEC 2020). – Volume 128.

8. The Role of Human Capital in Improving the Competitiveness of Enterprises // Advances in Economics, Business and Management Research: 1st International Volga Conference on Economics, Humanities and Sports (FICEHS 19). – Volume 114.

9. Влияние роста человеческого капитала на экономику Казахстана // Состояние и перспективы развития стран в рамках ЕАЭС в условиях интеграционных процессов: коллективная монография / под ред. А.Б. Майдыровой, М.О. Рыспековой (Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021. – С. 132-140).

10. Устойчивость социального объекта: особенности логистики в системе здравоохранения Республики Казахстан // Логистика: новые принципы эффективного управления издержками: коллективная монография / под ред. доктора экономических наук, профессора Т.М. Мезенцевой (Москва, 2020. – С. 281-291).

11. Развитие менеджмента человеческого капитала в области здравоохранения в экологической территории Казахстана // Управленческий учет. – 2021. – №4. – С. 443-448.

12. Қазақстан экономикасындағы еңбек нарығының ерекшелігі // Қазіргі жағдайда экономика, менеджмент, маркетингтің өзекті мәселелері: атты сыоттай халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары (Алматы, 2019. – Б. 122-125).

Диссертация құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация 45 кесте, 25 суретпен көркемделген.

1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Адами капиталдың теориялық түсінігі мен экономикалық маңызы

Адами капитал теориясы денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, экология және т.б. экономика проблемаларына экономикалық заңдар мен қағидаттарын қолдану нәтижесінде пайда болған. Адами капитал теориясы көне ілім негіздері мен әдістемелеріне сүйенеді. Яғни, бұл түсінікті өткен ғасырдың атақты ғалым, экономистерінің еңбектерінен көруге болады. Әр түрлі мектептердің экономистері «адами капитал» ұғымын әртүрлі түсіндіреді. Басқаша айтқанда, қарастырылып отырған мәселе жеке тұлға мен қоғамның әлеуметтік–экономикалық, саяси-құқықтық, мәдени–адамгершілік дамуының тарихи контекстеріне, адамның экономикалық өмірдегі антропологиялық және әлеуметтік қасиеттерінің көріну сипатына идеялар мен көзқарастар тығыз қиылысатын мәселелердің кең ауқымын қамтиды [3].

Экономикалық ілімде «адами капитал» түсінігіне әртүрлі түсінік беріледі, сондықтан, ғылыми зерттеулер негізінде екі көзқарас қалыптасқан:

Бірінші көзқарас бойынша, адамның өзі капитал болып саналады. Бұндай технократтық көзқарас алғашқы зерттеулерде кездеседі. 1830 ж. Дж.Мак-Куллох «Индивид машина сияқты, 20 жыл бойында техникалық күтім мен капитал салуды талап етеді. Егер, тәрбие мен білімге қосымша шығын шықса, оның құны тиісінше көтеріледі» деген ой айтқан [4]. И. Фишер адамның өзіне салған инвестициясы болашақта көп кіріс әкеледі деп экономикалық құнды ой айтты. Ол, адам жылқы немесе сиыр сияқты өз қожайынына пайда әкелсе, адамды капитал деп қарастыруға болады деп қарастырған [5].

Екінші көзқарас бойынша, капитал адамның өзі емес, оның туа біткен және жүре қалыптасқан қабілеті болады деп А. Смиidt, Дж.С. Милль, Ж. Сэй, А. Шторх еңбектерінде жазылған [6]. Бұл көзқарас осы уақытқа дейін келе жатыр және «адами капитал» түсінігін бір жүйеге келтіруге көмек болды: Л. Туроу, У. Боуэннің еңбектерінде, адами капиталды индивидтің өндіргіш қабілетіне қарай анықтайтын бағыт, яғни, адами капитал – бұл индивидтің ғылым, білім, мотивация, энергиядан тұратын, тауар шығару, қызмет көрсете алу қабілеті деп білді [7, 8].

Адами капиталдың «инвестициялық қасиеттеріне» баса назар аударған бағыт. Бұл түсінікті «Экономикс» оқулығының авторлары С. Фишер, Р. Дорнбуш және К. Шмалензи «Адами капитал – бұл адамның кіріс табу қабілетінің өлшемі» деп жалпыға ортақ түсінікті қалыптастырды. Осы түсінікке қатысты адами капиталдың «инвестициялық» түсінігі тарай бастады. М. Блауг «инвестициялық» адами капиталға ең қысқа «Адами капитал – бұл адамдардың дағдыларына салынған бұрынғы инвестициялардың болашақ құны» деген анықтама береді. В. Марцинкевич адамның шығармашылық қабілеттеріндегі белсенділік, жауапкершілік, адалдық, ұжымшылдық, әдептілік деген жалпы

айтқанда, өлшеуі қиын немесе тіпті өлшенбейтін және тиісінше тексерілмейтін қасиеттердің адами капиталға әсерін анықтауға тырысты.

С. Дятлов бұл көзқарастардың бәрін жүйелеп, адами капиталға «инвестиция салу нәтижесінде және өндіріс тиімділігін өсіруге оң әсер беретін және болашақ кіріс көзі болып табылатын жиналған денсаулық, білім, дарыны, қабілеті, мотивациясы» деп толық және нақты анықтама берді [9].

Адами капиталды өндіргіш күш немесе инвестициялық объект ретінде ғана біржақты қарамай, оны әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қарауды ұсынатын бағыт бойынша И. Ильинский, В. Щетинин адамды жалпы әлеуметтік-экономикалық масштабта қарастырып, ол өндіріске қатысып, экономикаға пайда әкелсе ғана адами капиталға айналады деген ой айтты. Адами капиталдың экономикалық дамуға тигізетін әсері туралы бірнеше экономикалық көзқарастар бар. Классикалық ағылшын саяси экономиясының өкілдері алғашқылардың бірі болып, адамға ғылыми талдау жасауда оны кешенді өндіргіш күш иесі ретінде қарастырып және адами капиталға салынатын салымды және оның қайтарымын сандық (ақшалай) түрде көрсетуге тырысты.

Ағылшын саяси экономикасының негізін қалаушы У. Петти алғаш рет адамның өндіргіш күштеріне ақшалай баға берді. У. Петти мемлекеттің негізгі байлығы деп адамдарды таныды, «Саяси арифметика» (1676) еңбегінде әрбір адамның құндылығын есептеу әдісін ұсынды, яғни адамның құны, жердің құны сияқты оның жылдық кірісіне тең деген. У. Петти адамның еңбекке деген қабілетін бағалауда оның еңбек қабілетін бағалады. Яғни, адамның өнімді еңбекке қабілеттілігін оның кәсібі мен еңбексүйгіштігімен анықталатын тұрақты көрсеткіш ретінде қарастырды. У. Петти «Заң бойынша жұмысшыны тек еңбек құралымен қамтамасыз ету керек, себебі, оған екі есе көп еңбекақы төленсе, ол екі есе аз еңбектенеді. Яғни, екі есе көп жұмыс істеп, еселенген пайда табу мүмкіндігінен айырылады» деп тұжырымдаған [10].

А. Смит «Халық байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеуінде» (1776) еңбек қатынастарына байланысты «еңбек өнімі», «еңбек өнімділігі» «пайдасыз еңбек» сияқты экономикалық түсініктер енгізді. Оның пікірінше, байлықты өндірудегі шешуші рөл жұмысшының табиғи өндіргіш күші мен тәжірибесі, қабілеті болып табылады: «Пайдалы еңбек өнімділігін арттыру үшін, жұмысшының ептілігі мен іскерлігін арттырып, сосын ол жұмыс істейтін машина мен құрал– жабдықтарды жақсарту керек» деген ой айтқан. А. Смиттің идеясын жалғастырушы классикалық политэкономия өкілі Д. Рикардо болды. Ол адамның өндіргіш қабілетін өмірге қажетті тауарлар мен құралдарды тұтынумен бірдей бағалады. Ол, У. Петти сияқты, «еңбектің табиғи бағасын» қызметкер мен оның отбасының тұтыну деңгейімен теңестірді.

Бұл ғалымдардың зерттеуінің негізгі көзі – адам болып табылды, бірақ жұмысшының денсаулығы, оны жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру жолдары қарастырылмады [11]. Яғни, жұмысшыға минималды жалақы төлеп, тек қоғамның негізгі кіріс көзі немесе пайда табуға көмектесетін құрал ретінде ғана қарастырды [12]. XVIII-XIX ғғ. Еуропада социалистік идея тарай бастады. Өмір

сүру деңгейі жақсармады, жұмыссыздық көбейді, адамдар станокта бірқалыпты – үздіксіз жұмыстан жалығып, капитализм жағдайында қоғамда әділ, бай қоғам құруға күмәнмен қарай бастаған кезең басталды.

Утопиялық социализм өкілдері К.А. Сен-Симон, Ш. Фурье, Р. Оуэн өздерінің «Болашақ қоғам» моделін ұсынды. Бұл моделде ғылым мен техника жетістіктерін жоспарлы пайдаланатын, еркін еңбек пен қоғамдық өндіріс негіз болып табылады. Бұл ғалымдардың ойынша, байлық, адамның жеке қажеттіліктері, жеке тұлға ретінде өзін тану, жақсы көру бірінші кезекте. Ш. Фурье айтуы бойынша, сонда ауыр еңбек міндеті адамдардың ләззат алатын, табиғи өмірлік қажеттілігіне айналады. Ол үшін еңбекте үзіліс, адамды жақсы көру, бейқам атмосфера жағдайында дене мен ми еңбегі біте қайнасып, еңбекақы пайданы бөлумен алмасады [13]. Социалист-утопистер әлеуметке бағытталған экономика концепциясын алғаш ұсынды және фабрика-заводтарда жұмысшылардың жағдайын жақсартуда нақты іс-шаралар ұсынған.

Р. Оуэн тоқыма кәсіпорынының басшысы ретінде жоғары өнімділік арқылы жоғары пайда алатын идеалды өндірістік қоғам құрғысы келді. Ол жұмысшыларды тәртіпке шақырып, жұмыс уақытын 16-дан 10,5 сағатқа қысқартты. Сонымен қатар, Р. Оуэн бастамасымен бала бақша, әлеуметтік сақтандыру, мәдениет орталығы, зейнетақы түсініктері енгізілді. Кейінгі жылдары, капитализм дамуымен қатар әлеуметтік саясат элементтерінің маңызы көбейді. Біздің ойымызша, социал-утопистердің арқасында адамның өмір сүру сапасы мәселесіне назар аудара бастады және еңбек өнімділігі, адамның денсаулығы, өмір сүру сапасы, еңбек ақы деңгейі арасында тығыз байланыс бар екенін көрсететін тұжырымдамалар өзінің өміршеңдігін дәлелдеді [14].

Социал-утопистік көзқарас негізінде XIX ғ. екінші жартысында ірі экономикалық бағыт – марксизм пайда болды. К. Маркс классикалық және әлеуметтік-экономикалық бағытты байланыстыруға тырысты. Өз еңбектерінде К. Маркс капиталистік өндірісте адамның әлеуметтік-экономикалық роліне талдау жасады. К. Маркс «еңбек күші», «жалдамалы еңбек күші», «тауар» «тауар құны» деген ұғымдарға толық анықтама берген. Жұмысшының еңбек күші оның ойынша тауар болып табылады, ал капиталистің қолында ол ұдайы өндіріс капиталына айналады деп тұжырым жасаған. Тек тірі адам еңбегі – жаңа құнды жасаушы. К. Маркс еңбектеріндегі адамның өндірістік қабілеттерінің табиғаты туралы көзқарасы ағылшын саяси экономикасы дәстүрлерінің дамуына айналды, ал екінші жағынан, олар белгілі бір тарихи жағдайға және талдауға таптық көзқарасқа байланыстырды. Адамның өндірістік қабілеттерінің әлеуметтік-экономикалық роліне түсінік берді [15].

Еңбек өнімділігіне қатысты революция 1881 ж. Ф. Тейлор еңбек процестерінің өнімді қызметіне және жобасына талдау жүргізді. Тейлор еңбек өнімділігіне баса назар аударды, себебі, еңбек өнімділігі артқан кезде қожайын мен жұмысшыға да байлық пен пайда әкеледі. Еңбек өнімділігінің төмендеуіне тиімсіз басқару жүйесі кінәлі. Тейлордың пікірінше, экономикалық, техникалық және әлеуметтік экспериментке, сондай-ақ басқару процесінің құбылыстары

мен фактілерін ғылыми талдауға және оларды жалпылауға негізделген «ғылыми» басқару қажет деп шешкен. Ф. Тейлор әр қызметкер өзіне жүктелген кез–келген жұмысты тиісті нұсқаулықтардың көмегімен сапалы орындай алса, нәтижесінде «бірінші дәрежелі қызметкер - бірінші дәрежелі жалақыға» лайық болатынын дәлелдеді. Төмен өнімділіктің тағы бір себебі жұмысшыларды ынталандырудың жетілмеген жүйесінде жатыр. Сондықтан ол материалдық ынталандыру жүйесін экономикалық айналымға енгізді. Тейлордың ойынша, марапат адамды тиімді жұмыс атқаруға итермелейтін басшылық құралы болып табылады [16]. Жалақы мен еңбек өнімділігін өсіретін қозғаушы күш Тейлордың ойынша, адамның жеке қызығушылығы болып табылды. Ол кәсіпкерлерге филантроптық жаңашылдық енгізуді ұсынды, яғни, қоғамдық монша, асхана, бала – бақша сияқты әлеуметтік сипаттағы көмектер жұмысшылардың интеллектін көтереді. Яғни, «қызметкердің ресурстарын барынша тауысуды» қалаудың орнына, қызметкерлердің әлеуетін дамытудың қажеттілігі мен болашағы туралы айтты [17]. Қазіргі уақытта бұл ұстаным оның тиімділігін арттыру мақсатында адами капиталға инвестиция салуды ұлғайтуға шақыруды білдіреді.

Жоғарыда баяндалған тарихи көзқарастарды негізге ала отырып, біз «адами капитал» ұғымын 1-кестеде авторлық түсініктер бойынша жүйеледік.

Кесте 1 – «Адами капитал» ұғымын тарихи–хронологиялық жүйелеу

Автор	Анықтама
1	2
А. Смит (A. Smith)	– жұмысшының жеке капиталы: дағдылары, қабілеттері
А.Л. Бовенберг (Bovenberg A.L.).	– қарым–қатынас дағдылары, өзін–өзі ұстауы және өзіне деген сенімділік, эмоционалды тұрақтылық, уақытты басқару қабілеті, шығармашылық, жауапкершілік, қиындықты қабылдау қабілеті, өзгеруге дайын болу
Г.Беккер. (Gary S.Besker)	– бұл әркімнің білімі, дағды, мотивация қоры
H.R. Bowen	– адамға берілген және белгілі бір уақыт аралығында тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін пайдалануға болатын білім, дағдылар, мотивация мен энергиядан тұрады
М. Блауг	– адамдар ресурстарды әр түрлі жолмен жұмсайды – тек ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен бірге болашақ ақшалай және ақшалай емес кірістер үшін
И. Гийот (GuyotI. M.)	– адам–бұл капитал және қоғам тек гуманитарлық қана емес, экономикалық себептер бойынша да өлімді азайтуға мүдделі болуы керек
А.И. Добрынин, С.А. Дятлов, В.А. Конов, С.А. Курганский	– шығармашылық белсенділік, сана, адамдардың физикалық, зияткерлік және басқа қабілеттері, яғни олардың барлық маңызды күштері
Б.М. Генкин	– үй шаруашылығы, кәсіпорын және ел үшін табыс көзі болатын адам әлеуетінің компоненттерін сипаттайды

1-кестенің жалғасы

1	2
С.А. Дятлов	– инвестиция салу нәтижесінде қалыптасқан және адам туғаннан жинаған денсаулықтың, білімнің, дағдылардың, қабілеттердің, мотивацияның белгілі бір қоры, олар әлеуметтік өндірістің белгілі бір саласында қолданылады, еңбек өнімділігі мен өндірістің өсуіне ықпал етеді және сол арқылы кірістің өсуіне әсер етеді
Р.И. Капелюшников	– әр адамның білімі, дағдылары мен қабілеттері, оларды өндірістік немесе тұтынушылық мақсаттарда пайдалануға болады
К. Маркс, Ф. Энгельс	– негізгі капиталды өндіруші ретінде қарастыруға болады, және бұл жерде негізгі капитал–адамның өзі
Т.У. Шульц (ShultzTh.W.)	– адамның құнды қасиеттері, олар тиісті инвестициялармен күшейтіледі
А.Б. Майдырова	– адамның барлық өндіруші күштерінің жиынтығы
М. Мельдаханова, С. Калиев, А.У. Бекмухамбетова	– адами ресурстардың жинақталған білімі, білімі мен кәсібилігі еңбек өнімділігін арттырады және экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы	– жеке тұлғаның шаруашылық қызметті жүзеге асырудағы білімі, біліктілігі, дағдылары және басқа да қасиеттері.
Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарлама сы	– бұл жеке тұлғаларға тән білім, дағдылар мен құзыреттілік, сондай-ақ басқа да ерекшеліктері және осылар арқылы еңбек нарығында белгілі бір орынды талап ету
Дүниежүзілік банк	– кәсіби қасиеттердің жиынтығы, тәжірибесі, жеке тұлғаны өнімді еңбекпен қамтамасыз ету жағдайында денсаулық, тәжірибе жинау, білімге салым салу
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [3, с. 215-218; 4, р. 98-100; 5, р. 5-15; 6, с. 5-15; 7, с. 6-24; 8, р. 3-26; 9, с. 3-16; 10, с. 2-6; 11, с. 3-14; 12, с. 5-6; 13, с. 4-12; 14, с. 136-138; 15, с. 3-9; 16, р. 3-12; 17, с. 23-25]	

XIX-XX ғ. Әлемдік экономикада адам табиғаты мен оның өндіргіш қабілетіне қатысты әртүрлі мектептер мен бағыттыр пайда болды. Адам және оның қабілеті – оның капиталы деген көзқарас кең тарай бастады [18].

Дж. Мак–Куллох және И. Фишер адамның өзіне салған инвестициясы болашақта көп кіріс әкеледі деп экономикалық құнды ой айтты.

Генри Д. Маклеод өндіруші адамды материалдық (фактор) капитал ретінде қарастырып, егер адам жемісті еңбек етпесе, оны экономикалық талдау мүмкін емес деді. Л. Вальрас адамды құны бар табиғи және тұрақты капитал деп тапты. Бірақ, адам – өте күрделі жаратылыс, оның өмірін қарапайым кесте мен формулаға салуға болмайды деп сыни көзқарас білдірді [19].

Иоганн Г. фон Тюнен адам өмірін, табиғатын, маңызын ақшамен есептеді. Бұл ойын саяси экономияның маңызды бөлігі деп қарастырды. Оның ойынша адами капиталды жинауға болады, индивидум белгілі бір дағдыларды, қабілеттерді игеріп, өз денсаулығын жақсарты алады [20].

XX ғ. басында экономикалық ғылымның неоклассикалық бағытының көшбасшысы А. Маршалл «адами капитал» түсінігін «дербес капитал» түсінігімен алмастырды [21]. Маршалл адамды капитал деп санаған жоқ, себебі

тірі адам емес, оның еңбегі сатылады. Оның айтуынша, «еңбек – орындалған жұмыстан алынатын қанағат емес, қандай да бір нәтижеге қол жеткізу мақсатында ішінара немесе тұтастай қолданылатын кез келген ақыл-ой және физикалық күш–жігер». А. Маршалл батыс және басқа елдердің ауыр физикалық және күнделікті еңбекпен айналысатын жұмысшылардың адами капиталын дамытуға жұмсалатын аз шығындармен адам капиталын өсіру мүмкін емес деп шындықты айтты. Ол «халықтың денсаулығы мен күшіне байланысты шартты жағдайларды – физикалық, психикалық, моральдық деп талдады және бұл Энгельстің «өнімділік элементтерінің классификациясына сәйкес келетінін атап өтті, яғни, «дене», «ақыл», «жан» [22].

Адами капитал теориясы мен қазіргі кездегі тұжырымдамасына орасан зор үлес қосушы, американық экономика және әлеуметтану профессоры Гэри Стэнли Беккер, Нобель сыйлығының лауреаты, «Адами капитал» кітабының авторы нарықтық емес мінез–құлық пен адамдардың өзара қарым–қатынасын микроэкономикалық талдау әдісімен зерттеді. Г. Беккердің еңбектері болашақ нәтижеге бағытталған рационалды адам мінез–құлқы болды, оған салынған инвестициялар шығындармен көрсетіледі. Г. Беккер адами капиталы теориясының микроэкономикалық негіздерін жасады [23]. Беккер жоғары білімнің экономикалық тиімділігін есептеу әдістемесін ұсынды. Беккер әдістемесі бойынша жоғары білім дегеніміз жоғары білімі бар қызметкерлер тобы мен жоғары білімі жоқ қызметкерлер тобының өмір бойғы табысы арасындағы айырмашылық болып табылады. Беккер адам капиталына инвестицияларды жалпы және ерекше болып бөлуді ұсынды. Жалпы инвестицияларға Беккер қызметкердің жұмыс істеуге қажетті жалпы дайындығына жатқызады (қызметкердің дербес компьютерлік білімінің болуы). Ал, ерекше инвестиция болып, нақты фирмада қолданылатын білім мен дағдылар. Ерекше инвестиция фирма үшін пайдалы, себебі персонал ешқайда кепіп қалмайды. Жалпы инвестиция ата-аналардың бала үшін салуына тиімді, себебі, жалпы бәсекелестікті көтереді. Г. Беккер бірінші болып жоғарғы білімнің практикалық, экономикалық тиімділігін статистикалық дұрыс есептеу жолын ұсынды. Оқу шығындарының құрамында негізгі элемент ретінде «жоғалған табыс», яғни студенттер жылдар бойы мүмкін болатын табысын олар оқу оқуға жұмсайды. XX ғасырдың соңына қарай «адами капитал» теориясы 1979 жылы Теодор В. Шульцке және 1992 жылы Гари Беккерге экономика бойынша Нобель сыйлығының берілуімен мойындалды.

Көп экономистер адами капиталды «адами капитал қызметкер жинақтаған кәсіби тәжірибенің жинақ қоры, адамның болашақ кірісін өсіретін құндылық» деп түсіндіреді.

Адами капиталдың қазіргі теориясында негізгі үш элементті бөліп көрсетуге болады:

- 1) адами капиталға сәйкес келетін кіріс мөлшері;
- 2) алынатын рентаға сәйкес келетін табиғи қабілет, дарын;
- 3) таза еңбек; барлық элементтер бірігіп, жалпы еңбек деген түсінік береді, ал алдыңғы екі элемент адами капиталды білдіреді [24].

Постсоветтік дәуірді қарастырсақ, В.И. Ленин еңбекшілердің денсаулығын сақтау мәселесін социалистік қоғамның экономикалық даму факторлары ретінде қарастырды. Сонымен, денсаулыққа коммунистік көзқарас мәселенің Лениндік тұжырымынан, яғни жұмысшылардың денсаулығын олардың жеке бас мәселесі емес, қоғамдық байлық ретінде қарастыру қажеттілігінен туындады [25].

1895-1896 жж. Социал-демократтық партияның бағдарламасында сегіз сағаттық жұмыс уақыты, 15 жасқа дейінгі бала еңбегін шектеу, мейрамда дем алу, оспаға қарсы егу, ана мен баланы қорғау, халықты дәрімен, маманданған көмекпен қамтамасыз ету сияқты маңызды декреттер болды. Кеңестік денсаулық сақтаудың профилактикалық бағыты «Жұмысшыларға арналған курорттар» атты ұранмен курорттық денсаулықты нығайту бағыты Кеңес үкіметі құлағанға дейін жемісті еңбек етті.

XX ғ. 30 ж. академик С.Г. Струмилин денсаулықтың экономикалық көрсеткіштерін есептеу әдісін құрастырды. Ол денсаулық сақтауға салынатын салымдардың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне қосатын үлесін анықтауға негізделген. Осылайша, С.Г. Струмилиннің есептеулеріне сәйкес, денсаулық сақтау саласына салынған салымның қайтарымы, оған жұмсалатын ағымдық шығындардың құнынан 2,5-3 есе артық. С.Г. Струмилин жүргізген зерттеулердің әдістері мен нәтижелері қазіргі уақытта практикалық маңызға ие [26].

1996 ж. бастап, экономиканың нарықтық трансформациясына байланысты ТМД ғалымдары адами капитал мәселелерімен терең айналыса бастады. Көп еңбектерде адами капитал үшін негізгі конструкция болып жалпы денсаулық капиталы болып табылады. Адам капиталдың құрамдас бөлігі ретінде денсаулық капиталының бірінші кезектегі рөлі танылады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, адами капитал материалдық емес, ерекше өндірістік фактор ретінде көрінеді, ол қосымша өнімді жасау процесінде, сондай-ақ, өндірістің кез-келген басқа материалдық факторлары сияқты физикалық және моральдық тозуға ұшырайды, бірақ оны белсенді пайдалану кезінде үнемі жаңартып отыру (өмір бойы білім алу), білім қорын сапалы түрде арттыру мүмкіндігі [27].

Аралас талдаулы сипаттағы жұмыстарға А.И. Добрынин, С.А. Дятлов, Е.Д. Цыренова жазған «Өтпелі экономикадағы адами капитал: қалыптастыру, бағалау, пайдалану тиімділігі» монографиясын жатқызуға болады [28].

Инвестициялардың басқа түрлеріне қарағанда адами капиталға инвестициялардың ерекшеліктерін талдай отырып, авторлар оларды шығындардың келесідей топтары бойынша жіктейді:

- 1) адамдардың өмір сүру ұзақтығына, күшіне, төзімділігіне әсер ететін барлық шығындарды қоса алғанда, кең мағынада денсаулық сақтау;
- 2) фирма ұйымдастырған жұмысшыларды өндірістен қол үзбей оқыту;
- 3) ресми білім беру (бастауыш, орта, жоғары);
- 4) жұмысқа орналастыру шарттарын өзгерту мақсатында адамдар мен отбасылардың көші-қоны;

5) экономикалық маңызды ақпаратты іздеу [29].

Монографияда адами капиталға салынған инвестициялардың барлық түрлерінің ішінде денсаулық пен білімге салынған инвестициялар ең қажетті және пайдалы деп аталды. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, адами капитал бізге ең маңызды фактор ретінде де, қоғамның әлеуметтік прогрестің басты даму жолы ретінде де көрінеді [30]. Жалпы алғанда, адами капитал, әлеуметтік-экономикалық контекстердің бірлігінде, атап айтқанда, адамның өнімді және басқа да қабілеттерін қалыптастыру, пайдалану және дамыту туралы, оның субъектілері арасындағы әлеуметтік өндірісте туындайтын әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырылуы керек [31].

Функционалды қағидат тұрғысынан қарағанда, адами капитал – бұл адамның білім, дағдылары, қабілеттер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар:

- дағды, білім, іскерліктің жинақталған қоры;
- қоғамдық өндірістің қандай да бір саласында адам мақсатқа сай пайдаланатын және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін дағдылардың, білімнің, қабілеттердің қоры;
- бұл қорды жоғары өнімді қызмет түрінде мақсатты пайдалану, әрине, табыс пен кірістің артуына әкеледі;
- табыстың артуы денсаулыққа, білімге қатысты инвестициялар арқылы мүдделі адамды ынталандырады және болашақта оны қайтадан қолдану үшін дағдылар мен білім қорын көбейтуге, жинақтауға итермелейді.

«Адами капитал» ұғымын түсіндіруде әртүрлі тәсілдерді зерттеу нәтижесі бойынша экономистердің ең маңызды ғылыми көзқарастарын жалпылап, сыни бағалай отырып, осы категорияның анықтамасы тұжырымдалды.

Яғни, жоғарыда сипатталған ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына келесі авторлық анықтама беруге болады:

Адами капитал – бұл адам туғаннан жинақтаған денсаулық, білім, дағдылары мен қабілет қоры және осы элементтердің ұтымды үйлесімі болашақта еңбек өнімділігі мен табыстың өсуін қамтамасыз ету үшін салынатын инвестиция нәтижесі.

Сонымен қатар, адам капиталының тиімді жұмыс істеуі, бір жағынан, адами капиталды қалыптастыру және ұдайы өндіріс, екінші жағынан, өмір сүрудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған адам (отбасы), бизнес, мемлекет тарапынан әлеуметтік инвестициялар салуды жүзеге асырған жағдайда ғана жүзеге асады.

Осы анықтама шеңберінде біз адами капиталдың тек үш негізгі компонентін бөліп көрсетеміз, бұл ретте біз адами капиталдың денсаулық қоры сияқты компонентіне баса назар аударамыз, ол, біздің ойымызша, жалпы адами капиталдың жұмыс істеуінің негізі мен шарты болып табылады [32].

Отандық экономистердің көзқарасы бойынша, Я.А. Аубакиров пен А.Б. Майдырова адамның өнімді қабілеттерін дамытуға баса назар аударады [33].

Онюшева И.В. осы көзқарасты ұстанады. Сонымен, оның пікірінше «адами капитал-аса маңызды, адамға тән, қазіргі заманғы өндірістік капиталдың құрамдас бөлігі білімнің, дамыған қабілеттердің бай қоры». Зияткерлік және шығармашылық әлеуетімен анықталатын бұдан басқа, адами капитал инвестициялардың қажеттілігінің сонылығын көрсетеді [34]. Атап айтқанда, адами капиталды дамыту тұжырымдамасын ұсынады, оның ішінде жұмыспен қамту деңгейін реттеу, адами капиталды дамыту құралы, қайта бағдарлау сияқты аспектілер бар әлеуметтік саясатты, адами капиталға басым инвестициялау, адами капиталды дамытудың негізгі факторлар ретінде білім беру, денсаулық сақтау жүйелерінің жұмыс істеу тетігін жетілдіру [35].

А.Н. Турекулова, Л.К. Мухамбетова және М.К. Жамкеева «адами капитал өзгеруде» деп есептейді, яғни, жеке фирмалардың тиімділігін анықтайтын фактор өзін генератор ретінде көрсетеді, яғни, ғылыми-техникалық прогресс, ұлттық экономиканың құрылымын өзгертеді [36].

Біздің ойымызша, перспективалы бәсекеге қабілетті адами капиталды тиімді қалыптастыру бағыты адами капиталды дамыту шеңберінде басқару және бәсекелестік артықшылықтарды арттыру мәселелерінің өзара байланысы болып табылады.

1.2 Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары

Адами капитал күрделі экономикалық категория ретінде сандық және сапалық көрсеткіштермен өлшенеді. Көптеген ғалымдар мен экономистер ғасырлар бойы өлшеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін ұсынып келеді. «Адам құндылығы, еңбек құны, тауар құны мен бағасы, еңбек күші, адами капиталдың құны, бағасы, жинақталған білім қорының құны, өмір құны» деген сияқты экономикалық заманауи түсініктерді енгізіп, оны өлшеп қана қоймай, табыс көзі ретінде қарауды үйретті [37]. Адами капиталға қатысты заманауи көзқарас бойынша, адами капиталды дамытуға салынған инвестиция көлемін ғана емес, одан қайтатын табыс көлемін де есепке алу қажет [38]. И. Фишер адами капиталды бағалауда сәл өзгеше көзқарас ұсынды, оның пікірінше, адами капиталды пайдалану арқылы кірістің кез-келген түрінен (жалақы, пайыз, рента) пайыз алуды білдіреді [39]. Адами капиталды бағалауда экономикалық-өндірістік шығындармен қатар жаңа түбегейлі құндылық өлшеуіштерді іздеу де маңызды Материалдық тауар, білім, денсаулық, отбасы, бос уақыт, қадір-қасиет, адами қатынастар, құқықтық институттар, ортаның саяси құндылығы т.б. өлшеуде субъективті бағалауды объективті өлшемге айналдыру қажет [40].

Отандық, шетелдік әдебиеттерде адами капиталды дербес сала бойынша бағалау мәселесі толық шешілмеген [41].

Бірақ, әлемдік экономикада адами капиталды бағалауда жалпыға ортақ әдістер бар:

- адами капиталмен өндірген кірістерді бағалау;
- адамның алған білім қорын, дағды-қабілеттерін сандық өлшеммен бағалау;

- арнайы дағдыларды (арнайы адами капитал) сандық өлшеммен бағалау;
- адами капиталға инвестиция салу бағыты бойынша – денсаулық капиталы, білім капиталы, мәдениет капиталы;
- микро- макро деңгейде адами капиталды бағалау;
- заттай және құндық көрсеткіштерді қамтитын адами капиталды интегралды бағалау;
- адами капиталды макроэкономикалық бағалау;
- салынған инвестиция көлеміне байланысты адами капиталды құнмен бағалау және кәсіпорынның балансында сомалық құнын шығару [42].

Жоғарыдағы көрсеткіштерге ұқсас индикаторды денсаулық сақтау саласының репродукциялық процесс шығындарын бақылау үшін пайдалануға болады. Бірақ, репродуктивті процесс жыл сайын салыстырмалы түрде қымбаттай береді. Ал, адами капитал көрсеткіштері статикалық болғандықтан мониторинг жүргізу қиындық туғызады. Себебі, бала тууда кез-келген ата-ана болашақта болатын шығындарды ойша болса да есептейді [43]. Егер шығатын шығындар болашақта пайдамен орны толатын болса, қоғам үшін әлеуметтік – экономикалық дамудың стратегиясын іске асыруда маңызды көрсеткіш болып табылады [44]. Ата-ананың репродуктивті мәселе шығындарын интуитивті шешуі тиімді емес. Себебі, болашақ адами капиталды және алдағы туу–өсіру шығындарын бағалау әдістемесінің болмауы белсенді демографиялық саясатқа (көп балалы отбасын құру бойынша) көшу сияқты стратегиялық маңызды шешімдерді мемлекет (әрбір отбасы) ауқымында қабылдауға және жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді [45]. Қазіргі жахандану жағдайында кез-келген мемлекеттің мақсаты – ЖІӨ мен ЖҰӨ-ді ғана емес, ұлтты (адамды) дамыту. Ал, ЖІӨ, ЖҰӨ сияқты экономикалық көрсеткіштер адами капиталды дамытуда көмекші құрал (Қосымша Ө). Себебі, әлеуметтік–гуманитарлық мемлекетте адами капитал, денсаулық капиталы экономиканы дамытудағы негізгі және шешуші көрсеткіш.

Денсаулық капиталы – адами капиталды құраушы, тірек. Оны сақтау–денсаулық сақтау саласының негізгі мақсаты. Мемлекеттік индикаторларды дамытуда, денсаулық капиталы денсаулық сақтау саласын сақтау мен ұйымдастыру, басқару, жетілдіруде қажетті алғышарттар жасау құралы болады [46].

Денсаулық сақтау және нығайту саласындағы ДДҰ төрт негізгі бағытты қамтиды:

- экономикалық тиімділікті арттыру;
- өлім санын азайту;
- тәуекелмен күресу;
- денсаулықты қоғамдық-экономикалық даму критерийі ретінде алдыңғы қатарға шығару [47].

Тиімділікті бағалау тәсілдері екі санатқа бөлінеді:

- 1) халықтың денсаулығы, денсаулыққа қатысты теңсіздікке, қолжетімділікке, әділ қаржыландыруға, халықтың медициналық қызмет

көрсету сапасына қанағаттануына, техникалық тиімділігіне, профилактикалық шаралар бағасына, саяси тұрақтылыққа байланысты мақсаттарды көрсетеді;

2) денсаулық сақтау мекемелері мен қызметтерінің қолжетімді көрсеткіштерін пайдалануды қарастырады [48].

1980 ж. Американдық Даму Кеңесі әлеуметтік–экономикалық дамудың әртүрлі аспектілерін қамтитын – «өмірдің физикалық сапасы» индексі анықтайтын интегралды көрсеткіш ұсынды [49]. Бұл көрсеткіш халықтың өмір сүру деңгейін, сапасын анықтайды. Бірақ, тек халықтың бай-қуаттылығы көрсеткіші жалпы мемлекеттің адами капиталының жағдайын көрсетпейді [50].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) дайындаған өмір сүру сапасын бағалауда кең тараған көрсеткіш ол – адами әлеуетінің даму индексі (АӘДИ).

АӘДИ – халықаралық ұйымдар мен отандық мамандар халықтың тұрмыс сапасын анықтауда кең тараған, қарапайым көрсеткіш.

Осы анықтама аясында адамның дамуы үш компоненттен тұрады:

1. Әл-ауқат: адамның нақты бостандықтарын адамдар мен жалпы қоғам еркін өркендеп, дами алатындай етіп кеңейту.

2. Құқықтар, мүмкіндіктер, әлеуметтік агенттіктер: адамдар мен топтардың әрекет ету және құнды нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі.

3. Әділеттілік: әлеуметтік әділеттілікті арттыру және адам құқықтарын құрметтеу, сонымен қатар уақыт өте келе алынған нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету [51].

Адами даму индексі (АДИ) денсаулық, білім, кіріс индекстерінің орташа геометриялық көрсеткішімен есептеледі:

$$HDI = \sqrt[3]{I_{life} \times I_{educ} \times I_{GNI}} \quad (1)$$

1. Денсаулық индексі (LEI) немесе өмір сүру ұзақтығы индексі:

$$LEI = \frac{LE-20}{75-20} \quad (2)$$

мұнда x – адамның туғаннан кейінгі өмір сүру ұзақтығы, 20-85 жас.

2. Білім деңгейі индексі (EI):

$$EI = MYSI + EYSI / 2; MYSI = MYS / 15; EYSI = EYS / 18 \quad (3)$$

мұнда EYSI – 0–18 жас ұзақтық индексі;

MYSI – 0–15 жасқа дейінгі оқудың орташа ұзақтығы.

3. Кіріс индексі (II) – жан басына шаққандағы ЖҰӨ сатып алу қабілетінің паритеті, ЖІӨ бойынша 75-ден 40 мың АҚШ долл. дейін.


$$II = \ln(GN \text{ Ipc}) - \ln(100) / \ln(40000) - (100) \quad (4)$$

мұнда GN Ірс – ЖҮӨ сатып алу қабілетінің паритеті бойынша есептелген.

Кесте 2 – Адами даму индексін есептеудегі индикаторлардың шекті көрсеткіштері

Өлшемдер (Dimension)	Денсаулық индексі	Білім индексі	Кіріс индексі
Индикаторлар (Indicator)	Күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жыл	Білім алу ұзақтығы, жас	Жан басына шаққан дағы ЖҚӨ (АҚШ долл.)
Максималды мән	85	18	40 000
Минималды мән	20	15	100
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [48]			

Жоғарыдағы 2-кесте көрсеткендей, адам минималды 15-18 жастан бастап өмір сүру ұзақтығы минималды 20 жасқа немесе максималды 85 жасқа дейін Жан басына шаққанда 100-40 000 АҚШ долл. есептегенде кіріс алатын болса- мемлекеттің Адами даму индексі үнемі даму үстінде болады (Қосымша Б). Қазақстан бойынша 1-суретте Адами дамудың индексі 2000-2021 жж. аралығында есептелген.



Сурет 1 – Қазақстанның 2000–2021 жж. аралығындағы адами даму индексі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [48]

Қазақстанның адами даму индексі БҰҰБ–ның есебі бойынша өзінің орнын сақтап қалды. Біздің мемлекет 189 елдің ішінде адами даму индексі өте жоғары елдер санатына кіреді. Қазіргі жаңа бағдарлама бойынша адамзат прогресінің эксперименттік индексі келтірілген, оны жасау кезінде көміртегі қос тотығының қалдықтарының көлемі және елдердің жиынтық ресурстық шығындары ескерілді. Бағдарламада қоршаған орта мен табиғи әлемге әсер ететін үлкен қысымды жеңілдету үшін қатаң шаралар қабылдау немесе адамзаттың ілгерілеуі тоқтап қалады деп әлемдік көшбасшылар қатаң ескерту жасауда [52].

3-кесте көрсеткендей, 1-66 орынға ейінгі елдер АДИ бойынша өте жоғары ел, 67-119 орынға дейін жоғары, 120-156 орынға дейін орташа, 157-189 орынға дейін адами даму индексі төмен елдер қатарына кіреді.

Кесте 3 – АДИ бойынша мемлекеттердің алатын орны

Алатын орны		Мемлекет	Адами даму индексі	
2021 ж. (баяндама – 2022 ж.)	Өткен кезеңмен айырмашылық		индекс 2021 (баяндама–2022)	Өткен кезеңмен айырмашылық, %
1	-	Швейцария	0.962	▲ 0.19
52	▼ (2)	Ресей	0.822	▼ 0,29
56	▲ (4)	Қазақстан	0.811	▼ 0,51
66	▲ (6)	Тайланд	0.800	▼ 0,75

Ескертулер:
1. ▼ – төмендеу
2. ▲ – өсу
3. Әдебиет негізінде құралған [48]

Ұлттық адами капиталдың даму индексі бағалау мемлекеттің экономикалық даму деңгейі мен басқа мемлекеттермен денсаулық деңгейі, білім, бақуаттылығы бойынша бәсекеге төтеп беру қабілетін көрсетеді [53].

Егер, АДИ=1 болса, онда орташа өмір сүру ұзақтығы 85 жыл (барлық мемлекеттер үшін тіркелген жоғарғы жас шегі), жан басына шаққандағы ЖІӨ 40 мың АҚШ долларына тең болатын мемлекет болады (барлық мемлекеттер үшін белгіленген жоғарғы кіріс шегі), сәйкесінше, азаматтардың барлығы – 100% сауатты. онымен қатар, тиісті жасқа жеткен барлық азаматтар бастауыш немесе орта мектепке барады, университетте немесе орта оқу орнында оқиды (барлық елдер үшін тұрақты көрсеткіш). БҰҰДБ мәліметтері бойынша, 2019 жылы Норвегия бұл көрсеткішке ең жақын болды, оның АДИ – 0,957 құрайды [54].

АДИ = 0 болса, орташа өмір сүру ұзақтығы 20 жыл (тіркелген төменгі жас шегі), жан басына шаққандағы ЖІӨ (сатып алу қабілетінің паритеті бойынша) 100 АҚШ долларына тең болатын мемлекет (барлық мемлекеттер үшін тіркелген төменгі деңгей), яғни, азаматтардың 100% сауатсыз, ешкім мектепке және басқа да оқу орындарына бармайды. Бүгінгі таңда бұл көрсеткішке ең жақын орналасқан – Нигерия, оның Ади – 0,394.

Хираи Тадаши өз еңбектерінде адами даму индексі, көрсеткіштері мемлекет үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады және макро деңгейде ұзақ мерзімге бағытталған стратегиялық жоспар жасауға зор мүмкіндік береді деген [55].


Амарти Сен және Марта Нуссбаум философтар еңбектеріне сүйенсек, бұндай әдістер шынымен адамға (адами капитал) бағытталған болуы керек деп жазған. Яғни, тек жоғарғы көрсеткіш қана емес, адам өзін толыққанды бақытты сезінуі қажет. Сезімді бақылау, талдау өте қиын шаруа. Себебі, тұжырым мен іс-тәжірибе арасында нақты байланыс жоқ. Ал, халықтың денсаулық деңгейін

сандық өлшемде анықтау қажет. ДДҰ қабылдаған Тұжырымдамаға сәйкес денсаулық көрсеткіштерінің жүйесі жалпыланған түрде төменде 4-кестеде берілген [56].

Кесте 4 – Халықтың денсаулық капиталын бағалаудағы негізгі көрсеткіштер

Алғашқы көрсеткіштер	Есептеу көрсеткіштері	Денсаулықтың әлеуметтік–экономикалық аспектілерін сипаттайтын интегралдық көрсеткіштер
Өлім (жиілік, жасы)	Жекелеген жастағы алдағы өмір сүру ұзақтығы	Нақты себептерден мезгілсіз өлім салдарынан ықтимал өмірдің жоғалған жылдары
Еңбекке қабілеттілігін қысқа–уақытша және ұзақ жоғалту мен сырқаттанушылық	Мүгедектіксіз өмір сүру ұзақтығы	Ауру мен мүгедектік есебінен белсенді өмірден айырылған жылдар
Функционалдық жағдайды және бейімделу резервтерін бағалау	Халықты дене бітімі, психикалық және әлеуметтік салауаттылық өлшемдері бойынша бөлу	Сапасы бойынша түзетілген өмір сүру ұзақтығы

«Әлеуетті өмірдің жоғалған жылдары» көрсеткіші (ағылшын әдебиетінде Potential Years of Life Lost, PYLL) [57]. Бұл көрсеткіш 2-суретте мерзімінен бұрын қайтыс болу салдарынан жоғалған өмір жылдарын анықтауға және оның мемлекет бойынша экономикалық көрсеткіштерге әсерін бағалауға, мезгілсіз өлімнің ЖІӨ-ге жанама әсерін білуге болады.



Сурет 2 – Ықтимал өмірдің жоғалған жылдарын есептеу көрсеткіштері

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [57]

Бұл әдістің кемшілігі – өмірдің ықтимал шегінен асатын жастағы, яғни 75 жастан асқаннан кейінгі аурудың мемлекетке салатын ауыртпалығын ескермейді, себебі, қоғам жасы ұлғайған адам денсаулығын сақтауға айтарлықтай қаржы ресурстарын жұмсайды. Сондықтан, «Әлеуетті өмірдің жоғалған жылдары» экономикалық тиімділік көрсеткіші ретінде мемлекеттің денсаулық сақтау саласын дамытудың басымдықтарын анықтау үшін жиі қолданылады. Жалпы ұлттың денсаулыққа байланысты өмір сапасын анықтауда P, R, S, H төрт сипаттамасына негізделген жіктеу жүйесін

пайдаланған Torrance (1986) жұмысы ерекшеленеді [58]. Адам денсаулығының жай-күйін белгілі бір уақытта жіктеу үшін, денсаулық жағдайының әр сипаттамасы бірнеше деңгейге бөлінеді. Осылайша, жағдай төрт деңгейдің көмегімен анықталады. Мысалы, дені сау адамға P1, R1, S1, H1 деңгейлері сәйкес келеді; физикалық кемістігі бар адам үшін P3, R2, S1, H1 жағдайы болады. Әр деңгейдің мәні дербес коэффициентіне байланысты – мультипликативті пайдалылық факторлары (МПФ) 5-кестеде көрсетілген. МПФ-дені сау ересектер арасында іріктеме бойынша пайдалылықты өлшеу негізінде алынды.

Кесте 5 – Адамның денсаулық жағдайын жіктеу жүйесі

Деңгей мәні	КОД	Денсаулық сипаты	Мультипликативті пайдалылық факторлары
P	PN	Физикалық жағдайы: ұтқырлық және физикалық белсенділік.	mP
1–6	P1-P6	Үйде, аулада, қоршаған ортада, аймақта көмексіз жүре алады; тұруға, жүруге, секіруге, иілуге физикалық мүмкіндіктің шектеулері жоқ. Үйді, ауланы, айналаны немесе осы елді мекенді аралау кезінде бөгде адамның көмегіне мұқтаж; қолы мен аяғын пайдалануға немесе басқаруға жағдайы жоқ.	1,00–0,52
R	RN	Күнделікті өмір: өзіне-өзі қызмет көрсету және басқа да нысандар.	mR
1–5	R1-R5	Бөгде адамның көмегінсіз тамақ ішуге, киінуге, ванна қабылдауға, дәретхананы пайдалануға қабілетті; ойындарға қатысуға, мектепке баруға, өндірістік қызметке, басқа да іс-әрекеттерге қандай да бір шектеулердің болмауы. Тамақтану, киіну, ванна қабылдау, дәретханаға бару кезінде көмек қажет; ойнауға, мектепке баруға немесе жұмыс істеуге қабілетсіз.	1,00–0,50
S	SN	Әлеуметтік-эмоционалды функциялар: эмоционалды әл-ауқат және әлеуметтік белсенділік.	mS
1-4	S1-S4	Әрқашан немесе көп бөлігінде бақытты және босаңсыған; орташа достары мен олармен байланысы бар – мазасыз немесе уақыттың көп бөлігі депрессияға ұшырайды; достарымен байланысы аз	1,00–0,77
H	HN	Денсаулық мәселелері бар	mH
1-8	H1-H8	Денсаулыққа қатысты проблемалар жоқ	1,00–0,74
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [59]			

Денсаулық сақтау саласы қолда бар ресурстармен халықтың денсаулығы үшін жақсы жағдай жасай алады. Бірақ, ұсынылатын бағдарлама мен атқарылатын жұмыстар жеке адам үшін қолжетімді немесе тиімді емес [59, с. 3-300].

Денсаулық – қоғамның экономикалық ресурсы және еңбек әлеуеті өндірісінің басты шарты.

Медициналық тиімділік – бұл алдын алу, диагностикалау, емдеу, оңалту саласындағы медициналық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі.

ДДСҰ медициналық тиімділікті медициналық қызмет көрсетудің оңтайлығымен, үнемділігімен және ғылыми–техникалық деңгейі бар сапа аспектілерінің бірі ретінде қарастырады [60].

Медициналық тиімділік көптеген нақты көрсеткіштермен өлшенеді:

- емделген науқастардың үлес салмағы;
- аурудың созылмалы түрге айналу жағдайларының азаюы;
- халықтың сырқаттану деңгейін төмендету;
- «денсаулық индексі».

Шығындарды анықтау және оларды ақшалай талдау медициналық бағалаудың барлық түрлеріне сәйкес келеді [61].

Адами капитал – тауар өндіру мен елдің экономикалық дамуының ең маңызды ресурсы. Экономикалық өсу факторларын зерттеу кезінде ресурстардың ұлғаюына байланысты экстенсивті өсу факторлары, сонымен қатар, өндіріс ауқымын кеңейту және ресурстар тиімділігін арттыру арқылы ауқымды өсу драйверлері қарастырылады. Дүниежүзілік банк пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының ақпараттары бойынша бүгінде жер шарындағы жинақталған байлық жалпы байлықтың 16%-ын, табиғи байлық – 20%, адами капитал – 64%-ды құрайды. Ұлттық байлықта адами капитал дамыған елдерде 70%-дан 80%-ға дейінгі үлесін қамтиды. Капитал, еңбек және технологиялық прогресс сияқты өндірістің негізгі факторларының экономикалық өсімге әсерін зерттеу үшін көбінесе Солоу моделі қолданылады. Онда өнім (8) формула бойынша өндірістік функциямен сипатталады:

$$Y=F(K,L,E) \quad (8)$$

мұнда Y – шығарылатын өнімдер немесе ұсынылатын қызметтердің көлемі, ЖІӨ;

K – капитал немесе өндірістік активтер;

L – нағыз қол еңбегі;

E – бір жұмысшының еңбек өнімділігі [62].

E – айнаымалысы қоғамда жинақталған «білім» деңгейін немесе оның әсерінен бір жұмысшының еңбек тиімділігі немесе адами капиталдың сапасын жоғарылататын ғылыми-техникалық үдерістің еңбекті үнемдейтін түрін (бұдан әрі - ГТП) көрсетеді. Қоғамдық байлықты құру процесінде адамның білімге негізделген экономикадағы рөлі айтарлықтай артады, өйткені қабілет пен кәсібилік барған сайын бағаланады. Яғни, бұл модельде K және L өндірістің экстенсивті факторлар ретінде әрекет етеді, ал адами капиталдың сапасы интенсивті фактор болып табылады. Ең жиі қолданылатыны тізімделген

қасиеттері бар мультипликативті өндірістік функция Кобб-Дуглас (9) формуласы бойынша:

$$Y = A \cdot K^{\alpha} \cdot L^{\beta} \quad (9)$$

мұнда A – бейтарап ғылыми-техникалық үдерістің коэффициенті;

α , β – негізгі капитал бойынша шығарылымның серпінділік және тиісінше еңбек коэффициенті.

Денсаулық сақтаудағы адами капиталдың тиімділігін экономикалық талдаудың басты міндеті моделді таңдау және оның сапасын бағалау критерийлерін анықтау болып табылады. Экономикалық талдау тұрғысынан бұл тиімділік максималды пайда алу үшін кәсіби қызметті орындауда шектеулі еңбек ресурстарын пайдаланудың оңтайлы әдісін таңдау ретінде қарастырылатынын білдіреді.

Экономикадағы тиімділік – нәтиженің капиталға және еңбекке бөлінген шығындарға немесе жұмсалған ресурстарға қатынасын білдіреді.

Медициналық араласулардың тиімділігін экономикалық бағалаудың әдістері мен критерийлері шығындар мен нәтижелердің сандық мәндерін алуға болады. Дегенмен, денсаулық сақтаудағы нәтижелердің экономикалық тиімділігін бағалаудың күрделілігі олардың көбінесе материалдық нысаны жоқ және субъективті болып табылатын әртүрлі сапалық көрсеткіштерді пайдалана отырып анықталуында. Сонымен қатар, олар әрқашан алынған пайданың салыстырмалы экономикалық түсіндірмесін бере бермейді және оларды белгілі бір шкала арқылы сандық өлшемдерге аудару керек. Сондықтан көптеген ұсынылған әдістерге қарамастан, бүгінгі күнге дейін бұл мәселеге әдістемелік көзқарастардың бірлігіне әлі қол жеткізілмеді. Бұл тәсілдердің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар, бірақ олардың мәні халыққа медициналық көмек көрсетуде және ұлт денсаулығын сақтауда еңбек ресурстарын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін оңтайлы кадрлық саясатты анықтауында жатыр.

Денсаулық сақтаудағы адами капиталдың тиімділігін бағалау мәселелерін шешу үшін әртүрлі әдістерді қолдану ұсынылады:

– адами капиталға кететін ағымдағы инвестициялардың шығынын бағалау тәсілі;

– адами ресурстарды пайдаланудан түскен табысты капиталдандыру.

Экономикалық бағалаудың альтернативті әдістерін анықтау кезінде жұмсалған шығындар мен алынған нәтижелер бойынша салыстырмалы талдау жүргізу қажет.

Қазіргі уақытта халықаралық деңгейде медицинада экономикалық нәтижелерді бағалаудың бес негізгі түрі кеңінен таралған:

- «аурудың құны» талдауы (COI – cost of analysis);
- «шығындар – тиімділік» талдауы (CEA – cost-effectiveness analysis);
- «шығындарды азайту» талдауы (CMA – cost minimization analysis);
- «шығындар – пайдалылық» талдауы (CUA – cost-utility analysis);

– «шығын – пайда» талдауы (CBA – cost-benefit analysis).

Ақшалай шығындардың анықтамасы бағалаудың барлық түрлері үшін бірдей, бірақ бағалау нәтижелері әртүрлі. Әдістердің әрқайсысын толығырақ қарастырып көрейік.

Аурудың құны, COI – бұл барлық медициналық және медициналық емес, тікелей және жанама шығындарды ескере отырып, науқасты емдеудің жалпы (толық) құнын есептейтін экономикалық талдаудың бір түрі. Азық-түлік, дәрі-дәрмек және керек-жарақ құнына байланысты өзгермелі шығындар көрсетілген медициналық көмектің көлеміне пропорционалды түрде өзгереді. Бұл әдіс міндетті медициналық сақтандыру және ақылы қызметтер аясындағы медициналық көмектің тарифтерін есептеу кезінде пайдалы болып табылады. Бірақ, бұл медициналық көмектің сапасын басқаруға және оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермейді және бұл көбірек нарықтық сипатқа ие болады.

Шығындар – тиімділік, CEA – бұл әртүрлі емдеу нұсқаларының шығындары мен пайдасын салыстыратын экономикалық талдаудың бір түрі болып саналады. Мұндай талдау ауруларды емдеу және олардың алдын алу бағдарламаларын халықтың өмір сүру жасының ұзақтығын арттыру, аурушандықты азайту, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру және т.б. әсері тұрғысынан салыстыруды көздейді. Бұл әдіс аймақтық және жергілікті бюджеттерді дайындау кезінде шығындарды жоспарлаудан нәтижелерді жоспарлауды жүзеге асырады. Шығындардың тиімділігін талдау қорытынды және аралық зерттеулер үшін де пайдаланылады.

Шығындарды азайту, CMA – емдеу нұсқаларының құнын бірдей нәтижелермен салыстыратын экономикалық талдау түрі болып табылады. Бұл жағдайда белгілі бір емдеу әдісіне тікелей және жанама шығындарды ескеру керек. Бірақ, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, халықтың салауатты өмір сүруіндегі денсаулық сақтау шығындарын үнемдеу кезінде мемлекет бала өлімі, туу деңгейінің төмендігі және түсік тастау, мүгедектік және ауруға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық салдарынан және т.б. адамның өмір сүру жасы тұрғысында үлкен шығынға ұшырайды. Еңбек ресурстарының әлеуетінің төмендігі түптеп келгенде экономикалық тоқырауға, сонымен қатар ЖІӨ-нің төмендеуіне әкеледі. Еңбек әлеуетін жоғалтудан пайда болатын экономикалық зиян адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтай отырып өндірілуі мүмкін тауарлар мен қызметтердің өзіндік құнын есептеуге негізделген. Қарапайым қаржылық үнемдеу әрқашан қажетті нәтижеге әкелмейді, сондықтан инновациялар мен жаңа технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру үшін интенсивті факторларды пайдалану ең жақсы жол болып табылады.

Шығындар – пайдалылық, CUA – бұл экономикалық тиімділікті талдаудың ерекше жағдайы, бұнда тек соңғы нәтижелер қарастырылады. Бұл ретте нәтижелерді өлшеу қиын болатын «пайдалылық» бірліктерімен бағалайды. Көбінесе бұл мақсат үшін QALY қолданылады.

Шығын – пайда, CBA пациенттерді емдеудің баламалы әдісімен салыстырғанда әртүрлі бағдарламаларды немесе технологияларды жүзеге

асырудың нәтижесі немесе пайдасы ақшалай түрде көрсетілуі мүмкін жағдайларда қолданылады. Экономикалық талдаудың қарастырылған әдістері аналитикалық детерминирленген үлгілерді қолдануға негізделген. Тәжірибеде шығындар мен пайданы толық талдау үшін осы әдістердің комбинациясын пайдалануға болатынын атап өткен жөн.

6-кестеде қазіргі уақытта қолданылатын классикалық математикалық модельдер мен экономикалық тиімділікті бағалау критерийлері көрсетілген.

Кесте 6 – Экономикалық тиімділікті бағалаудың детерминирленген математикалық модельдері

Талдау түрлері	Есептеу формулалары	Көрсеткіштер
«Аурудың құны»	$COI = DC + IC;$ $Тариф = \sum_{i=1}^n CO I_i / n$	COI – аурудың құнының көрсеткіші; DC – тікелей шығындар; IC – жанама шығындар; n – науқастар саны
«Шығындарды азайту»	$CMA = (DC_1 + IC_1) - (DC_2 + IC_2)$	CMA – шығынның айырмашылығы; DC ₁ , IC ₁ – бірінші нұсқа бойынша тікелей және жанама шығындар; DC ₂ , IC ₂ – екінші нұсқа үшін де солай
«Шығындар– тиімділік»	$CEA = \frac{(DC_1 + IC_1) - (DC_2 + IC_2)}{Ef_1 - Ef_2}$	CEA – тиісінше шығындар немесе тиімділік бірлігіне қосымша шығындар; Ef ₁ , Ef ₂ – 1-ші және 2-ші емдеу технологияларын қолдану кезіндегі емдеудің әсері;
«Шығындар– пайдалылық»	$CUA = \frac{(DC_1 + IC_1) - (DC_2 + IC_2)}{U_{t_1} - U_{t_2}}$	CUA – шығындардың көрсеткіші немесе коммуналдық қызметтің (таңдаулы) бірлігіне шығындардың ұлғаюы; Ut ₁ , Ut ₂ – 1-ші және 2-ші емдеу нұсқаларында пайдалылығы; QALY
«Шығын– пайда»	1-4 жолдар әдістер комбинациясы дербес әдістеме әзірленбеген	-
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [62, p. 312-319]		

Денсаулық сақтаудағы адами капиталға инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесі

Инвестициялардың табыстылығын бағалау үшін көптеген әртүрлі тәсілдер мен әдістер қолданылады. Олардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Төмендегі Д. Киркпатрик моделінің артықшылығы оның оқу бағдарламаларының да, бағдарламаны түзетуді басқару үдерісінің тиімділігін бағалау үшін де, сонымен қатар, жалпы оқыту функциясының іскерлік құндылығын көрсету үшін де пайдаланылады [63]. Бұл модельдің кемшілігі оқу іс-шараларын (1, 2-деңгейлер) жобалаудың нақты жағдайлары үшін оқыту нәтижелерінің HR метрикасын әзірлеу қажеттігі болып

табылады, бұл оның жұмыс орнындағы тиімділігін арттыру үшін керекті қызметкерлердің мінез-құлқының маңызды сценарийлерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

7-кестеде көрсетілген адами капиталға инвестициялардың тиімділігін бағалау үлгілерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап көрейік.

Кесте 7 – Адами капиталға инвестицияның тиімділігін бағалау үлгілері

Моделдер	Есептеу формулалары	Көрсеткіштер
Д. Киркпатриктің оқыту тиімділігінің 4 деңгейлі моделі	1 - тыңдаушылардың реакциясын бағалау; 2 - білім деңгейін бағалау; 3 - жұмыс орнындағы мінез-құлқын бағалау; 4 - бизнес нәтижелеріне әсер етуді бағалау	Бағалау шкаласы, оқу нәтижелерінің көрсеткіштері HR
Дж. Филипс ұсынған ROI моделі	$HCROI = \frac{R - C}{C}$	HCROI – адами капиталға инвестицияның қайтарымы; R (Revenue) – компанияның кірісі; C – жоба құны
Я. Фитц-энцтің адами капиталға салынған инвестицияның қайтарымы әдісі	$HCVA = \frac{R - (E - HCCF)}{FTE}$ $HCROI = \frac{R - (E - HCCF)}{HCCF}$	HCVA – адами капиталдың қосылған құны; R – тиісінше шығындар немесе тиімділік бірлігіне қосымша шығындар; E (Expenses) – жалпы шығындар; FTE (Full-Time Equivalent) - толық жұмыс жүктемесінің баламасы; HCCF – адам капиталының толық шығындары;
Лев пен Шварц модельдері	$E(V_c) = TP_c (t + 1)$ $\sum_i = I_i * (1 + r)^{t-c}$	$E(V_c)$ - адами капиталдың құны; P_c - қарт адамның қайтыс болу ықтималдығы t ; I_i - адамның зейнеткерлікке шыққанға дейінгі болашақ жылдық табысын бағалау; r – адамға арналған есептік мөлшерлеме; t - зейнеткерлік жас
Флэмхольц пен Морсениң біріктірілген моделі	NCF_{HC} есебі	NCF_{HC} - адами капиталдан түсетін таза ақша айналымы (ағыл. net cash flow)
HCVA адами капиталының қосылған құны	$HCVA = R - (E - HCCF)$	Еңбек шығындарын есепке алмағандағы кіріс пен жалпы шығындар арасындағы айырмашылықтың қатынасы
VAIC қосымша құнының зияткерлік капиталының әсерін бағалау	$VAIC = HCE + SCE + CEE$	CEE - зияткерлік капиталдың тиімділігі; HCE - адами капиталдың тиімділігі; SCE – құрылымдық капиталдың тиімділігі; VAIC – қосылған құнның зияткерлік коэффициенті
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [64-66]		

HR мамандары ұсынып отырғандай, барлық деңгейлерді өлшеу әрқашан қажет емес, кейбір жағдайларда үшіншіге деңгейге жету жеткілікті (бірақ бұдан кем болмау керек). Бесінші деңгейде Киркпатрик моделін тағы бір америкалық – Дж. Филлипс толықтырды, ол оқытуға жұмсалған шығындар мен оқытуға инвестицияның қайтарымы деңгейін (ROI) бір-бірімен салыстырады. Осы деңгейде оқытудың тиімділігін бағалау бизнестің негізгі «Оқытуға ақша жұмсауға тұрарлықтай болды ма?» деген сұрағына жауап алуға болады.

Бүгінгі күні жетекші компаниялардың HR бөлімдері американдық Дж. Филлипс ұсынған HCROI (Human Capital Return of Investment) әдісін жиі қолданады. HCROI инвестицияланған қаражат бірлігіне қосылған құнды, яғни белгілі бір оқиғаға инвестицияланған әрбір ақша бірлігі қанша пайда әкелетінін көрсетеді. HCROI есептеуінің негізінде сонымен қатар инвестицияланған қаражаттың қайтарылу мерзімі POR (Period of Return) анықталады, ол (10) формула төмендегідей:

$$POR = \frac{t}{HCROI} \times 100 \% \quad (10)$$

мұнда t - бағалау кезеңі.

Бұл модельдің басты артықшылығы келесіде, бұл ROI және POR көрсеткіштері компания басшылығына адами капиталға инвестиция салу қажеттілігін көрсетеді, өйткені, олардың тиімділігі туралы есептік (ақшалай және уақытша) түсінік беріледі. Бірақ, Дж.Филлипс әдісінің бірқатар кемшіліктері де бар, олардың арасында әртүрлі авторлар әдісті енгізудің күрделілігін, еңбек сыйымдылығының мөлшерінің және шығындардың көптігін атайды.

Сондай-ақ келесідей кезеңдерден тұратын қызметкерлерді дамытуға инвестициялардың тиімділігін бағалаудың нақты алгоритмі әзірленді:

1. Қызметкерді дамытуға инвестицияларды бағалауды жоспарлау.
2. Қызметкерді дамыту іс-шарасы кезінде және одан кейінгі деректерді жинау, өңдеу.
3. Инвестициялық шараның қызметкерді оқытуға әсерін анықтау.
4. Алынған мәліметтерді ақшалай эквивалентке түрлендіру, әдетте, өнімділікті, адам ресурстарының сапасын, уақыт шығындарын сипаттайтын көрсеткіштер түрлендіріледі.
5. Оқудың барлық жиынтық шығындарының есебі: оқу бағдарламасын әзірлеу, үлестірмелі материалдар, жаттықтырушы қызметіне ақы төлеу, үй-жайды жалға алу, қызметкерлердің жалақысы, әкімшілік шығындарға және т.б.
6. ROI «инвестициялардың кірістілігі» көрсеткішінің мәнін есептеу.

ROI және POR критерийлерінің бірден-бір кемшілігі олардың дисконтталмаған көрсеткіштері болып табылады, сондықтан, олар әдетте адами капиталға қысқа мерзімді инвестициялардың тиімділігін бағалау үшін қолданылады, мысалы, қызметкерлерді оқытудың тиімділігі.

Физикалық капиталды құру жобасына инвестициялау туралы объективті шешім тиімділіктің барлық негізгі критерийлерін ескере отырып қабылданатыны сияқты, адами капиталға салынған инвестицияның тиімділігіне қатысты критерийлер жүйесін қолданған дұрыс. Алдымен инвестициялау шарттарын зерделеу және осы нақты жағдайда ең қолайлы негізгі инвестициялық критерийді анықтап алу керек. Бұл мәселеде адами капиталдың құнын бағалаудағы сияқты әдісті таңдау бағалаудың мақсаттарына, қажетті ақпараттың болуына, оны жинаудың күрделілігіне және т.б. байланысты болып табылады. Осылайша, тиімділікті бағалау процедурасының өзі де тиімді, яғни бұл жағдай үшін жеткілікті және үнемді болуы қажет. Негізгі қиындық адами капиталға нақты инвестициялардан алынған нәтижелерді компания қызметінің жалпы өсуінен бөлу керек болған кезде туындайды. Қызметкерге салынған инвестицияның әсері нақты қаржылық көрсеткіштерде немесе адами капиталдың құнын көрсететін сандарда бірден көрінбейді. Сонымен қатар, инвестициялық әсердің «қаржылық емес» түрлері бар, олардың мөлшерін анықтау өте қиын болып табылады.

Адами капиталды басқару мәселелерінің жетекші америкалық зерттеуші, доктор Я. Фитц-энц еңбектерінде адами капиталдың компания жұмысына әсер ету көрсеткіштерінің тұтас жүйесі берілген, ол табыс пен қосылған құнның ең қарапайым индекстерінен бастап, қызметкерге салынған инвестицияның өтелу коэффициентіне дейінгі жүйе. Барлық коэффициенттерді нақтырақ есептеу үшін Я. Фитц-энц «толық күндік эквивалент» (FTE, Full-Time Equivalent) мәнін, яғни әрбір қызметкердің жұмыс уақытын ескере отырып, тұрақты және уақытша жұмысшылардың санын пайдалануды ұсынады. Содан соң ғана компанияның адами капиталының табыстылық нормасы (HCRI, Human Capital Revenue Index) жалпы табыстың толық жұмысбастылық баламасына қатынасымен анықталады.

Я. Фитц-энц сонымен қатар қызметкер бірлігіне компанияның адами капиталының қосылған құнын есептеуді ұсынады.

Лев және Шварцтың адам ресурстарын есепке алу құнын HRA (Human Reliability Assessment) немесе HRCA (Human Resource Costing and Accounting) адам ресурстарын есепке алу үлгілерін қарастырайық. Лев және Шварц моделі адам табысының капиталдануын есептеуге бағытталған. Ол қызметкердің қызмет ету мерзімі ішінде болашақ табысын бағалайды және капитал құнына тең мөлшерлеме бойынша болжанған табысты дисконттау арқылы адами капиталдың ағымдағы құнын есептейді. Дегенмен, Лев пен Шварц қызметкер компанияда қайтыс болғанға дейін немесе зейнетке шыққанға дейін жұмыс істейді деп есептейді. Үлгіде жоғарылау, басқа лауазымға ауысу немесе ұйымнан қайтыс болу немесе зейнеткерлікке шығудан басқа себептермен кету мүмкіндіктері ескерілмейді.

Қызметкердің жеке құндылығын өлшеудің Флэмхольц әдісі ықтимал мансаптық өсуді ескере отырып, болашақта ұйымға көрсететін қызметтердің ағымдағы құнын есептеуге негізделген. Жеке құндылық екі құрамдас бөліктен тұрады: күтілетін жеке құндылық (жеке тұлғаның өнімділігі мен ілгерілеу

мүмкіндігін көрсететін әлеуетті қызметтердің жиынтығы) және күтілетін жеке құндылық функциясы ретінде күтілетін іске асыру құны және тұлғаның ұйымда өмір бойы өнімді әрекет етіп, сол қызметте қалу ықтималдығы. Алайда, қызметкерді жұмыстан шығару ықтималдығы әртүрлі факторлардың көптеп

кездесуіне байланысты, олардың көпшілігін есептеуге ғана емес, тіпті болжауға да болмайды.

Морсенің «таза сыйақы моделі» қызметкердің жұмысынан болашақ таза пайда ағынының ағымдағы құнын есептеуді ұсынады. Кезеңдегі таза пайда кәсіпорынның қызметкердің еңбегінен алатын табысының қызметкерге салынған инвестициядан (жалдау, жалақы, басқа төлемдер) артылуы ретінде анықталады [67].

Қызметкердің құнын қаржылық бағалау нұсқаларының бірі ретінде Флэмхолц үлгілері мен Морсенің таза пайдасы комбинациясына негізделген модель дайындалды. Ол ұйымдағы қызметкерлердің қызмет жасаған кездегі таза пайда ағынының дисконтталған құнын есептеуді және үш құрамдас бөлікті қамтиды - қызметкерлерге бастапқы инвестиция, қызметкерлердің жұмысынан алынған дисконтталған пайда ағыны және жұмыстан босатуға немесе жұмыстан шығаруға байланысты шығындар немесе (11) формула бойынша қызметкерді ауыстыру:

$$NCF_{\text{ҮС}} = -I_0 + \frac{\sum_{i,j}^{n} (\text{Output}_{i,j} - \text{Input}_{i,j})(HC) \times p_{i,j}}{k} - \frac{\sum_{i,j}^{n} (A_j - D_j)}{k} \quad (11)$$

мұнда NCF_{HC} – адами капиталдан түсетін таза ақша ағыны (ағыл. net cash flow);

I_0 – жұмысқа қабылдау және кәсіби қызметке алдын ала дайындық кезінде адами капиталға бастапқы инвестиция;

$\text{Output}_{\text{HC}}$ – ұйымның қызметкерден түсетін кірісі немесе табысы;

Input_{HC} – i -ші жұмыскердің j -ші жылдағы адами капиталға ағымдағы шығыстар, оған еңбекақыдан басқа басқа да төлемдер (зейнетақыға, медициналық және әлеуметтік сақтандыруға, оқуға, емделуге, демалысқа, сыйақылар және т.б. аударымдар) кіреді;

$p_{i,j}$ – i -ші қызметкердің j -ші жылы жұмыс істеу ықтималдығы;

A_j – қызметкерді жұмыстан шығарумен байланысты баламалы құны;

D_j – қызметкерді жұмыстан босату немесе ауыстыру кезінде еңбек өнімділігін жоғалту.

k – кезеңдегі ақшалай құндылықтарды формула бойынша базалық кезеңнің бағаларына айырбастау коэффициенттері (12):

$$k_{n-t} = \prod_{t=1}^n i_{p(n+1)-t} \quad (12)$$


мұнда $i_{p(n+1)-t}$ – кезеңдегі баға индексі t ;

$t=1,2,\dots,n$.

Ұсынылған модель қызметкерлердің тиімді жұмысына байланысты пайда немесе шығын түріндегі кәсіпорынның қаржылық нәтижесін анықтайды. Дегенмен, модельдің айқын кемшілігі алғашқы деректерді жинаудың қиындығы болып табылады, әсіресе j -ші жылдағы i -ші қызметкердің ықтималдығын, сондай-ақ оның ұйымда жұмыс істеу мерзімін болжау тұрғысынан қиындықтар туғызады.

1.3 Адами капиталдың тиімділігін арттырудың шетелдік тәжірибесі

Қазіргі жахандану жағдайында әлемдік экономикада адами капиталды дамыту мәселесі көптеген дамыған, дамушы елдер үшін әлеуметтік-экономикалық дамудағы алғышарт болып отыр. Сонымен қатар, еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігінің негізгі өсу факторлары болып табылады. Мемлекеттің экономикасының қарқынды өсуі мен оңтайлы қалыптасуы адами капитал және оны дамуына тікелей тәуелді. Қазақстанның денсаулық сақтау саласы тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу жылдарында көптеген реформалар мен өзгерістерге ұшыраған экономика салаларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта адамдардың білімін, дағдыларын, құзыреттерін, тәжірибесін қалыптастыру мен пайдалануды дұрыс жолға қоя білген елдер ғана көшбасшы мемлекет бола алады. Еңбек өтілінде қалыптастырылған адами капиталды тиімді пайдалауға мүмкіндігі бар индивидуумдар экономикадағы қосылған құнның негізгі құраушылары болып табылады. Заманауи ұйымдар жаңа идея, тауар, қызмет ұсына алатын «милы» қызметкерлерді жалдауға әуес [68]. Экономикасы қарқынды дамыған және адами капиталының деңгейі өте жоғары елдер, мысалы Норвегия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Гонконг (Қытай), Финляндия, Ирландия, Швеция, Германия 2021 жылы адами капитал индексінің деңгейі жоғары рейтингтің алғашқы ондығына кірді. Бұл елдер әлемдік адами капиталды дамытуда көп үлес қосуда және техникалық–зияткерлік, нанотехнологиялық дамуы халқының өмір сүру сапасын арттыруда артықшылық береді. Яғни, өмір сапасы мен адами капитал арасында тығыз байланыс бар екенін төмендегі 3-суреттен көруге болады.



Сурет 3 – Өмір сапасы мен адами капитал арасында байланыс

Ескерту – Автор жасаған

Әлемдік даму аренасында Норвегия адами даму капиталы бойынша көп уақыт бойы жетекші орында келе жатыр. Ол 2001 жылдан бастап халықаралық зерттеу кестесінің алғашқы бестігінде. 2008 жылы ғана Исландияға жол берді. Оның Адами даму капиталы - 0,954. Норвегия халықтың әл-ауқаты мен әлеуетін тиісті деңгейден түсірмейді. Яғни, елде бай, кедей деген экономикалық бөлініс жоқ. Бәрі бірдей әлеуметтік- экономикалық орташа тапқа жатады. Салық төлегеннен кейінгі жан басына шаққандағы табыстың орташа деңгейі жылына 33 мың АҚШ долларын құрайды, ал орташа дүниежүзілік көрсеткіш - 40 мың доллар. Норвегия жаһандағы ең ірі және Батыс Еуропадағы ең ірі көмірсутектерді өндіруші және экспорттаушы ел болып табылады және халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мұнай, газ өндіру, мұнай өңдеу өнеркәсібінен түсетін пайда көлеміне пропорционалды өсіп отырады. Еуропа және қазір кез-келген мемлекеттің басты мәселесі болып отырған жұмыссыздық пен инфляция ең төменгі дәрежеде. Сонымен бірге ең қымбат елдердің бірі болып саналады. Норвегияның басты халық жер асты байлығы-мұнай. Бұл табиғи ресурстан түсетін кірісті әлеуметтік бағдарламалар мен халықтың әл-ауқат қорына жұмсайды. Сонымен қатар, елде туған әр сәби үшін банктік шот ашылып, 3 мың доллар салынады. Мұнай кірістерінен әрбір норвегиялық азамат шотына белгіленген көлемі түсіп отырады. Норвегия экономикасының негізін экспорттық шикі мұнай мен табиғи газ - 46%, балық өнеркәсібі - 4,3%, машина, жабдық-құрал, кеме бизнесі - 2,1, түсті металдар-3% құрайды. Норвегияда ауыл шаруашылығы оңтайлы жолға қойылған және отбасылық фермалар мемлекеттің ауыл шаруашылық өнімдеріне деген қажеттілікті толық қамтамасыз етеді. Ет, сүт өнімдері шет елден емес, өз отандық өнімдері көзінен толық өтеледі. Көкөністер мен жемістер артылып, Батыс Еуропа елдеріне экспортқа шығады. Норвегиядағы тағы бір ерекшелік, азаматтар тек өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді немесе отбасылық фермамен айналысады. Адами капитал жақсы денсаулыққа тікелей байланысты десек, Норвегияның климаттық жағдай мен табиғи өнімдік рацион ұзақ өмір сүруге жақсы мүмкіндік. Экологиялық таза аймақ және ауыз су мен тамақ зиянсыз. Ал, мемлекеттегі азаматтардың «бақыттылық» шкаласы 10/7 баллды құрайды [69]. Норвегия азаматының ресми жұмысы бар болса, онда медициналық салық төлейді. Және ұлттық сақтандыру мүшелігі көптеген жеңілдіктер мен тегін медициналық көмекті тұрақты алуды кепілдейді. Қолайлы орта, дұрыс тамақтану моционы, бақыт сезімі деңгейінің жоғарылығы, өмір сүру ұзақтығы әйелдерде 84,1, ер адамдарда - 80 жасты көрсетеді. Норвегияда білім алу тегін. Бірақ, осы елде бір оқушыны оқытуға әлем бойынша ең көп шығын жұмсалады. Мектепке 7 жастан бастап барады, негізгі

орта білім – 9 жыл. 16-19 жасқа дейін ерікті түрде оқуды жалғастыруға болады. Ата-анасынан бөлек, өз бетінше өмір сүргісі келетін жасөспірімдерге мемлекет білім алу кезінде тұрғын үй мен тамақтануға арнайы үкіметтік несие алуға рұқсат береді. Норвегияда байлық деген қымбат үй, көлік, бренд киім емес, бала саны – байлықтың белгісі. Ең кемінде үш баласы бар жанұя бақытты, ауқатты деп саналады. Норвегия сонымен қатар, бала табу, ана болу үшін ең қолайлы мемлекет болып отыр.

Сингапурдың экономикалық жетістігі «ақылды адамдардың» тығыз агломерациясы арқылы инновацияларды жасау және мемлекеттің адами капиталды дамытуда тиімді менеджментті қолдануы. Сингапур адами капиталды дамытуда білімге көп көңіл бөліп, орасан зор көлемде инвестиция салды. 1960 ж. Аралда халықтың білімі үш жылдық қана болды (ежіктеп оқып, саусақпен санаған), ал 20-25 жылдан соң математикадан халықаралық олимпиадалардан жүлделі орындар ала бастады. Адамды дамыта отырып, мемлекет арнайы, жеңілдетілген саяси бағдарламалар арқылы шет елден «милы» кадрларды тарта бастады. Мемлекетті тоқыраудан шығару және қайта жаңғырту аясында «Ақылды қала» стратегиясын қалыптастырып, адами капиталға басты назар аударуды шешті. Мемлекеттік бюджеттен білім беру саласының шығындарына 2,8%-тен 5,2%-ке дейін арттырды; бастауыш мектепте білім беру жүйесін жаңартты; техникалық колледждер мен жоғарғы оқу орындарына гранттарды көбейтті; Ұлттық технология институтын ашты; осы мақсаттарда жұмыс атқаратын қызметкерлердің жалақысын көтерді. Осылай, инновациялық технологияларды дамытуда жоғарғы білікті мамандар мәселесін 5-7 жылда оңтайлы шешті. Сингапурда адами капиталды дамыту саясатына байланысты инвестициялар негізінен техникалық білім мен нанотехнология, IT мамандықтарға салынады. Ал, гуманитарлық бағыт «қалдық қағидаты» бойынша, соның ішінде шет тілдер мамандығына бөлінеді. Қазіргі таңда Сингапур үкіметі жоғары техника – технологиялық мамандықтардың шығынын 90% грант бөлу арқылы мойнына алып отыр. Әлем мойындаған жеті ғимараттан тұратын зертханалық кешен шет елдерден түрлі техникалық мамандарды тартады. Бұдан басқа, халықтың табысы төмен азаматтардың дербес компьютерлік білімін көтеру үшін және онлайн-қызметтерді алуды үйрету мақсатында «Digital» білім беру бағдарламасын іске асырды [70]. Осындай мемлекеттік нақты қадамдардың арқасында, 7-10 жыл аясында халықтың компьютерлік сауаттылығы 45% құрады. Бұл қазір әлемдегі ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі.

Жапонияда адами капитал деңгейі шешуші экономикалық салаларда жоғарғы деңгейде. Денсаулық пен білім мемлекеттің перспективті бағдары. Жапонияда табиғи ресурстар өте шектеулі, сондықтан адами капиталды дамытып, салауатты өмір сүру салтын ұстану арқылы денсаулықты нығайту елдің дамуының негізгі факторлары болып табылады. Үкімет үйі денсаулық сақтау саласы мен әлеуметтік қамсыздандыруды жоғарғы деңгейде бюджеттен қаржыландырады [71]. Бәрімізге белгілі, Жапонияда жұмысқа өмір бойы жалдау жүйесі бар. Яғни, жұмысты адамға бейімдеп, қолайлы жағдай жасап,

сырттан кадр іздемей өз жұмысшыларының біліктілігін үнемі көтеріп отырады. Жұмыс адамға бейімделу керек – бұл Жапония елінің адами капиталды дамытудағы басты қағидаты. Жапонияда жұмысшы жұмыспен өмір бойы кепілдендірілген. Жұмысшының жалақысының 30 пайызы компанияның пайдасына байланысты, яғни, бонустық жүйе бар. Сондықтан, жұмысшы өзін-өзі дамытуға құлшынысы күшті және жоғарғы жалақы ала отырып, фирмаға да тиімді экономикалық активті элемент болып табылады. 1,5-2 жылда Жапония кез-келген ұйымда кадрларды ротация жасайды яғни, әр қызметкер функциясы ауысқанда жан-жақты дамиды және кәсіби біліктілігі жоғарылайды деген ұстаным бар [72].

Германия әлемдік экономикада өз орны бар мемлекет. Мемлекет білім беру, әл-ауқат, ұлт денсаулығы, ғылыми-техникалық жетістіктері, экономикалық саясат, әлемдік шаруашылық байланыстарда – адами капиталдың жоғары деңгейін көрсетеді. Германияда білім саласына әскери-қорғаныс саласынан 2 есе көп бюджеттен ақша аударылады. Ал, адами капиталды дамыту бағдарламаларына әскери шығындардан 15-20 есе көп шығын жұмсалады.

Америка Құрама Штаттары нанотехнология, ғылым, технология саласы бойынша әлем мойындаған ең мықты мамандарға ие. Бұл артықшылықтар АҚШ-та тиімді венчурлық бизнес құруға тиімді болды. Ата-аналар балаларының білім алу ақысын жанұялық шығын емес, болашаққа салынып жатқан инвестиция деп қарайды. Өз білімін өзі жетілдіру, үнемі іздену, аналитикалық ойлау, оңтайлы шешім қабылдау нұсқаларын қарастыру арқылы индивидуум өзінің адами капиталын көтереді. SAT, IELTS, TOEFL, GMAT сияқты емтихандар ізденіс арқылы, үнемі адами капитал мен потенциалды дамытып отыруға итермелейді [73].

Оңтүстік Кореяда адами капиталдың негізі болып – ұлттық мәдениет пен жоғарғы білім деңгейі болып табылады. Мемлекеттік саясат білім мен ғылымның дамуы өндірісті дамыту мен экономикалық даму көзі екенін біліп, нақты қадамдармен алғышарттар жасады. Мемлекеттік оқу орындары салық төлеуден толық босатылған. Және мемлекеттік емес мекемелер білім беруге бағытталған саласы бойынша салықтан босатылған. Ғылымды дамыту жеке инвестициялар мен ірі корпорациялардың қайырымдылық есебінен қаржыландырылады. Оңтүстік Корея таяу жылдары ғылымды дамытудың жоғары деңгейі бар ең жоғары технологиялық елдердің бестігіне кіреді.

Қытай Халық Республикасы адами капиталды дамытуда орасан зор қаржы мен мемлекеттік күш жұмсауда. Адами ресурстарды тиімді қалыптастыру, білім беру сапасын арттыру, білім беруге, жана мектептер салуға бюджет шығындарын жылдан жылға көбейтіп отыр. Сонымен қатар, «Made in China - 2025» және «Интернет плюс» сияқты мемлекеттік бағдарламалар адами капиталды дамытуды басты бағдар ретінде ұстанып отыр [74]. Жылдам өсуші халыққа салынатын инвестиция көлемін ұлғайту, өнеркәсіпті жаңғырту, smart-технология, инновациялық өндіріс, елді интернетпен толық жабдықтау, машина жасау, digital және индустриализация

саласына инвестиция салу арқылы, отандық өнімді әлемдік «Created in China» брендына айналдыру басты мақсат болып отыр. Адами капиталды дамытуға кеткен шығындар мемлекеттің қайтарымызсыз шығындарына жатады. Қытай мемлекеті математикаға қабілетті, күшті оқушыларымен әлемге әйгілі. Дүние жүзінен мыңдаған студенттер Қытайда білім алуға құштар. Шет елде оқитын Қытай студенттерінің басым бөлігі отанына оралады. 1965-2015 жылдары халықтың өмір сүру деңгейі 45-75 жасқа өсті. Бұл көрсеткіштердің өсуі денсаулық сақтау мен білім беру саласына салынған инвестиция мен саясат негізінде болып отыр. Денсаулық сақтау саласында «Қытай медицинасы» әлемдік бренд болып табылады. Табиғи шөп, өнімдерді пайдалана отырып, адамның өз ресурстарын ояту-денсаулық кепілі деп ойлайды. Сонымен қатар, ауырып ем іздемей, алдын – ала емделіп, профилактикаға зор мән береді. Жаттығу, күтіну, биологиялық белсенді заттар қабылдау мемлекеттің денсаулық сақтаудағы бірегей саясаты. Қытайда сауатты білім беру саясаты қолданыста. Қытай тәжірибесі көрсеткендей, шет елде оқитын, оқып жатқан біздің қандас студенттер Отанымызға оралып, адами капитал әлеуетін дамытуға үлес қосу керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропалық Одақ адами капиталды дамытуда орасан зор жұмыс атқаруда. Бұл халықаралық ұйымдардың адами капиталды дамытудағы ерекшелігі болып, денсаулық сақтау мен білім беру, кедейлікті азайту, еңбек орындарын қамтамасыз ететін іс-шараларды жоспарлау және іске асыру, кәсіпкерлердің әлеуметтік шығындарын көбейту, жұмыс берушілермен оқу орындарының тығыз байланысы. Сонымен қатар, Дүниежүзілік банк 2020 жылы «Адами капиталды дамыту жобасын» ұсынды. Бұл жоба әлеуметтік әділеттілікті нығайту және экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында адамдарға тиімді инвестиция салуға жәрдемдесуге арналған жаһандық бағдарлама. Дүниежүзілік банк «Адами капиталды дамыту жобасын» – әлемдік әділеттілік пен экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін адамдарға инвестицияларды салуды жеделдету жөніндегі жаһандық бастаманы әзірледі. Адами капиталды дамыту, қорғау, инвестиция салу- 2020-2023 жылға дейінгі қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Тамақтану сапасын жақсарту, медициналық көмек көрсету, сапалы білім беру, жұмыс орындарын құру және кәсіби дағдыларды үйрету арқылы адамдарға инвестиция салу адами капиталды дамытуға болады және бұл әлеуметтік заманауи қоғам құрудың негізгі шарты болып табылады [75].

Шет елдік адами капиталды дамыту тұжырымдамасы мен мемлекеттік саясатты талдай отырып, ерекшеліктерін байқауға болады: Шет ел тәжірибесін саралай келе, жалпы экономикалық тиімді адами капиталды дамытумен терең, жүйелі айналысу қажеттілігін дәлелдейді. Қазіргі уақытта ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін арттыруда нақты жай-күйі мен даму перспективасын бағалай отырып, бірқатар мемлекеттік, салалық бағдарламалар қабылданған. Атаулы бағдарламалар саладағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін арттыру, жеке адами капиталды дамытуға ықпал жасайды. Ұлттық экономиканы 2050 ж. стратегиялық

дамытушы күш- экономикалық тиімді адами капитал. Яғни, адами капиталдың кәсіби деңгейін дамыту көзі - білім беру мен денсаулық сақтау жүйесі.

ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін арттыруда:

- цифрлық және зияткерлік технологиялардың әлеуетін ұтымды пайдалану;
- денсаулық, білімге кеткен шығындарды инвестиция деп қарастыру;
- мемлекеттен денсаулық, білім саласына бюджеттен ақша бөлуді жыл сайын көбейту.

Бірінші бөлімнің қорытындысы

Бөлім зерттеуін саралай келе, келесі тұжырымдарды жасауға болады: дамыған мемлекеттер тарапынан және әлемдік экономикалық ілімдер мектебі аясында «адами капитал» түсінігіне тарихи-сыни талдау жасалды.

Шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына келесі авторлық анықтама берілді: *«Адами капитал – бұл адам туғаннан жинақтаған денсаулық, білім, дағдылары мен қабілет қоры және осы элементтердің ұтымды үйлесімі болашақта еңбек өнімділігі мен табыстың өсуін қамтамасыз ету үшін салынатын инвестиция нәтижесі».*

Шет елдік, отандық, қазіргі заман талабына сай зерттеулерді тұжырымдай келе «Адами даму индексі» адамның өмір сүру сапасының экономикалық бірден бір нақты көрсеткіші екені анықталды, сонымен қатар халықтың денсаулық капиталын бағалаудағы негізгі көрсеткіштері келтірілді.

Адами капиталдың күрделі экономикалық категория ретіндегі сандық және сапалық көрсеткіштері зерттелді.

Денсаулық сақтау және нығайту саласындағы ДДҰ төрт негізгі бағытты қарастылып, адамның денсаулық жағдайын жіктеу жүйесі құрылды.

Қазіргі уақытта халықаралық деңгейде медицинада экономикалық нәтижелерді бағалаудың бес негізгі түрі сипатталды:

- «арудың құны» талдауы (COI – cost of analysis);
- «шығындар – тиімділік» талдауы (CEA – cost-effectiveness analysis);
- «шығындарды азайту» талдауы (CMA – cost minimization analysis);
- «шығындар – пайдалылық» талдауы (CUA – cost-utility analysis);
- «шығын – пайда» талдауы (CBA – cost-benefit analysis).

Экономикалық тиімділікті бағалаудың детерминирленген математикалық модельдері келтірілді.

Денсаулық сақтаудағы адами капиталға инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесі жасалды.

Шет елдік тәжірибе зерделеніп, адами капиталды дамытуда экономикалық тиімділікті жоғарылатып, өзінің өміршеңдігін көрсеткен келесі іс-шаралар сараланды:

- цифрлық және зияткерлік технологиялардың әлеуетін ұтымды пайдалану;


- денсаулық, білімге кеткен шығындарды инвестиция деп қарастыру;
- мемлекеттен денсаулық, білім саласына бюджеттен ақша бөлуді жыл сайын көбейту;
- адами капиталды дамытуға байланысты мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар ұсыну.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдау

Адами капитал әлем бойынша халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын анықтайтын денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігінің ең маңызды факторы болып табылады. Денсаулық сақтаудағы жұмыс күшінің жаһандық стратегиясы денсаулықты әмбебап қамту тұжырымдамасы әлем елдері мен аймақтарында әртүрлі мағынаға, түсінікке ие болуы мүмкін екенін мойындайды. Бірақ, сонымен қатар барлық азаматтардың осы қызметтерді алу құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін қажетті құзыретке ие болып білікті еңбек ресурстары болып табылады [76].

Кәсіби біліммен, дағдымен және ынтамен анықталатын медициналық кадрлардың дамуының жоғары деңгейі қоғамның барлық мүшелерін тиімді әмбебап денсаулықпен қамтуға, салауатты өмір салты мен әл-ауқатына қол жеткізуге бағытталған. Осылайша, бұл тұтастай алғанда елдің тұрақты әлеуметтік- экономикалық дамуын қамтиды. Екінші жағынан, бұл тұжырымдама екі жақты сипатқа ие, өйткені, мемлекет пен қоғам денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың өсуін ынталандыру жүйесін құруы, денсаулық сақтау саласындағы қауіпсіздік пен қорғауды жақсарту бойынша тиімді алдын алу шараларын әзірлеуі қажет. Сонымен қатар, медициналық қызметкердің құқықтары мен қолайлы еңбек жағдайларын жасауы керек [77]. Осы мәселені шешу ғана қызметкерлердің 4-суретте көрсетілгендей сапалы медициналық көмек көрсетуіне ықпал етеді.



Сурет 4 – Денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша мемлекеттік саясат пен адами капитал сапасының байланысы

Ескерту – Автор құрастырған

Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстары

Жұмыс авторы саланы адами ресурстармен қамтамасыз ету, медицина ғылымы мен инновацияның даму деңгейі, сондай-ақ медициналық білім беру жүйесіндегі кадрларды даярлау тұрғысынан Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділік тұрғысынан дамуын талдап, бағалаған. Қазақстандағы денсаулық сақтау кадрларының қазіргі жағдайын талдау денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық және орта медициналық қызметкерлермен жоғары кадрлық қамтамасыз етілуіне қарамастан, басқа сипаттағы проблемалардың әлі де бар екенін көрсетеді. Олар аймақтар, қалалар мен ауылдық елді мекендер шоғырындағы диспропорция ретінде, сондай-ақ мамандықтар құрылымындағы және кадрлар даярлау саясатындағы теңгерімсіздік ретінде көрінеді.

Медициналық кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткіші

Қазақстанда 2011-2021 жылдар аралығында медициналық кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткіші өзгеріп, 2020 жылы 40,5 (2012 жылы 38,7) құрады. Бұл ретте бұл көрсеткіш ЭЫДҰ және ТМД елдерінің қамтамасыз ету көрсеткіштерінен асып түседі (тиісінше 32,0 және 36,5). МСАК ұйымдарындағы нормативтерге сәйкес бекітілген штат бірлігінің саны Қазақстан Республикасының халқын алғашқы медициналық көмекпен толықтай қамтамасыз етеді [78].

2020 жылы медициналық қызметкерлер санының күрт төмендеуі COVID-19 әсерімен түсіндіріледі. Коронавирус пандемиясының таралуы нәтижесінде Қазақстан экономикасының қаржылық және экономикалық проблемаларға тап болды [79]. Алайда, медициналық қызметкерлердің қарапайым сандық қолжетімділігі, кадрлардың біркелкі таралуы және халықтың медициналық қызметтерге жалпыға бірдей қолжетімділігі қамтамасыз етілмесе, бұл көрсеткіштер жеткіліксіз болып табылады. Медициналық қызметкердің географиялық теңгерімсіздігі олардың қалаларда шоғырлануымен (83%) және ауылдық жерлерде (17%) болмауымен байланысты. Шалғайдағы және ауылдық елді мекендердегі білікті медицина қызметкерлерінің санының жеткіліксіздігі халықтың көп бөлігінің медициналық қызметтерге қол жеткізуіне кедергі келтіреді, өйткені онда ел тұрғындарының 40%-ға жуығы тұрады [80].

Сонымен қатар әлемдік соны экономикалық интеграция жағдайында тиімді кадрларға деген сұраныс пен қажетті мамандарды даярлау жүйесін оңтайландыру, сонымен қатар нақты кадрларды қайта оқытуға және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету керек [81]. Соңғы онжылдықта Қазақстанда жалпы медицина кадрларымен қамтамасыз ету шамамен 90-94 пайызды құраса да, белгілі бір мамандықтар бойынша тапшылық бар. Халықты базалық мамандықтағы дәрігерлермен қамтамасыз ету 10000 адамға шаққанда шамамен 14, қалада 20-ға жуық, ауылда 4,6-ға жуық. Бірақ, кардиологтармен қамтамасыз ету тек – 0,9, эндокринологтар – 0,5, хирургтар – 1,8, травматолог-ортопедтер – 0,6 т.б. 10 жыл ішінде кадр тапшылығының ұлғаюы Нұр-Сұлтан қаласында – 1,9 есе (Республикалық ұйымдарды қосқанда 465-тен тапшылық 886 бірлікке дейін), Батыс Қазақстан облысында 7 есе (дефицит 8-ден 60-қа дейін) және

Қостанай өңірінде (дефицит позициясы 329-дан 407-ге дейін) орын алды. Маңғыстау, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында тапшылықтың төмендеуі айтарлықтай байқалады. Сонымен қатар, дәрігерлерді аймақтар бойынша бөлуде айтарлықтай теңгерімсіздік бар. Мысалы, 2019 және 2020 жылдары 10000 халыққа шаққандағы медициналық кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткіші Алматы облысында сәйкесінше 24,5 және 25,1, Нұр-Сұлтан қаласында 75,9 және 76,4 құрайды [82].

Медициналық қызметкерлердің салалық айырмашылығы

Сондай-ақ, ДДҰ ұсынымдарына сәйкес жеке және мемлекеттік секторлардағы медицина қызметкерлерінің арақатынасын анықтау арқылы бағалауға болатын медициналық жұмыс күшіндегі салалық айырмашылықты атап өтуге болады. 2021 жылы денсаулық сақтау жүйесіндегі барлық дәрігерлердің 75,9 пайызы мемлекеттік медициналық ұйымдарда, 21,1 пайызы жеке ұйымдарда және 3 пайызы басқа бөлімшелерде жұмыс істеді. 2013 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше 80,8, 16, 2,9% құрады. Осылайша, жеке медициналық ұйымдарда медицина қызметкерлерінің айтарлықтай үлесі бар екенін көруге болады. 8-кестеде 2012-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы дәрігерлер мен медбикелердің салалық айырмашылығы көрсетілген.

Кесте 8 – Қазақстан Республикасындағы дәрігерлер мен медбикелер арасындағы салалық айырмашылық 2012-2021 жж.

Көрсеткіштер	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Мемлекеттік медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін дәрігерлердің үлесі, %	82,4	80,8	79,9	80,5	79,4	76,0	78,6	76,1	77,2	75,9
Жеке медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін дәрігерлердің үлесі, %	15,3	16,2	17,0	16,5	17,6	21,0	18,4	20,9	19,8	21,1
Мемлекеттік медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін медбике қызметкерлерінің үлесі, %	90,6	90,9	90,7	90,7	90,5	88,8	89,5	87,8	86,7	85,8
Жеке медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін медбикелердің үлесі, %	8,9	9,1	9,3	9,3	9,5	11,2	10,5	12,2	13,3	14,2
Дәрігерлік салалық айырмашылық коэффициенті, %	0,19	0,20	0,21	0,20	0,22	0,28	0,23	0,28	0,26	0,28
Медбикелер үшін салалық айырмашылық коэффициенті, %	0,1	0,10	0,10	0,10	0,11	0,13	0,12	0,14	0,15	0,17
Ескерту – Автор жасаған										


8-кестенің талдауы көрсеткендей, дәрігерлердің орташа көрсеткіші орташа медициналық қызметкерден екі есе және сәйкесінше 0,24 және 0,12 құрады. Соңғы он жылда дәрігерлер мен медбикелер арасында жекеменшік медициналық ұйымдардағы медицина қызметкерлерінің үлес салмағының артуы байқалады. Медициналық кадрлардың жеке құрылымдарға кетуіне мемлекеттік медициналық ұйымдардағы жүктеменің жоғарылығы, жеке сектормен салыстырғанда жалақының айтарлықтай төмендігі себеп болып отыр [83].

Денсаулық сақтаудағы кәсіпкерлік адами капитал

Дәрігерлердің мемлекеттік сектордан жеке секторға ауысуын біржақты жағымсыз фактор деп санауға болмайды, өйткені дәл жеке секторда халыққа медициналық қызмет көрсетудің баламалы нұсқасы ұсынылады. Бұл өз кезегінде медицина қызметкерлерінің науқастармен жұмыс істеу кезіндегі жауапкершілігін арттырады. Денсаулық сақтау саласындағы шағын және орта бизнес медициналық қызметкерлердің лайықты өмір сүруі мен еркін дамуы көбінесе олардың кәсіби қызметке қосқан жеке үлесімен анықталатын жағдай жасау үдерісінде үлкен рөл атқарады [84].

Денсаулық сақтаудағы шағын және орта кәсіпкерлік бәсекелестік орта құру арқылы жергілікті нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандырады, еңбек нарығындағы жағдайға оң әсер етеді, халықты жұмыспен қамтуды арттырады. Денсаулық сақтаудағы адами капиталдың басты міндеті мен мақсаты – медицина қызметкерінің кәсібилігін тарту және дамыту, сондай-ақ оның жасырын әлеуетін ашу [85]. Жеке медициналық ұйымдарға негізделген денсаулық сақтау секторындағы кәсіпкерлік адами капитал анағұрлым мобильді және бизнес идеяларды қолдау және ілгерілету, зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру үшін инфрақұрылымды дамытады [86].

Сондай-ақ жеке сектордағы адами капитал сапасының өсуінің маңызды факторлары денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы бәсеке факторлары болып табылады, өйткені, олардың табысы мен пайдасы тікелей басшылықтың және барлық қызметкерлердің имидждік саясатына байланысты. Бұл ретте заманауи диагностикалық және емдеу әдістерін меңгеру, инновациялық медициналық құрал-жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру үшін әртүрлі біліктілікті арттыру курстары мен тағылымдамалар өткізіледі. Сонымен қатар, халықтың жеке секторда жұмыс істейтін дәрігерлерге деген сенімі артып отыр, сондықтан денсаулық сақтау қызметтеріне тұтынушылық тұтынудың жан басына шаққандағы шығындары да соңғы онжылдықтағы өсу динамикасын көрсетеді. Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне нақты тұтынушылық шығыстары мен 2011-2021 жылдардағы сәйкесінше $r_1 = 0,83$ және $r_2 = 0,84$ корреляциялық коэффициенттермен дәрігерлер мен медбикелердің салалық айырмашылық коэффициенттері арасында 5-суретте көрсетілгендей тығыз оң байланыс бар.



Сурет 5 – 2011-2021 жж. орташа жан басына шаққандағы денсаулық сақтау қызметіне нақты тұтынушы шығындары және дәрігерлер мен медбикелердің салалық айырмашылық коэффициенттері

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [86, б. 4-25]

Мамандықтар контекстінде медициналық кадрларды құрылымдық қамтамасыз ету

Соңғы 10 жылдықта Қазақстанда жалпы дәрігерлер санының құрылымы айтарлықтай өзгермеді, дегенмен кейбір облыстар мен ауылдық жерлерде белгілі бір мамандықтар бойынша дәрігерлердің жетіспеушілігі байқалады. 2011 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде бұл жағдай тұрақты түрде және мамандардың барлық дерлік профилінде сақталды. Covid-19 індеті медициналық университеттер мен колледждерде жұқпалы аурулар мамандары мен лаборанттарды даярлауда жіберілген кемшіліктерді анықтады. Бұл тәжірибе денсаулық сақтау саласындағы әзірленген мемлекеттік бағдарламалар мен Ұлттық жобаларда ескерілді. 2021 жылғы 12 қазандағы №725 «Әр азаматқа сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау», «Салауатты ұлт» ұлттық жобасында жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалаудың заманауи үлгісіне көшу және халықтың заманауи және жоғары медициналық көмекке қолжетімділігін кеңейту сияқты маңызды міндеттер қойылған. Сонымен қатар, «Дені сау ұлт» Стратегиясы профилактикалық медицина аурулардың алдын алудың негізгі құралына айналуы қажеттілігін тікелей көрсетеді [87].


Басқа мамандықтар аясында анестезиологтар, акушер-гинекологтар, лаборанттар жетіспейді, олар өңірлер бойынша біркелкі бөлінбейді, бұл кейбір өңірлерде мамандардың артық болуына, ал басқа өңірлерде тапшылыққа алып келеді. Қалада да, ауылда да білікті акушер-гинекологтардың жетіспеушілігі 9-кестеде көрсетілгендей нәрестелер мен ана өлімінің динамикасына тікелей әсер етеді.

Кесте 9 – Акушер-гинекологтар саны және нәресте мен ана өлімі арасындағы байланыс

Көрсеткіш	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
10000 тұрғынға шаққандағы акушер-гинеколог	2,9	2,9	2,9	2,8	2,7	2,8	2,7	2,7	2,8	2,8	2,8
Қала халқы	4,3	4,3	4,4	4,2	4,1	4,2	4,0	3,9	4,0	3,90	4,0
Ауыл халқы	1,1	1,1	1,0	1,0	0,9	0,9	0,9	1,0	1,0	1,0	1,0
1000 тірі туғандарға шаққанда нәресте өлімі	14,9	13,5	11,3	9,8	9,4	8,6	7,9	8,0	8,4	7,8	8,5
Қала халқы	14,1	130,6	11,4	10,0	9,6	8,5	7,5	7,9	8,6	8,8	8,9
Ауыл халқы	14,0	13,4	11,2	9,5	9,1	8,8	8,6	8,2	8,0	8,1	8,1
1000 тірі туғандарға шаққандағы ана өлімі	17,4	13,5	12,6	15,7	15,8	15,4	14,8	13,9	13,7	36,5	44,7

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [86, б. 4-35]

Төмендегі 6-суретте көрсетілгендей, 0,79 корреляциялық коэффициенті бар акушер-гинеколог білікті мамандарының жетіспеушілігі мен нәресте өлімі көрсеткіштері арасында тікелей корреляциялық байланыс көрсетті.



Сурет 6– Қазақстандағы 2011-2021 жылдардағы акушер-гинекологтардың саны және нәресте мен ана өлім деңгейі


Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [42, б. 81-84]

Қазақстанда халық арасында қатерлі ісік ауруы бойынша алаңдатарлық жағдай қалыптасып отыр, өйткені бұл көрсеткіш 2021 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 50%-дан астамға өсті. Бұл ретте халықтың 10 000 адамға шаққандағы онкологтар саны іс жүзінде бұрынғы деңгейде қалып отыр, ал радиология мамандарының саны бар болғаны 27%-ға өскенін 10-кестеден көруге болады.

Кесте 10 – 2012-2021 ж. қатерлі ісіктердің пайда болу көрсеткіштері және онкологтар мен рентгенологтар саны, 10 000 халыққа шаққандағы үлесі

Көрсеткіштер	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Онколог дәрігерлер	0,4	0,4	0,4	0,5	0,5	0,6	0,6	0,5	0,5	0,50
Рентгенологтар	1,4	1,5	1,6	1,7	1,7	1,9	1,8	1,8	1,8	1,90
Қатерлі ісіктердің жиілігі	1557	1517	1518	1657	1688	1873	2129	2252	2333	2288
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [86, б. 4-35]										

Онкологтар мен рентгенологтардың саны мен 7-суретте көрсетілгендей, сәйкесінше $r_1 = 0,58$ және $r_2 = 0,78$ корреляциялық коэффициенттері бар қатерлі ісіктердің жиілігі арасында тікелей байланыс бар.



----- онкологиялық дәрігерлер, халықтың 10 000 адамына (оң ось); ----- дәрігерлер сәулелік диагностика, халықтың 10 000 адамына (оң ось); ----- қатерлі ісіктермен сырқаттанушылық, халықтың 10 000 адамға шаққанда (сол жақ ось)

Сурет 7 – 2010-2022 жж. онкологтар мен рентгенолог дәрігерлердің саны және қатерлі ісік ауруы

Ескерту – Бастапқы деректер негізінде автор жасаған

Салалық еңбек нарығындағы гендерлік сегрегация.

Әйелдер мен ерлердің кәсіби шеңберде бөлінуін білдіретін гендерлік сегрегация денсаулық сақтау саласында айқын көрінеді. Қазақстандағы медицина қызметкерлері арасындағы әйелдердің үлесі көптеген жылдар бойы дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлері арасындағы ерлердің үлесіне қарағанда басым болып келеді. 2012-2021 жылдары барлық мамандықтағы

дәрігерлер арасында әйелдердің үлесі 74-76% құрады. Жұмыс істейтін дәрігер-әйелдердің жүктемесінің жоғары болуы жалпы саланың дамуына және мамандардың өзіне кері әсерін тигізуде. Оның басты себебі – әйелдердің көбіне ана мен әйел функцияларын орындауына байланысты өзін-өзі тәрбиелеуге және ғылымға уақыт пен күш-жігердің жетіспеушілігі.

Жағымды жағы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласындағы ерлер мен әйелдердің жалақысы арасында 10 пайыздан аспайтын айырмашылық бар. Сонымен бірге, 11-кестедегі деректер жалпы алғанда республика бойынша барлық қызмет түрлері бойынша бұл айырмашылық 25%-дан 34%-ға дейінгі аралықта болатынын көрсетеді.

Кесте 11 – Экономикалық қызмет түрлері бойынша ерлер мен әйелдердің орташа айлық атаулы жалақысы

Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1. Ерлердің орташа айлық атаулы жалақысы, мың теңге											
Қызметтердің барлық түрлері бойынша	106,5	118,8	129,4	144,2	151,7	169,4	179,6	196,0	222,5	243,5	232 347
ДС және әлеуметтік қызметтер саласында	73,9	83,0	86,2	96,5	100,0	115,8	114,6	118,2	142,2	185,8	225,1
2. Әйелдердің орташа айлық атаулы жалақысы, мың теңге											
Қызметтердің барлық түрлері бойынша	72,4	82,6	87,7	96,5	99,9	116,1	121,8	129,0	150,8	182,7	220,1
ДС және әлеуметтік қызметтер саласында	66,4	76,9	79,8	87,0	90,0	103,7	107,3	110,2	131,2	172,7	190,3
3. Әйелдер мен ерлердің орташа айлық атаулы жалақысының арақатынасы											
Қызметтердің барлық түрлері бойынша	68,0	69,6	67,8	67,0	65,9	68,6	67,8	65,8	67,8	75,0	94,7
ДС және әлеуметтік қызметтер саласында	89,8	92,6	92,6	90,1	90,0	89,6	93,6	93,3	92,3	92,9	84,5
ДС және әлеуметтік саладағы жалақы арақатынасы, %	75,3	77,0	74,2	73,4	72,9	74,2	72,1	68,7	71,5	82,4	75,3
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [86, б. 4-58]											

Дегенмен, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету секторындағы орташа айлық атаулы жалақы ел экономикасының орташа деңгейінен 25%-ға дерлік төмен. Мұның салдарын тиімсіз еңбек мотивациясы және медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың беделінің

төмендігі деп санауға болады, яғни, мотивация қызметкерлерге оң немесе теріс сипаттама беруі мүмкін [88].

Адам ресурстарын жас бойынша бөлу.

Медициналық қызметкерлерді жас бойынша бөлуді талдау жас медицина кадрларының ағынын және кадрлардың «қартаюын» азайту мәселесін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі зейнеткерлік жасқа дейінгі және зейнеткерлік жастағы адамдардың үлес салмағының көрсеткіші 2018 жылы – 19%, 2019 жылы – 19,7%, 2020 жылы – 21,1%, ал 2021 жылы алдын ала мәліметтер бойынша, шамамен 22%. Мұндай динамика 8-суретте көрсетілгендей, жалпы ел бойынша да, денсаулық сақтау саласында да жұмыс істейтін зейнеткерлердің санының өсуін көрсетеді.



Сурет 8 – Қазақстандағы жұмыс істейтін зейнеткерлердің өсу динамикасы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [89]

Медициналық білім

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік білім беру тапсырысын Білім министрлігі ұсынған уәкілетті орган береді [90]. Медициналық кадрларды даярлауға арналған гранттар саны жыл сайын еңбек нарығындағы сұранысқа сай түзетіліп отырады, дегенмен белгілі бір салаларда кадр тапшылығының кезеңді түрде жетіспеушілігі байқалады. Денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстарын тиімсіз басқаруға байланысты денсаулық сақтауды басқару және экономика, әлеуметтік қызмет көрсету салаларында жылдан жылға мамандар жетіспеуде. Сонымен қатар, үздіксіз біліктілікті арттыру жүйесінің төмен, тиімді ұйымдастырылмауы жоғары

технологиялық құрал-жабдықтардың жеткіліксіз пайдаланылуының себебі болып табылады. Сатып алынған медициналық құрал-жабдықтарды пайдалану деңгейінің төмендігі туралы фактілер көптеген өңірлерде мамандардың жетіспеушілігі себебінен байқалады [90].

Медициналық білім беруді реформалаудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру нәтижесінде соңғы жылдары Қазақстанда медициналық білім беру жүйесін реформалау және 2011-2015 жылдарға арналған медициналық және фармацевтикалық білімді дамыту айтарлықтай оң нәтиже берді [91]. Еліміздің медициналық оқу орындарына азаматтарды іріктеу мен қабылдаудың жаңа тәсілдері енгізілді, медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлаудың құрылымы өзгертілді. Білім беру жүйесіне резидентура, ерте клиникалық байланыс, қауіпсіз ортада клиникалық дағдыларды үйрету (имитациялық тренинг), коммуникативті дағдыларға оқыту, білім берудегі ғылыми көзқарасты дамыту, интеграцияланған оқыту, дәлелді медицина негіздері тұжырымдамасы енгізілді [92].

Мамандарды дербес клиникалық қызметке, интернатурадан кейін – кейбір клиникалық мамандықтар бойынша, резидентурадан кейін – ауқымы тар мамандықтар бойынша жіберуді анықтайтын сертификаттау рәсімдері енгізілді. Сертификаттау таңдалған мамандық бойынша емтихан тапсыруды қамтиды. Дегенмен, бірқатар мәселелер шешімін таппай отыр. Қазақстанда халықаралық тәжірибеге де, Болон процесінің талаптарына да толық сәйкес келмейтін бірегей үлгі қалыптасты. 7 жыл ішінде (5+2) жалпы медицина мамандығының түлегі екі диплом және бір сертификат алады, ал жұмысқа тұру үшін оған қосымша маман сертификаты қажет. Сондықтан да 5 жылдық негізгі медициналық білім алған түлектің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ.

Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын талдау соңғы нәтижелерді Еуропадағы негізгі медициналық білім берудегі білім беру бағдарламаларының соңғы нәтижелерімен салыстыруға келмейтінін көрсетті [93]. Әлемдік тәжірибе ғылымды, тәжірибені және білім беруді біріктіру жағдайында ғана заманауи білім алу және бәсекеге қабілетті мықты дәрігер мамандарын дайындау үшін тиімді жағдай жасауға болатынын көрсетеді. Әлемнің жетекші елдерінде медициналық оқу орнының қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі университет құрылымына кіретін немесе оның тікелей бақылауындағы медициналық ұйымдар болып табылатын университеттік клиникалардың болуы болып табылады.

Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес университеттік клиника мәртебесінде медициналық көмектің барлық түрлерін көрсететін, оның ішінде жоғары мамандандырылған, студенттерді, интерндерді және әртүрлі оқу жылдарындағы резиденттерді клиникалық оқытуға мүмкіндік беретін көп бейінді клиника бар. Университеттік клиниканың базасында медициналық университеттің негізгі клиникалық кафедралары орналасқан, профессорлық-оқытушылар құрамы кафедра қызметкерлерімен қатар, практикалық дәрігерлерден тұрады. Университет клиникасы негізінде ғылыми зерттеулер

жүргізіледі және жаңа жоғары технологиялық қызметтер енгізіледі. Бұл білім, ғылым және тәжірибенің біртұтастығын, «дәрігер-ғалым-мұғалім» үлгісін дамытудың негізін қамтамасыз етеді. Біріктірілген академиялық денсаулық сақтау жүйесі үздік әлемдік тәжірибесіне идеясы АҚШ-тағы Джонс Хопкинс және Питтсбург университеттері, Вена медициналық университеті, Оңтүстік Корея университеттері сияқты әлемнің жетекші академиялық орталықтары негізделген және ол ондаған жылдар бойы табысты дамып келеді. Соңғы 2019-2021 жылдары мемлекеттік грант бойынша білім алған денсаулық сақтау ұйымдарына жұмысқа орналасқан ЖОО түлектерінің үлесі сәйкесінше 92,3% және 94,7% құрайды.

Денсаулық сақтаудың ғылыми-инновациялық әлеуеті

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРДС Кодексінің 5-бабына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы заңнаманың қағидаттарының бірі – мемлекеттік отандық медицина және фармацевтика ғылымын қолдау, профилактика, диагностика, емдеу және медициналық оналту саласындағы ғылым мен техниканың озық жетістіктерін, жаңа дәрілік заттар мен технологиялардың инновациялық әзірлемелерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы әлемдік тәжірибені енгізу [94]. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ВОИС, ағыл. World Intellectual Property Organization, WIPO) тақырыбы 2019 жыл- «Салауатты өмір салты: Медициналық инновацияның болашағы» деп таңдалды, бұл бүгінгі таңда инновациялар мен жасанды интеллект денсаулық сақтаудың диагностикалық және болжамдық қызметінде алға дамуды күшейтетінін көрсетті.


«Creating Healthy Lives - The Future of Medical Innovation» докладында Жаһандық инновациялық индекс 2019 жылғы әлем елдерінің рейтингінің нәтижелері туралы (Global Innovation Index GII), «Салауатты өмірді құру – медициналық инновацияның болашағы» мәселесін шешу шұғыл назар аударуды талап ететіні анық көрсетілген [95].

Медицина ғылымы мен инновация саласында Қазақстанда денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорындардың әлемдік деңгейде инновациялық белсенділігі төмен. Бұл «Жаһандық инновациялық индексте АКТ-ны қолдану» индикаторы бойынша төмен рейтингтерге әкеледі (2018 және 2019 жылдары сәйкесінше 129 ел арасында 78 және 79 орын), ал, медицина саласында 29,8 рейтингімен 67 орында тұр. Адами капиталды дамыту көрсеткіші бойынша Қазақстан 129-130 елдің арасында 29,8 және 67 орында. Қазақстандағы 2011-2021 жылдардағы ғылыми әлеует пен инновациялар мен медицина ғылымының даму көрсеткіштері көрінеді.

Кестені талдау оң өсу тенденциясына және жалпы Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің жоғарырақ деңгейіне қарамастан, білім беру саласында бұл көрсеткіште айтарлықтай 2-3 есе артта қалғаны туралы қорытынды жасауға болады.

8-суретте Қазақстандағы 2011-2021 жылдардағы денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі мен өнім мен

технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар графиктері көрсетілген. 9-суреттен осы екі көрсеткіш арасында $r=0,78$ корреляция коэффициенттерімен тығыз оң байланыс бар екенін көруге болады.



Сурет 9 – Денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорындардың өнім және технологиялық инновацияларға кеткен шығындары және инновациялық белсенділік деңгейі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [90]

Жоғарыдағы талдау көрсеткендей денсаулық сақтаудың ғылыми әлеуеті ғылыми-зерттеу институттарындағы, ғылыми орталықтардағы және медициналық университеттердегі ғылым докторлары мен кандидаттарының, PhD докторларының санымен анықталады. Олардың саны соңғы он жылда өсу динамикасын көрсетеді, сонымен қатар денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі артып келеді.

2.2 Денсаулық сақтау саласында адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігін бағалау

Адами капиталды бағалау мәселесі экономикалық әдебиеттерде әлі күнге дейін талқылануда, өйткені, оның құрылымы күрделі және бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады. Адами капиталды кешенді бағалаумен байланысты мәселені шешу үшін біз мазмұнында жүйелі тәсіл пайдаланылатын көрсеткіштердің жалпы жүйесін құрамыз. Бұл жерде медициналық ұйымның нәтижелері тікелей тәуелді адами капиталдың сапасына объективті ішкі және сыртқы факторлардың жиынтық әсерін интегралды бағалау деп түсіну қажет [96]. Олардың кейбіреулерін есептемеу қайтымсыз, жағымсыз кері салдарға әкеледі.

Денсаулық сақтаудағы адами капиталды қалыптастыру келесі деңгейлерден тұратын иерархиялық құрылымға ие болып табылады:

1) жеке адами капитал: жеке басының әл-ауқаты, өмір сүру деңгейі мен сапасы, кәсіби құзыреттер мен біліктілік, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік;

2) ұйымның адами капиталы: қосымша құн өндірісі, еңбек өнімділігінің өсуі және кәсіпорынның нарықтық құны;


3) ұлттық адами капитал:

– экономикалық әсері: қоғамның және елдің тұрақты экономикалық дамуы, халықты емдеу және мүгедектіктен сақтандыру құнының төмендеуі, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру;

– әлеуметтік әсері: аурушандықтың төмендеуі, азаматтардың өлім-жітімінің төмендеуі, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының артуы;

– адам дамуының индексі (АДИ).

Денсаулық сақтау тиімділігінің негізгі көрсеткіші АДИ болып табылады, ол медицинаның даму жағдайына, оның ішінде медициналық кадрлардың дайындық деңгейіне және біліктілігіне тікелей байланысты болып табылады. АДИ халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының, нәрестелер өлімінің деңгейінің, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттырудың, аурушандық пен өлім-жітімді азайту арқылы қоғамға тікелей және жанама шығындарды азайтудың көрсеткіштерін толықтай қамтиды [97]. 10-суретте денсаулық сақтау секторында оның адами капиталдың сапасына байланысты АДИ қалыптастыру реттілігінің диаграммасы көрсетілген.



Сурет 10 – АДИ қалыптастыру схемасы

Ескерту – Автор құрастырған

Автор осы зерттеуде экономикалық-математикалық модельді құру негізінде денсаулық сақтаудағы адами капиталдың интегралды бағасын көруге мүмкіндік беретін осы мәселеге кешенді көзқарасты ұсынады. Денсаулық сақтау саласының адами капиталының экономикалық тиімділігін бағалаудың бұл моделі 11-суретте көрсетілгендей макро және микроэкономикалық аспектілерді қамтиды [98].



Сурет 11 – Денсаулық сақтаудағы адами капиталдың экономикалық тиімділігінің макро және микроэкономикалық аспектілері

Ескерту – Автор құрастырған

Денсаулық сақтауды адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту факторлары ретінде ғана емес, еңбек нарығын сапалы жұмыс күшімен қамтамасыз ететін болса, экономикалық өсудің факторлары ретінде де қарастыруға болады. Дені сау адам өмір сүру ұзақтығы мен сапасын сонымен қатар, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттырады [99].

Денсаулық сақтаудың тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу келесідей бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Қызметкердің адами капиталын бағалаудағы гудвилл немесе табыс тәсілі.
2. Адами капиталға салынған инвестицияның қайтарымдылығын және адами капиталдың HCVА қосылған құнын бағалау.
3. VAIC зияткерлік капиталдың қосылған құны моделі.
4. Кадр жұмысының экономикалық тиімділігін бағалау көрсеткіштері.
5. Медициналық немесе клиникалық тиімділік.
6. Әлеуметтік тиімділік.
7. Медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін медициналық-экономикалық тұрғыда бағалау.
8. Алдын алған экономикалық залал арқылы экономикалық тиімділік.
9. QALY әдістемесі – «сапасы түзетілген өмірге қосылған жылдар».
10. Медицина қызметкерлерінің адами капиталының құнын бағалау әдістемесін апробациялау.

Жоғарыда аталған әдістерді 2018-2021 жылдар кезеңінде Астана қаласы әкімдігінің «№1 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК мысалында сынақтан өткізілді [100].

Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы №1 (әрі қарай – КҚБАН№1) 30.06.2020 жылдағы №KZ78VEG00011292 лицензиясы бойынша жұмыс істейді

және 2020 жылдың 30 маусымында 3 жыл мерзімге аккредитация алған. Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 11/1 мекенжайында орналасқан және «Астана Медициналық Университеті» ҰАҚ балалар аурулары бөлімінің клиникалық базасы болып табылады.

Міндеті: Балалар мен олардың ата-аналарымен сенімді қарым-қатынасқа негізделген тиісті адамгершілік қасиеттері бар білікті мамандардың уақытылы стационарлық көмек көрсету арқылы және диагностика мен емдеудің заманауи әдістері қолдана отырып, балалар денсаулығын жақсарту.


№1 КҚБА-да үш педиатриялық бөлімшелердің ауруханалары, жаңа туған нәрестелер мен сәби жастағылар патологиясы бөлімі, функционалдық және радиациялық диагностика кабинеттері, клиникалық диагностикалық зертхана, «Қамқорлық» оңалту орталығы және балаларға арналған реанимация және интенсивті терапия бөлімі бар. «№1 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК - бұл 250 төсектік көпсалалы аурухана, 18 жасқа дейінгі балаларға келесі профильдер бойынша шұғыл көмек көрсетеді: кардиология, ревматология, гематология, жедел аллергиялық жағдайлар, гастроэнтерология, неврология, пульмонология және шала туылған нәрестелерді күту. Жоспарлы госпитализация КТМКТ және МӘМС шеңберінде қол жетімді. Аурухананың жабдықталуы 98%, ал медициналық құрал-жабдықтардың тозуы шамамен 47% құрайды, бұл аурухананың материалдық базасының әлсіздігін көрсетеді.

12-кестеде 2018-2021 жылдарға арналған №1 КҚБА-ның медицина қызметкерлерінің саны көрсетілген.

Кесте 12 – №1 КҚБА-ның медицина қызметкерлерінің саны

Кадрлық ресурстар	Жұмысшылардың орташа саны				Штаттың қамтамасыз етілуі, %			
	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Дәрігерлер	57	55	56	58	55,7	55,7	70,2	71,3
ОМҚ	178	160	169	171	72,7	72,7	81,2	82,3
КМҚ	82	85	84	86	62,5	62,5	69,2	71,4
Басқа да персоналдар	27	44	50	52	59,1	59,1	79,9	80,2
ӘБК	11	14	14	16	78,6	78,6	72,4	74,3
Барлығы	355	358	373	383	65,72	65,72	74,58	76,4
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100]								

Төмендегі 12-суретте КМҚ - Кіші медициналық қызметкерлер, ОМҚ - Орташа медициналық қызметкерлер. 12-суретте 2021 жылғы №1 КҚБА-ның штаттық құрылымы көрсетілген.



Сурет 12 – 2020-2021 жылғы №1 КҚБА қызметкерлер құрылымы

Ескерту – Автор құрастырған

Бақыланатын динамика денсаулық сақтау саласындағы табыстың салыстырмалы түрде төмен болуына байланысты медицина қызметкерлерінің қосымша жұмыс іздеу қажеттілігі бар екенін көрсетеді. Соңғы үш жылда дәрігерлер қызметкерлерінің жалақысы 2018 жылғы 221 554 теңгеден 2020 жылы 292 200 теңгеге дейін небәрі 17 пайызға өсті, 2021 жылдан бастап ҚР Президенті тапсырмасы бойынша медицина қызметкерлерінің жалақысын жыл сайын 30 пайызға өсіру шешімі қабылданды.

Кадрлық қамтамасыз ету 2018 жылы – 69,92%, 2019 жылы – 65,72%, 2020 жылы – 74,58%, 2021 жылы – 75,12%, бұл кадр тапшылығының бар екенін көрсетеді.

ОМҚ үшін өсім 21% құрады, ал КМҚ үшін - бар болғаны 4%.

Дәрігерлердің орташа еңбек өтілі 2018 жылы – 11,43 жыл, 2019 жылы – 10,62 жыл, 2020 жылы – 10,1 жыл, 2021 жылы – 9,8 жыл.

Дәрігерлердің орташа еңбек өтілі 2018 жылы – 10,66 жыл, 2019 жылы – 10,39 жыл, 2020 жылы – 10,45 жыл болды, 2021 жылы – 9,81 жыл болды.

Дәрігерлердің орташа жасы 2018 жылы – 37,17 жасты, 2019 жылы – 36,75 жасты, 2020 жылы – 35,8 жасты құрады, 2021 жылы – 34,7 жасты құрады.

КМҚ субъектілерінің орташа жасы 2018 жылы 33,22 жасты, 2019 жылы 33,06 жасты, 2020 жылы 33,06 жасты құрады, 2021 жылы 33,02 жасты құрады.


Дәрігерлер мен КМҚ субъектілерінің орташа жасы 2018 жылы 35,19 жасты, 2019 жылы 34,91 жасты, 2020 жылы 33,5 жасты, 2021 жылы 34,1 жасты құрады.

Келтірілген деректер егде кадрларды жастармен алмастырудың оң үрдісі бар екенін көрсетеді.

Дәрігерлердің 33,3%-ы және ОМҚ-дің 21%-ы жоғары санатты, дәрігерлердің 4,7%-ы және ОМҚ-дің 5,2%-ы бірінші санатты, дәрігерлердің 23,3%-ы және ОМҚ-дің 2,6%-ы екінші санатты.

Дәрігерлердің жалпы санаттары 61,8%, ал КМҚ субъектілері бойынша 28,8% құрады, бұл қызметкерлердің жоғары кәсіби құзыреттілігін көрсетеді.

13-суретте 2020-2021 жылы №1 КҚБА санаттары бойынша дәрігерлердің құрылымы көрсетілген.



Сурет 13 – 2020-2021 жылғы №1 КҚБА дәрігерлерінің санаты

Ескерту – Автор құрастырған

Кесте 13 – Пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттану көрсеткіші

Пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттану көрсеткіш ретінде	Көрсеткіштер	2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл	
		абс.	%	абс.	%	абс.	%
1	Сауалнама жүргізілді, адам	90	100,0	150	100,0	185	100,0
2	Толық қанағаттандырылды	80	88,9	136	90,7	169	91,4
3	Толық қанағаттанбаған	7	7,8	10	6,7	14	7,6
4	Қанағаттанбаған	3	3,3	4	2,7	2	1,1
Көрсеткіштердің өзгеру динамикасы							
2	Көрсеткіштердің өзгеруі-толығымен қанағаттандырылды	-	-	+56	-	+33	-
3	Көрсеткіштердің өзгеруі-толық қанағаттандырылмаған	-	-	+3	-	+4	-
4	Көрсеткіштің өзгеруі-қанағаттандырылмаған	-	-	+1	-	-2	-
Ескерту – Автор жасаған							

13-кесте нәтижесі көрсеткендей 2020-2021 жылдары пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттану көрсеткіші 56 мен 33 абсолютті динамикасын көруге болады. Пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттану көрсеткіші және күтулерінің шындыққа сәйкестігін көрсететін медициналық көмек сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл көп факторлы көрсеткіш болып табылады және көбінесе денсаулық сақтау жүйесіне жұмсалатын шығындардың көлеміне байланысты [101]. Пациенттердің медициналық көмектің сапасына қанағаттану көрсеткіші ҚР-ның 2025 жылға дейінгі «Ұлттық даму жоспары» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау «Салауатты Ұлт» Ұлттық жобасы және ҚР-ның денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы сияқты мемлекеттік жоспарлау құжаттарында көрсетілген. 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі стратегиялық көрсеткіштер картасына сәйкес пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттану көрсеткіші елдің негізгі стратегиялық көрсеткіштерінің бірі ретінде айқындалғанын, онда 2025 жылға дейінгі 17 өңір үшін нысаналы мәндер де айқындалған. Пациентке бағытталған тәсіл көптеген елдердегі қазіргі заманғы денсаулық сақтау саласының негізі болып табылады және пациенттердің қанағаттану деңгейімен бағаланатын көрсетілетін медициналық қызметтердің жоғары сапасының индикаторы ретінде қызмет етеді, сондықтан бұл көрсеткішті өлшеу медициналық ұйымды дамыту бойынша қолданылатын шаралардың барабарлығын бағалау үшін қажет. Сонымен қатар, көбінесе бағытталған менеджменттің нәтижесі қанағаттану деңгейінің жоғарылауы емес, оның тұрақтылығы болып табылады, ол оң үрдіс ретінде қарастырылады.

Денсаулық сақтау шығындары көмектің сапасы мен тиімділігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Ақшалай ресурстар көмек көрсету қажеттілігі туындағанға дейінгі кезеңде аударылуы керек. Егер адамдар көмек қажет болған кезде өз бетінше қалтасынан төлеуге мәжбүр болса, онда олар қажетті қызметтерді ала алмауы мүмкін, нәтижесінде олардың денсаулығы нашарлайды немесе медициналық көмек алуға байланысты шығындар олардың әлауқатының төмендеуіне әкеледі.

Берілген медициналық ұйымның адами капиталының құнын бағалау кезінде қаржылық есептілік пен қызметтің нарықтық есептері пайдаланылды:

1. Қызметкердің адами капиталын бағалаудағы гудвилл немесе табыс тәсілі

Зерттеу жұмысында медициналық ұйымның адами капиталының құнын бухгалтерлік есеп деректері негізінде бағалаймыз. Бұл әдіс адами капитал ұйымның пайдасын құрайтын гудвиллдің бөлігі болып табылады деген болжамға негізделген.

Кез келген компанияның немесе ұйымның нақты құнын бағалау адам капиталын есепке алмағанда толық болмайды, өйткені ол бизнес активтерінің маңызды элементі болып табылады. Сонымен бірге қазіргі бухгалтерлік есеп тәжірибесінде қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес тек материалдық

емес активтермен сәйкестендірілген кәсіпорынның зияткерлік капиталы ғана бағалауға жатады.

Материалдық емес активтерді есепке алу «Материалдық емес активтер» (IAS) 38 стандартымен реттеледі, ол материалдық емес активтерді физикалық нысаны жоқ сәйкестендірілетін ақшалай емес активтер ретінде анықтайды [102].

Қазақстандағы Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес, «материалдық емес актив – бұл заттай нысаны жоқ және тауарларды немесе қызметтерді өндіруде немесе жеткізуде, басқа тұлғаларға жалға беру мақсатында немесе әкімшілік мақсаттар» болып табылады [103].

Сонымен қатар, материалдық емес активтер ұйым қызметкерінің іскерлік қасиеттері, олардың біліктілігі мен жұмыс қабілеттілігі болып табылмайды. Бухгалтерлік баланстың және басқа да қаржылық есептілік құжаттарының активтерінде адами капиталды бағалау бабының болмауы кәсіпорын ресурстарының нақты нарықтық құнының оны жекешелендіруі және сатуы, меншік иесінің өзгеруі, бірігуі және жойылуына т.б. әсер етеді. Дегенмен, қызметкерлердің іскерлік қасиеттерімен анықталатын компанияның іскерлік беделі немесе гудвилі факторларының жиынтығы ұқсас фирмалармен салыстырғанда оның құндылығы мен инвестор үшін тартымдылығына үлкен әсер етеді. Өнім немесе қызмет сапасында гудвилдің материалдық емес болуы олардың қосылған құнын арттырады.

Гудвилл (ағыл. Goodwill) – бұл компанияның құны болып табылады және меншікті капиталдың баланстық құнын шегергендегі компанияның нарықтық құнын көрсетеді.

Осыған сай автор денсаулық сақтау ұйымының нақты бағасын анықтау үшін медицина қызметкерлерінің адами капиталының құнын бағалау әдістемесін ұсынады, ол сатылған кезде әдетте оның баланстық құнынан айтарлықтай бірнеше есеге асып түседі. Ұсынылып отырған әдістеме білім, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі, орташа жасы, адами капиталға инвестиция құны, пайда және т.б. сияқты сандық және сапалық көрсеткіштерді ескере отырып, медицина қызметкерлерінің жеке шығындарын есептеуге болады.

Бұл әдістеме келесі анықтамаларды пайдаланады:

1. Қызметкердің кадрлық әлеуетінің гудвиллі – белгілі бір функцияларды орындайтын және алға қойылған міндеттерді шешетін қызметкердің нақты, нарықтық, жеке құнын көрсететін коэффициент.

2. Білікті қызметкер - бұл санат нөмірі, санат немесе сынып бойынша көрсетілетін белгілі бір біліктілік дәрежесі бар кәсіпорын қызметкерлері.

Сонымен, анықтамалық кітаптарға сәйкес, лауазым - бұл жұмыс орнында билікті жүзеге асыру үшін қажетті психикалық әрекеттің бір түрі болып табылады.

Біліктілік талаптары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына сәйкес Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында (БТБА), қызметкерлердің лауазымдарына қойылатын біліктілік анықтамалықтарында, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтар мен нормативтік құқықтық актілерде

жазылған [104]. Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 қазандағы бұйрығымен реттеледі [105].

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінде біліктілік санаттарын беруді реттейтін норма алынып тасталды. Бұл заң бойынша тек лицензия мен маман сертификаты беріледі [106].

Медициналық қызметкердің денсаулық сақтау ұйымындағы жұмыс уақытындағы адами капиталының есептік құны төмендегі (12) формула бойынша есептеледі.

$$S_{ак} = ЗП \times Г_{ак} + Инв \times t \quad (12)$$

мұнда $S_{ак}$ – қызметкердің адами капиталының есептік құны, мың теңге;

ЗП – қызметкерге төленетін жалақы, мың теңге;

$Г_{ак}$ – қызметкерлердің адами капиталының гудвилінің коэффициенті;

Инв – бір жылға персоналға инвестициялар, мың теңге;

t – ұйымдағы жұмыс мерзімі, жылдар.

Денсаулық сақтау ұйымының барлық қызметкерлерінің адами капиталының құнын анықтау үшін жылдық еңбекақы қоры және адами капиталға инвестицияның жалпы сомасы алынады [107].

Сондай-ақ ұйымның пайдасын, қызметкердің жалпы құнын және қызметкерлердің кәсіби деңгейін ескере отырып, адами капиталдың гудвилін (13) формула бойынша коэффициенттердің қосындысы ретінде көрсетуге болады:

$$Г_{ак} = K_{пайда} + K_{құны} + K_{проф} \quad (13)$$

мұнда $K_{пайда}$ – адами капиталдың пайда коэффициенті, мың теңге;

$K_{бага}$ – адами капиталдың құндық коэффициенті, мың теңге;

$K_{проф}$ – қызметкердің кәсіби өнімділігінің коэффициенті.

Ақпарат көзі болып бухгалтерлік баланстың деректері, пайда мен залал туралы есеп және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, ұйымның жиынтық кірісі мен шығысы табылады.

Бұл ретте адами капиталдың пайда коэффициенті келесі (14) формула бойынша табылады:

$$K_{пайда} = П_{айда} / ЭПРВР \quad (14)$$

мұнда ЭПРВР – қызметкердің толық уақытының баламасы, сағат.

Қызметкердің толық жұмыс күнінің баламасы бір жылдағы жұмыс күндерінің санын тәулігіне 8 сағатқа көбейту арқылы - демалыс (сағатпен) - мереке күндері (сағат саны) - жеке себептермен/ауруына байланысты жұмыста болмауы (сағатпен) анықталады.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде жұмыс уақытының ұзақтығы 68-баппен [Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексімен [108]. Жұмыс уақытының балансы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы №857 бұйрығына сәйкес медицина қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен кезекшілік нормасын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Медицина қызметкерлерінің еңбекақысын ұйымдастыру және төлеу қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 22 қарашадағы №857 бұйрығы» арқылы реттеледі.

Бұл ретте адами капитал құнының коэффициенті (15) формула бойынша есептеледі:

$$K_{бага} = ОРП / ЭПРВР \quad (15)$$

мұнда ОРП – жалпы қызметкер шығындары, мың теңге.

Қызметкердің кәсіптік өнімділігінің коэффициенті (16) формула бойынша қызметкердің білімі, еңбек өтілі және жасы туралы деректер негізінде есептеледі:

$$K_{проф} = B_{денгей} \times (1 + Жұмыс\ отили / 4 + Жас / 18) \quad (16)$$

мұнда $B_{денгей}$ – білім деңгейі (немесе дәрігерлер, КМҚ және ОМҚ санаттары), ол әдетте төмендегідей қабылданады:

- 1 мамандығы бойынша жоғары білімі бар тұлғалар үшін;
- 0,75 орта техникалық және аяқталмаған жоғары білімі бар адамдар үшін;
- 0,60 - орта білімі бар адамдарға арналған;
- 0,15 толық емес орта білімі бар адамдарға.

Ресей Федерациясы Еңбек министрлігінің «Еңбек ЖҒИИ» Федералдық мемлекеттік бюджеттік мекемесінің ұсыныстарына сәйкес [109]:

- тәжірибе 4-ке бөлінеді, өйткені еңбек өнімділігіне білімге қарағанда еңбек өтілі 4 есе аз әсер ететіні анықталды;
- жас 18-ге бөлінеді, өйткені, еңбек өнімділігіне жастың әсері білімнің ықпалынан 18 есе аз екені анықталды.

Бұл ретте, «Зейнеткерлік қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерлер үшін ең жоғары жас мөлшері 63 жас, ал әйелдер үшін 61 жас болып белгіленді [110].

Медициналық ұйымның адами капиталының құнын есептеу нәтижелері 14-кестеде көрсетілген.

Кесте 14 – №1 КҚБА медициналық ұйымының адами капиталының құнын бағалау

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Медицина қызметкерлерінің саны, адам	355	358	373	377
Білім деңгейі				
жоғары білімді дәрігерлер	57	55	56	58
жоғары білім ӘБҚ	15	14	14	15
аяқталмаған жоғары КМҚ	178	160	169	172
КМҚ	85	85	84	85
жалпы орта білім	20	44	50	55
Мамандық бойынша орташа еңбек өтілі, жыл	11,0	10,5	10,5	10,3
орташа жасы, жыл	35,2	34,9	34,9	33,6
Пайда, мың теңге	984,0	1 017,0	1 950,0	2023,6
Жылдық еңбекақы қоры, мың теңге	658 391,5	678 341,0	848 290,5	965259,7
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	45,0	55,0	242,0	264,1
Қызметкерлерге инвестициялар, мың теңге	6 500,0	7 190,0	5 810,0	7864,3
Қызметкерлерге кететін жалпы шығындар, мың теңге	664 936,5	685 586,0	854 342,5	968312,4
ҚР медицина қызметкерлерінің жұмыс уақытының нормасы, сағат	1 771,2	1 771,2	1 771,2	1771,2
Барлық қызметкерлер үшін толық жұмыс уақыты эквиваленты, сағат	628 776,0	634 089,6	660 657,6	667 742,4
Адами капиталдың пайда индексі	1,03	1,042	2,00	1,05
Адами капитал құнының индексі	1,02	1,040	1,30	1,15
Кәсіптік өнімділік коэффициенті, %	4,53	4,34	4,34	4,32
Кадрлық потенциал гудвиллы	6,11	6,42	7,62	6,52
АК болжамды құны, мың теңге	4 215 783	4 363092,9	6 469 033,9	5468028,8
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100]				

14-кестенің нәтижелерін талдау соңғы жылдары адам ресурстарының динамикасының оң үрдісі байқалды деген қорытынды жасауға болады.

Алайда, сонымен бірге кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру түріндегі инвестицияның төмен деңгейі байқалады. Өйткені олар пайданың шамамен 2,7% және кірістің 0,4% құрайды. Жыл сайын оқыту мен біліктілікті арттыруға жұмсалатын шығындар бірдей емес, сәйкесінше кәсіптік еңбек өнімділігінің коэффициенті де төмендеу тенденцияға ие. Адам ресурстарын ұлғайту аясында тыңдаушылардың жылдық саны дәрігерлер үшін шамамен 46% және ОМҚ үшін 28% құрайды.

Осылайша, ұсынылып отырған әдістеме адами капитал құнының қалыптасуына әсер ететін факторларды бақылауға, әлсіз жақтарын анықтауға және ұйымның кадрлық саясатын түзету бойынша уақтылы басқару шешімдерін қабылдауға болады.

2. Адами капиталға салынған инвестицияның табыстылығын бағалау

Адами капиталға салынған инвестициялардың табыстылығын бағалау кезінде табыс, пайда, шығыстар, қызметкерлер саны, адами капитал, жалақы және т.б. сияқты салынған инвестициялар, компанияның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қызметкерлердің қосқан үлесін анықтауға негізделген кіріс тәсілі пайдаланылады. Экономикалық нәтижелер туралы компанияның қызметіне қызметкерді басқару бойынша кадр саясаты және адами капиталды дамытуға инвестицияланған қаржы ресурстары тікелей әсер етеді.

Адами капиталдың құны келесі экономикалық шарттардан қалыптасады:

– кіріс бөлігі – қызметкерлер еңбегінің жалпы нәтижесі, адами капиталды басқарудың тиімділігі, кәсіпорынның табысы мен еңбек өнімділігімен байланысты;

– шығыс бөлігі – адами капиталға жұмсалған шығындар;

– адами капиталдың қосылған құны – қызметкерлер табыстылығының көрсеткіші;

– адами капиталға салынған инвестициядан түскен пайда – кәсіпорын қызметкерлеріне жұмсалған инвестицияның қайтарымдылығын есептейді.

Як Фитц-энц компанияның адами капиталының толық құнын немесе адами капитал құнының HCCF (Human Capital Cost Factor) факторларын есепке алу қажеттілігін (15) формула арқылы анықтайды:

$$HCCF = P + B + C_C + C_{lp} + C_t \quad (15)$$

мұнда P (Pay) – тұрақты жұмысшыларға еңбекақы төлеу шығындары;

B (Benefits) – тұрақты жұмысшыларға берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік қамсыздандыру;

C_c (Casual Costs) – уақытша жұмысшыларға арналған шығындар;

C_{lp} (Lack of Personnel Costs) – қызметкерлердің жұмыста болмауынан немесе қызметкерлердің жетіспеушілігінен туындаған компания шығындары;

C_t (Turnover Costs) – қызметкердің ауысуы бойынша шығындар [111].

ТҚК жүйесі сияқты, кадрлар бөлімдері қызметкерлерді басқару тиімділігін арттыру, жалақыны әділ бөлу, ұйымдағы үздік қызметкерлерді тарту және ұстап қалу сияқты мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде бағалауды пайдаланады.

Грейдингтің артықшылығы – ол позицияларды бағалар бойынша рейтингтеуге, компания үшін әрбір қызметкердің құндылығын объективті анықтап береді және қызметкерлерге мансаптық өсуге көмектеседі.

Дегенмен, кемшіліктерге ауқымды есептеулерге байланысты іске асырудың күрделілігі, әдістемені әзірлеу кезінде консалтингтік компанияларды тартуға кететін жоғары шығындар, бақылаушы органдарға төмен балл алған қызметкерлердің кемсітушілік туралы ықтимал шағымдарына байланысты жанжал жағдайларының тәуекелдері және т.б. жатады.

Материалдық ынталандыру мәнін (ΔMY) нақты сыйақы бағасын (47) формула бойынша әрбір қызметкердің жеке рейтингісіне көбейту арқылы орташа алынған мән ретінде анықтаймыз:

$$\Delta MY = \frac{CDOП}{N} \times R_i \quad (47)$$

$$\sum_{i=1} R_i$$

мұнда СДОП – сараланған еңбекақы төлеуге арналған қаражат;

R_i – ұйымның әрбір i -ші қызметкерінің жеке рейтингі;

N – ұйымдағы қызметкерлер саны.

Бұл әдістемені қолдану есептердің объективтілігін арттыруға және кәсіпорынның инновациялық дамуына қатысу үшін қызметкердің еңбек ынтасын белсендіруге (адами капиталды толық іске асыруға) атсалысады.

Компаниядағы ынталандырудың кейбір математикалық үлгілерін қарастырамыз:

1. Компания басшылары мен бөлім басшыларын ынталандыру кестесі келесідей:

1.1. Қызметтік міндеттерін орындағаны үшін айлық жалақы.

1.2. Жылдық (тоқсан сайынғы) бонус.

Бұл кезде (48) формула бойынша менеджердің жалпы бонустық көрсеткіші есептеледі:

$$B_{жалпы} = \frac{B_{баз} + B_{қосымша}}{2} + \frac{B_{баз} + B_{қосымша}}{2} \times \frac{\sum_{i=1}^N \text{көрсеткіш } [i] \times [i] \times \text{орындалуы } [i]}{\sum_{i=1}^N \text{көрсеткіш } [i] \times \text{үлес } [i]} \quad (48)$$

мұнда $B_{баз}$ – басшылар үшін күнтізбелік жылдағы компанияның таза табысының мақсатты ұлғаюына қол жеткізу үшін негізгі бонустар (бөлімшелердің басшылары үшін тоқсандар үшін шекті пайданы мақсатты арттыруға қол жеткізу үшін негізгі бонустар);

$B_{қосымша}$ – басшыларға күнтізбелік жылдағы компанияның таза табысының мақсатты өсімін асырғаны үшін қосымша сыйлықақылар (бөлім басшылары үшін тоқсандағы шекті пайданың мақсатты өсуіне қол жеткізгені үшін қосымша бонустар);

$B_{жалпы}$ – жалпы өндірістік көрсеткіштер.

Көрсеткіштердің орындалуын немесе орындалмауын (орындалған, орындалмаған) бағалау үшін осы формуланы пайдалана аласыз.

2. Бөлімшелердің қызметкерлерін ынталандыру схемасы:

2.1. Қызметтік міндеттерін орындағаны үшін айлық жалақы.

2.2. Айлық (тоқсандық) сыйақы.

(49) формула бойынша бөлімше қызметкерлерінің жалпы сыйақы өнімділігінің көрсеткіші есептеледі:

$$\Pi = B_{баз} + B_{баз} \times \left(\frac{МП_p}{МП_{баз}} - 1 \right) \times 0,8 - O - C \quad (49)$$

мұнда $B_{баз}$ – базалық кезеңдер үшін медициналық қызметкерлердің ақшалай сыйақысы (жалақы + сыйақылар);

МПр – есеп айырысу кезеңіндегі шекті пайда (қызметтерді сатудан түскен табыс пен тікелей еңбек шығындары арасындағы айырма);

МПбаз – шекті пайда (қызметтерді сатудан түскен табыс пен тікелей еңбек шығындары арасындағы айырма);

0,8 – еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты жалақының өсуінің тежелу коэффициенттері;

О – айлық жалақы;

С – лауазымдық нұсқаулықтардың ережелерін сақтамағаны үшін (мысалы, пациенттердің шағымдары бойынша) сыйлық ақыны төмендету сомасы, теңге.

Жұмысшылардың табысты қызметінің нәтижесінде олардың көрсеткіштеріне сәйкес сыйақы мөлшері 5%-дан 100%-ға дейін болады. Бұл қызметкерлерді кәсіби міндеттерін адал атқаруға ынталандыратын негізгі фактор болып табылады.

Ұйымдар қызметінің тиімділігін бағалаудың қолданыстағы экономикалық-математикалық үлгілері бойынша заманауи ғылыми дереккөздерді зерделеу кезінде көптеген критерийлерді бөліп көрсетуге болады. Біз келесідей әдістерді қамтитын ғылыми құралдардың түріне қарай экономикалық-математикалық критерийлерді жүйелейміз:

– математикалық статистика: корреляциялық талдау, регрессиялық талдау;

– факторлық талдау, дисперсияны талдау;

– экономикадағы операциялық зерттеулер – желілік және бағдарламалық-мақсатты әдістер, салалық әдістер, шекаралық әдістер, кезек теориясы және ойын теориясы;

– экономикалық құбылыстарды эксперименттік зерттеу – экономикалық үдерістерді машиналық модельдеу әдістері, іскерлік ойындар және т.б.

Кәсіпорынның экономикалық жағдайын бағалау үшін математикалық статистика әдістерін, атап айтқанда көп мәнді статистикалық талдау әдістерін қолданудың маңызы зор. Бұл экономикалық үдерістердегі барлық өзгерістер мен олардың бақылаулары тек болжамды ғана емес, керісінше, көбінесе ықтималдық және кездейсоқ болуы мүмкін екендігіне байланысты.

Сонымен қатар, экономикалық бақылаулардың кездейсоқ сипаты экономикалық мәліметтерді алудың кез келген кезеңінде немесе шешім қабылдау үдерісінде пайда болады. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін зерттеу үшін корреляциялық және регрессиялық талдау әдістері, көп өлшемді және факторлық талдаулар қолданылады.

Факторлық талдаудың негізгі мақсаты жүйенің мінез-құлқына және оның тұрақты күйіне әсер ететін барлық оң және тұрақсыздандыратын факторларды анықтау болып табылады. Сондай-ақ, бұл модель факторлар мен компания жағдайының соңғы нәтижелері арасындағы себепті байланыстарды табуға болады.

Міндет – төрт бағыттағы факторлардың әртүрлі тобының компанияны басқарудың жалпы тиімділігіне әсер ету дәрежесін анықтау. Бұл медициналық

ұйымның тұрақтылығы мен өсуін арттыру мақсатында факторларды басқаруға болады.

Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі негізінде медициналық ұйымды басқару тиімділігін бағалау әдістемесі.

Автор бұндай техниканың келесідей алгоритмін ұсынады:

1. Ақша бірліктерімен өлшенетін көрсеткіштермен жұмыс істеу кезінде номиналды деректері бар динамикалық уақыт қатарлары тұтыну бағасының индексі мен конверсиялық факторларды пайдалана отырып, таңдалған базалық кезеңге қатысты нақты көрсеткішке жеткізілуі керек. Кәсіпорын қызметін талдаудың дұрыс нәтижелерін ақшаның уақытша құны концепциясы негізінде ғана алуға болады. Уақыттың әртүрлі кезеңдерінде ақшаның құны әртүрлі болады. Сонымен қатар оған әртүрлі сыртқы экономикалық факторлар әсер етеді, олар инфляция, девальвация және т.б. Сондықтан әртүрлі жылдарға сәйкес келетін статистикалық мәліметтерді эквивалент деп санауға болмайды.

Уақыттың әртүрлі нүктелеріне қатысты ақшаның эквивалентсіздігі принципіне байланысты көп уақыттық ақша құндылықтарын салыстыру заңсыз болып табылады. Бұл дегеніңіз уақыт бойынша ақша құнының өзгеру принципі. Уақыт бойынша фактордың әсері инфляция кезінде бірнеше есе артады. Экономикалық көрсеткіштерді салыстыруға олардың мәндері тұтыну бағаларының индексі негізінде салыстырмалы бағаларға «төмендетілген» жағдайда ғана рұқсат етіледі. Нақты ағымдағы экономикалық көрсеткіштерді өлшеу үшін номиналды көрсеткіштерді оларға баға деңгейінің өзгеруінің әсерінен «тазарту» және оларды базалық жылдың бағасына келтіру қажет.

Кезеңдегі ақшалай құндылықтардың базалық кезең бағасына дейін төмендеу коэффициенттері келесідей (50) формула бойынша анықталады:

$$k_{n-t} = \prod_{t=1}^n i_{p_{(n+1)-t}} \quad (50)$$

мұнда $i_{p_{(n+1)-t}}$ – барлық кезеңдегі баға индексі t ;

$t=1,2,\dots,n$.

Шетел валютасымен өлшенетін көрсеткіштермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валюталарының теңгеге қатысты ресми бағамдарын ескеру керек [141].

Кадрлық саясаттың ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін негізгі критерийлер мен көрсеткіштерді анықтау.

2. Динамикалық экономикалық көрсеткіштерді нормалау.

Әртүрлі өлшем бірліктері бар экономикалық уақыттық қатарлармен жұмыс істегенде, талдау алдында қатарлардың барлық деңгейлерінің бірдей пропорцияда өзгеруіне әкелетін операцияны орындау керек.

Бірлік $[0,1]$ интервалында бірлік шкаласына мұндай азайту бастапқы деректерді өлшемсіз бірліктерге түрлендіруді қамтамасыз етеді.

Зерттеу объектісі ретінде әрекет ететін денсаулық сақтау ұйымының адами капиталын басқару тиімділігінің интегралды жалпыланған коэффициенті келесі (51) формула бойынша табылады:

$$\text{ЭФЧК} = \sum_{i=1}^n w_i \cdot \text{ЭФЧК}_i \quad (51)$$

мұнда ЭФЧК_i – i тиімділікті басқару үдерісінің жеке коэффициенті;

w_i – i факторлардың маңыздылық дәрежесін анықтайтын салмақ коэффициенті;

n – факторлар саны.

Қарапайым әдіспен қарастырылатын бағдарлама шеңберінде әрбір жеке көрсеткіштің маңыздылық (салмағы) көрсеткіші келесідей (52) формула бойынша сараптамалық бағалау әдісіне сәйкес есептеледі:

$$w_i = \frac{R_i}{S_R} \quad (52)$$

мұнда i ($i = \overline{1, N}$) – экономика субъектісінің қызмет бағыты;

R_i – шаруашылық жүргізуші субъекті қызметінің зерттелетін i -ші саласының маңыздылық дәрежесі (шаруашылық жүргізуші субъекті қызметінің санына қарай ең маңыздысы - ең үлкен мән N , ең аз мәні - N ең төменгі мәні беріледі);

S_R – барлық маңыздылық дәрежесі мәндерінің қосындысы.

Адам ресурстарын басқарудың экономикалық тиімділігін бағалау үшін біз бағалау шкаласын әзірлейміз, оның мәндері 36-кестеде көрсетілген.

Кесте 36 – Адам ресурстарын басқару тиімділігін бағалау шкаласы

Тиімділіктің сандық бағалаулары	Тиімділікті сапалы бағалау
00-ден 0,19-ге дейін	Басқару үдерісі мүлдем тиімсіз
0,20-ден 0,40-ге дейін	Басқарудың төмен тиімділігі
0,41-ден 0,65-ге дейін	Басқару үдерісінің орташа тиімділігі
0,66-ден 0,90-ге дейін	Басқару тиімділігі орташадан жоғары
0,9-ден және одан жоғары	Басқару үдерісінің жоғары тиімділігі
Ескерту – Автор әзірлеген	

Дәстүрлі түрде компания қызметінің тиімділігі ескірген және компанияның жай-күйінің, оның дамуының толық бейнесін бермейтін, сонымен қоса, жеткілікті дәл болжам жасауға мүмкіндік бермейтін бухгалтерлік есеп жүйесінен алынған қаржылық көрсеткіштер негізінде ғана өлшенеді [142].

Бүкіл компанияның жұмысын жаһандық бағалаудың нақтырақ және тиімді әдістеріне қажеттілік туындады.

Қазіргі уақытта стратегиялық менеджменттің қазіргі тәсілдері қаржылық емес құрамдастарға назар аударуды міндеттейді, олар қызметкер; ішкі бизнес-үдерістер; инновация; клиенттермен жұмыс.

Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі негізінде медициналық ұйымның кадрлық саясатының тиімділігін факторлық бағалаудың экономикалық-математикалық моделін (ЭММ) әзірлеудің ұсынылған әдістемесіне негізделген бағалау схемасы 20-суретте көрсетілген.



Сурет 20 – Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі негізінде Компанияның адами капиталын басқарудың тиімділігінің экономикалық-математикалық моделінің схемасы

Ескерту – Автор құрастырған

Осылайша, құрылған ЭММ жүйелік тәсілге негізделген, оны кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне объективті қаржылық, ішкі, сыртқы, әлеуметтік және басқа факторлардың жиынтық әсері деп түсіну керек. Құрылған ЭММ-нің бұл негізгі бағыттары 37-кестеде көрсетілген.

Кесте 37 – Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі негізінде медициналық ұйымның тиімділігінің экономикалық-математикалық моделінің негізгі факторлары

Белгіленуі	Медициналық ұйым қызметінің тиімділігінің факторлары	Индикаторлар
1	2	3
1 – Қаржылық факторлар		
FF1	Қызметтің өнімділігі	Қорытынды пайда
FF2	Ақылы қызметтер	Ақылы қызмет көрсетуден түскен табыстың өзгеру қарқыны
FF3	Еңбек ақы төлеудегі шығындар	Еңбекақы бойынша шығындар
FF4	КТМК (кепілдендірілген тегін мед. мем. көмек), ММКК (міндетті мед. көмек көлемі), ЖМК (жедел мед. көмек) шеңберінде бюджеттік қаржыландыру	Емделген науқастың құны

37-кестенің жалғасы

1	2	3
2 - Ішкі бизнес үдерістер		
BP1	Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жаратандыру	Аурухананың жабдықталуы %
BP2	Негізгі құралдардың амортизациясы	Медициналық жабдықтардың істен шығуы, %
BP3	Стационар жұмысының сапа көрсеткіштері	Төсек-орын айналымы, төсек-орын жұмысы
BP4	Медициналық тиімділік	Денсаулығы жақсарған науқастардың үлесі
3 - Кәсіпорынды басқару және кадр саясаты		
MCP1	Қызметкердің адами капиталының құны	Кадрлық потенциал Гудвилі
MCP2	Адам капиталының табыстылығы/кірістілігі	НСВА адами капиталының экономикалық қосылған құны
MCP3	Интеллектуалдық капиталдың тиімділігі	VAIC адами капиталының интеллектуалды қосылған құны
MCP4	Кадрларды оқыту мен дамытуға инвестициялар	Адами капиталды дамытуға инвестициялардың қайтарымы
MCP5	Қызметкерлерді ынталандыру	Қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеуге арналған қаражат
MCP6	Кадрлық саясаттың тиімділігі	Кадрлық тұрақтылық коэффициенті
4 - Сыртқы орта		
WS1	Пациенттермен қарым-қатынас	Әлеуметтік тиімділік. Науқастың көмек көрсету сапасына қанағаттануы
WS2	Мемлекетпен қарым-қатынас	Денсаулық сақтау шығындарының тиімділігі
WS3	Медициналық кадрларды даярлау	Қазақстан Республикасындағы медициналық кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткіші
Ескерту – Автор құрастырған		

Жоғарыдағы формулаларға сәйкес біздің үлестік факторлар 38-кестеде көрсетілген мәндерге тең болады.

Кесте 38 – Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталды басқару тиімділігінің жеке факторларының үлестік коэффициенттері

Бағыттар	Көрсеткіш	Ранг	Үлестік коэффициенттері
Қаржылық факторлар	ЭFF	3	0,30
Ішкі бизнес-үдерістер	ЭBP	2	0,20
Кәсіпорынды басқару және кадр саясаты	ЭMCP	4	0,40
Сыртқы орта	ЭWS	1	0,10
Сома		10	1,0
Ескерту – Автор есептеген			

Кадрлық саясаттың жалпы тиімділігі (53) формула бойынша әрбір құрамдас тиімділіктердің қосындысы болып табылады:

$$\text{ЭФЧК} = w_1 \times \text{ЭФФ} + w_2 \times \text{ЭВР} + w_3 \times \text{ЭМСПЗ} + w_4 \times \text{ЭИС} \quad (53)$$

Кәсіпорынның өндірістік, инвестициялық және қаржылық қызметінің тиімділігі оның пайдалылығының немесе рентабельділігінің (тиімділігінің) абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерімен анықталады.


Денсаулық сақтау ұйымының ішкі бизнес-үдерістерінің тиімділігі оның материалдық-техникалық базасы мен жабдықталуымен, сондай-ақ медициналық техниканың тозу дәрежесімен анықталады. Бұл факторлар, өз кезегінде, көрсетілетін қызметтердің сапасын және сәйкесінше, шығарылған науқастарды емдеудің нәтижелерін яғни, медициналық тиімділігін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылға арналған инвентаризациясы бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының жарақтандыру деңгейі 83%-ды құрайды, медициналық техниканың тозуы 50%-дан 70%-ға дейінгі мәндерге жақындайды, бұл халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасының айтарлықтай нашар факторлары болып табылады [99]. Бұл көрсеткіштердің төмен мәндері әсіресе, ауылдық жерлерде және Қостанай, Маңғыстау және Атырау облыстары сияқты аймақтарда байқалады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығына сәйкес «Оңтайлы техникалық сипаттамалары мен клиникалық көрсеткіштеріне сараптамалық бағалау жүргізу әдістемесін бекіту туралы» және медициналық мақсаттағы бұйымдардың техникалық негіздемесіне сай медициналық техниканы тиімді пайдалану медициналық қызметтер санының кемінде 75%-ын құрауы тиіс [143].

Денсаулық сақтау ұйымдарында негізгі құралдардың есептеуі амортизациялық аударымдар түрінде жүзеге асырылады. ҚР Салық кодексіне сәйкес негізгі құралдардың құны салық заңнамасында белгіленген тәртіппен амортизациялық аударымдар арқылы шегерімге жатады. Медициналық техниканың амортизациясының жылдық нормасы бастапқы құнынан 10%-дан аспауы керек [144].

Қазіргі уақытта Қазақстанда тозығы жеткен, пайдалануға жарамсыз денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жаңғырту мәселесін шешу үшін барлық өңірлер мен ауылдық жерлерде мемлекеттік және жеке инвестицияларды ұлғайту қажет. Бұл міндет «Салауатты ұлт» әрбір азаматқа сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасында осындай стратегиялық көрсеткіште – Денсаулық сақтау саласына негізгі капиталға инвестиция салу 2019 жылдың деңгейінен 2025 жылы нақты өсімнің 372,2%-ға дейін көрсетілген. Дегенмен, 2010-2021 жылдар кезеңінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету салаларындағы негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі 21-суретте көрсетілгендей Қазақстандағы жалпы инвестицияның 0,8-2,5%-н құрайтын шағын үлесті қамтиды. Сонымен қатар, ең

жоғары сомасы инвестицияның 301,9 млрд.теңге 2020 жылы жүзеге асырылып, үлесі 2,5% болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 1,4%-ға төмендеп, 187,3 млрд. теңгені құрады.



Сурет 21 – Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға және денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметке 2010-2021 жж. салынған инвестициялар

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [90]

Зерттелетін аспектіде кадр саясаты маңызды рөл атқарады. Өйткені ол денсаулық сақтаудағы адами капитал тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді. Сыртқы ортамен қарым-қатынастарды мемлекетпен және пациенттермен өзара әрекеттесу ретінде қарастыруға болады. Бұл ретте мемлекеттік саясат және әлеуметтік тиімділік – пациенттердің медициналық көмек көрсету сапасына қанағаттану көрсеткіші.

№1 КҚБА мысалында техниканы апробациялау.

№1 «Көп бейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКҚК-ның қаржылық және нарықтық есеп беру деректері негізінде медициналық ұйымның кадрлық саясатының тиімділігін факторлық бағалаудың 2018-2022 жж. экономикалық-математикалық моделін құрастырамыз.

Ақшаның уақытша құны концепциясына сүйене отырып, біз базалық кезең ретінде 2018 жылды таңдаймыз, барлық ағымдағы номиналды көрсеткіштерді салыстырмалы нақты көрсеткіштерге келтіреміз, содан кейін сол жылға қалыпқа келтіреміз. Номиналды көрсеткіштерді нақтыға дейін төмендету 39-кестеде көрсетілген базистік кезеңнің бағаларына айырбастау коэффициенттерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Кесте 39 – Ақшалай мәндерді базалық кезең бағасына айырбастау коэффициенттері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлік	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Қазақстандағы тұтыну бағасының индексі, өткен жылғы пайызбен	%	106,0	105,3	106,8	108,5	120,4
Өткен жылмен салыстырғанда тұтыну бағасының индексі, i	-	1,06	1,05	1,07	1,09	1,20
2021 жылғы бағаларға түзету коэффициенті, k	-	1,47	1,40	1,31	1,20	1,00
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [138]						

Іске асқан таңдалған көрсеткіштер негізінде біз қызметтің барлық бағыттары бойынша аурухананың кадрлық саясатының тиімділігін талдаймыз:

1) 1 – Қаржылық факторлар бағыты бойынша тиімділікті бағалау.

Біріншіден, біз 2-тараудың (1) формуласына сәйкес көрсеткіштерді 2021 жылдың базалық кезеңіне қатысты салыстырмалы мәндерге келтіру арқылы көрсеткіштерді түзетеміз. Басқалай айтқанда, біз номиналды мәндерден нақтыға көшеміз және енгіземіз. 39-кестеде алынған нәтижелер көрсетілген.

Кесте 40 – 1-бағыт бойынша түзетілген (нақты) экономикалық көрсеткіштер – Қаржылық факторлар

Жылдар	FF1 – Қорытынды пайда	FF2 – Ақылы қызметтер	FF3 – Еңбекақыға кететін шығындар	FF4 – Бюджеттік қаржыландыру
2018	1 202	22 574	774 824	2 013 322
2019	1 178	22 782	781 719	2 060 600
2020	2 116	13 763	865 576	1 849 893
2021	2 060	15 400	850 000	1 988 000
Ескерту – Автор есептеген				

Біз 1-бағыт бойынша түзетілген көрсеткіштер үшін 41-кестені аламыз - Қаржылық факторлар.

Кесте 41 – 1-бағыт бойынша нормаланған көрсеткіштер – Қаржылық факторлар

Жылдар	FF1 – Қорытынды табыс	FF2 – Ақылы қызметтер	FF3 – Еңбекақыға кететін шығындар	FF4 – Бюджеттік қаржыландыру	ЭFF
2018	0,58	1,47	1,47	2,15	1,42
2019	0,57	1,48	1,48	2,19	1,43
2020	1,03	0,89	0,89	0,80	0,90
2021	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00
Ескерту – Автор есептеген					

Қорытынды көрсеткіш – 1,19, бұл Қаржылық факторлардың жоғары тиімділігін және олардың 2018-2021 жылдар кезеңіндегі №1 КҚБА түпкілікті қаржылық нәтижелеріне күшті ықпалын растайды.

2) 2-бағыт бойынша өнімділікті бағалау – Ішкі бизнес-үдерістер.

Жоғарыда аталған алгоритмді қайталап, осы көрсеткіш бойынша компания қызметінің мәнін алайық. Ішкі бизнес-үдерістер бағыты бойынша көрсеткіштердің түзетілген мәндері бойынша есептеу нәтижелері 42-кестеге енгізіледі.

Кесте 42 – бағыт бойынша нормаланған көрсеткіштер – Ішкі бизнес-үдерістер

Жылдар	BP1 - Материалдық- техникалық жабдықтау, %	BP2 - Негізгі құралдардың амортизациясы, %	BP3 – Стационар жұмысының сапа көрсеткіштері	BP4- Медицина лық тиімділік	ЭВР
2018	0,98	0,45	0,56	0,92	0,72
2019	0,98	0,50	0,56	0,94	0,74
2020	0,98	0,53	0,61	0,92	0,76
2021	0,98	0,50	0,51	0,93	0,73
Ескерту – Автор есептеген					

42-кестеден Ішкі бизнес-үдерістердің бағыты бойынша №1 КҚБА тиімділік көрсеткіштері тұрақты және орта есеппен 0,74-ке тең екенін көруге болады, бұл медициналық техниканы жаңартудың төмен қарқынын көрсетеді.

3) 3-бағыт бойынша тиімділікті бағалау – Кәсіпорын менеджменті және кадр саясаты.

Сол сияқты біз бұл көрсеткіш бойынша барлық көрсеткіштерді реттейміз. Түзетілген көрсеткіштер бойынша есептеу нәтижелері 43-кестеге енгізіледі.

Кесте 43 – 3-бағыт бойынша №1 КҚБА – Кәсіпорын менеджменті және кадр саясаты бойынша қызмет көрсеткіштері

Жылдар	МСП1	МСП2	МСП3	МСП4	МСП5	МСП6	ЭМСП
2018	0,77	1,19	2,01	1,17	0,89	0,87	1,15
2019	0,81	1,22	1,91	1,49	1,64	0,89	1,32
2020	0,96	1,06	1,10	1,04	0,65	0,99	0,97
2021	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00
Ескерту – Автор есептеген							

43-кестеден «Кәсіпорындарды басқару және кадр саясаты» бағыты бойынша №1 КҚБА нәтижелік көрсеткіштері 1,11 жоғары мәнге ие екенін байқауға болады, бұл медицина қызметкерлеріне қатысты кадр саясатының жоғары тиімділігін көрсетеді.

4) 4 – Сыртқы орта бағыты бойынша тиімділікті бағалау.

Сол сияқты біз бұл көрсеткіш бойынша барлық көрсеткіштерді зерттейміз.

4 – Сыртқы орта бағыты бойынша түзетілген көрсеткіштер бойынша есептеу нәтижелері 44-кестеге енгізіледі.

Кесте 44 – 4-бағыт бойынша №1 КҚБА өнімділік көрсеткіштері – Сыртқы орта

Жылдар	WS1– пациенттермен қарым-қатынас, %	WS2– мемлекетпен қарым-қатынас	WS3 – медициналық кадрларды дайындау	ЭWS
2018	0,96	1,66	0,96	1,20
2019	0,98	1,21	0,96	1,05
2020	0,99	1,05	0,98	1,01
2021	1,00	1,00	1,00	1,00
Ескерту – Автор есептеген				

Орташа мән 1,06 - бұл көрсеткіштің жоғары мәнін көрсетеді.

Ұйымның адам ресурстарын басқару тиімділігін есептеудің соңғы нәтижелері және олардың сапалық шкала бойынша рейтингі 45-кестеде келтірілген.

Кесте 45 – Қажеттіліктің сапалық шкаласы бойынша компанияны басқару тиімділігін бағалау

Жылдар	ЭFF 1 – қаржылық факторлар	ЭBP 2 – ішкі бизнес- үдерістер	ЭMCP 3 - кәсіпорын менеджменті және кадр саясаты	ЭWS 4 – сыртқы орта	ЭКАК (адами капиталдың экономикалық коэффициенті)
2018	1,42	0,72	1,15	1,20	1,13
2019	1,43	0,74	1,32	1,05	1,16
2020	0,90	0,76	0,97	1,01	0,92
2021	1,00	0,73	1,00	1,00	0,94
Орташа мәні	1,19	0,74	1,11	1,06	1,04
Ранг	1	4	2	3	
Ескерту – Автор есептеген					

ЭКАК=1,03 яғни, бұл медициналық ұйымның басқару тиімділігі айтарлықтай жоғары, бұл ауру балаларды емдеу үшін жоғары сапалы медициналық қызмет көрсетуге болады.

Тиімділікке ең көп әсер ететін Қаржылық факторлар, екінші орында кадр саясаты, үшінші орында сыртқы орта, төртінші орында ішкі бизнес-үдерістер. Негізгі қорлар мен жабдықтардың тозуының жоғары болуына байланысты тиімділікке сыртқы орта мардымсыз әсер етеді.

Бұл нәтиже кәсіпорындағы қаржы менеджментін ұйымдастыруды қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерінің негізгі көрсеткіштеріне тұрақты мониторинг жүргізетіндей етіп құру керек деген қорытындыға келеді.

Негізгі қаржылық көрсеткіштерді тұрақты талдау компания басшылығына компанияның қаржылық тұрақтылығын төмендететін жағымсыз әсерлерді өтеу және бейтараптандыру үшін басқару шараларын дереу қабылдау қажеттігін көрсететін маңызды көрсеткіштерді белгілеуге болады.

3.3 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар

Автор жүргізген денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың жай-күйін талдау және бағалау оның әлеуетін арттыру мәселесі көп қырлы мәселе және әлі күнге дейін біржақты шешімі жоқ деген қорытынды жасауға болады.

Әрбір елдің денсаулық сақтау саласындағы ұлттық проблемалары болғанымен, адам ресурстарын басқарудың тетіктері мен құралдары әмбебап болып табылады. Себебі, денсаулық сақтау саласындағы кадрлық саясаттың бір мақсаты – адами капиталдың сапасын арттыру әрбір азаматқа қолжетімді медициналық көмек көрсету және халықты салауатты өмір салтына тарту аясын кеңейту болып табылатыны белгілі.

Денсаулық сақтау саласындағы басқару алға қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған үйлестірілген іс-әрекеттер жиынтығы ретінде түсініледі. Ғылыми менеджмент саласындағы жетекші ғалымдардың бірі Тейлор Ф.У. «Басқару дегеніміз не істеу керектігін және оны қалай жақсы және арзан жолмен жасау керектігін білу» деп жазады [145].

Басқару процесінің кез келген моделін құруды бірнеше негізгі кезеңдерге бөлуге болады:

- 1) мақсатты айқындау;
- 2) ішкі және сыртқы факторлар туралы ақпаратты жинау және өңдеу; оны талдау, жүйелеу, синтездеу;
- 3) болжау және жоспарлау;
- 4) бақылау механизмін таңдау және оны жүзеге асыру;
- 5) таңдалған басқару әдісінің (басқару шешімі) тиімділігін және алынған нәтижелерді бағалау.

Кез келген жүйеде де басқарудың жалпы принциптерін анықтай отырып, оның тиімді жұмыс істеуі үшін жүйені қалай ұйымдастыру қажеттігін анықтауға болады.


Басқару субъектілерінің іс-әрекетін ұйымдастыру, басқару және үйлестіру ұйымның табысты жұмысының негізгі шарттары болып табылады.

Басқарудың ішкі жүйесі буындарының келісілген әрекеттері бір-біріне қарама-қайшы келмеуі және ұзақ мерзімді және операциялық жоспарларда көрсетілген мақсатқа әкелмеуі керек.

Кез келген басқару жүйесін қарапайым түрде екі өзара әрекеттесетін ішкі жүйенің жиынтығы ретінде көрсетуге болады – басқару субъектісі (басқару

ішкі жүйесі) және басқару объектісі (басқарылатын ішкі жүйе), 22-суретте көрсетілгендей [146].


Басқару субъектісі – басқаратын, бақылау объектісі – бақыланатын адам. Ресурстар, үдерістер және нәтижелер басқару объектілері ретінде әрекет ете алады. Жоғары басқару ұйымының негізгі көрсеткіші қоршаған орта факторларының өзгеруіне жылдам әсер ету болып табылады.



Сурет 22 – Басқару контуры түріндегі басқару жүйесі

Ескерту – Автор құрастырған

Денсаулық сақтау жүйесі ашық жүйе болып табылады, сондықтан оған сыртқы және ішкі орта факторлар айтарлықтай әсер етеді. Оларды анықтау және маңыздылығын бағалау адами капиталдың сапасын арттыру құралдарын табуға болады. Бұл жұмыстың авторы осы тұжырымдамаға сай жұмыстың алдыңғы бөлімдерінде қарастырылған және 23-суретте көрсетілген келесі факторлар денсаулық сақтаудағы адами капиталдың қалыптасуына әсер етеді деп есептейді.



Сурет 23 – Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды қалыптастырудағы сыртқы және ішкі ортасының факторлары

Ескерту – Автор құрастырған

Денсаулық сақтау саласындағы мұндай проблемаларды шешу адами капиталды басқару тетіктері мен оларды жүзеге асыру құралдары болып табылады.

«Басқару механизмі» деген сөздің астынан басқарудың белгілі бір әдістерінің жиынтығы түсіндіріледі [147].

Басқару әдісі – басқарылатын объектіге әсер етудің әдістерінің, тәсілдерінің, құралдарының жиынтығы. Сондықтан да басқару объектісіне әсер ету мазмұны бойынша олар әдетте ұйымдық-әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және т.б. деп бөлінеді:

1. Ұйымдастырушылық-әкімшілік әдістер бұйрықтарға, өкімдерге, заңдарға және басқа да құқықтық құжаттарға негізделеді және мемлекеттік органдардың күш қолдану мүмкіндігіне сүйенеді.

2. Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері сендіруге, моральдық ынталандыруға, санаға, қоғамның әдет-ғұрыптары мен дәстүрлі құндылықтарына негізделген.

3. Ықпал етудің экономикалық әдістері материалдық-экономикалық, ақшалай мүдделерді пайдалануға негізделген.

Нақты нәтижеге жетуге бағытталған өзара байланысты экономикалық шаралар кешені шаруашылықты басқару механизмін құрайды.

Экономиканы басқарудың әртүрлі деңгейлерінде бұл әдістердің өзіндік ерекшеліктері бар.

Басқарудың келесідей деңгейлерін бөлуге болады:

– макродеңгей – бұл яғни, бүкіл ел бойынша басқару;

– ұлттық экономиканың жекелеген секторлары мен салаларына қатысты мезодеңгей;

– микродеңгей – нақты кәсіпорындар мен фирмалар деңгейінде;


– өзін-өзі басқару – тұлғаны өз бетімен бақылау.

Экономикалық механизмдер – денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың сапасын тікелей дамытуға және жақсартуға бағытталған, мемлекеттік органдар, шаруашылық объектілерінің иелері және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер пайдаланатын экономикалық шаралар кешені.

Адами капиталдың анықтамасы кең мағынада - қоғам мен отбасының экономикалық дамуының интенсивті өндірістік факторлары, оның ішінде интеллектуалдық ресурстар, білім, басқару дағдылары және жұмыс ортасы.

Дүниежүзілік банк сарапшыларының соңғы есептеулері бойынша, олар адам капиталы тұжырымдамасына мемлекеттік және тұтынушылық шығындар түріндегі инвестицияларды қамтиды.

Инвестицияның қайтарымы денсаулық сақтау саласындағы адам капиталының өсуінің ең маңызды факторы ретінде 24-суретте бейнеленген.



Сурет 24 – Денсаулық сақтаудағы адами капиталды басқарудың экономикалық жүйесінің құрылымы

Ескерту – Автор құрастырған

Адами капитал экономикалық бірлік ретінде адамдарға құнды инвестициялармен байланысты. Адами капиталдың мәні болашақ игіліктерді күтуде, яғни олардың өнімділігін арттыру мақсатында адам ресурстарын инвестициялау түрінде көрінеді. Адами капиталға салынған инвестиция қызметкердің табыс алу мүмкіндігін арттырады, өйткені, пайдалы қасиеттерінің дамуымен оның жұмыс қабілеттілігі мен өнімділігі артады, еңбек әрекетінің ұзақтығы артады.

Қаржыландыру көздері келесідей бөлімдерге бөлінеді:

- мемлекеттік – республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты;
- ұйымдар мен компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін жақсартуға бағытталған қаражаттары;
- халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың бюджеттен тыс қорлары;
- жеке капитал;
- жеке/отбасылық капитал.

Инвестициялар қаржылық, материалдық, мәдени, интеллектуалдық және адам денсаулығы капиталының сапасын қалыптастыруға, жақсартуға және нығайтуға бағытталған инвестициялардың басқа түрлері бар. Медицина мен денсаулық сақтау салалық капиталды өндірумен айналысады. Сондықтан оларға инвестициялау адамдардың өмір сүру ұзақтығын арттыруға және сол арқылы жұмыс күшінің жұмыс қабілеттілігін сақтауға болады. Салауатты өмір салтын насихаттауға, никотиннен, алкогольден және есірткіден бас тартуды насихаттауға бағытталған инвестициялар денсаулық капиталын құрайды, соның нәтижесінде адами капиталдың сапасын арттырады.

Адамның өз денсаулығына жеке инвестициясының мөлшері оның ұтымды тандауына және жеке қалауына байланысты. Қазіргі әлемде төзімділік,

инфекцияларға қарсы иммунитет, физикалық күш және стресске төзімділіксіз кез келген кәсіби қызметте табысқа жету ешқанда да мүмкін емес.

Инвестицияларды пайдалану бағыттары тікелей және жанама болып бөлінеді:

1. Тікелей бағыттар мыналарды қамтиды:
 - тұтастай алғанда денсаулық сақтау жүйесі;
 - бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша білім беру;
 - біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өту арқылы кәсіпқойлығы мен құзыреттілігін арттыру үшін қызметкерлерді оқыту мен дамытуда;
 - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарда;
 - білім беру және тәжірибе алмасу;
 - арнайы әдебиеттерде, ақпараттарда және арнайы басылымдарда;
 - мотивация жүйесінде, корпоративтік мәдениетті дамытуда;
 - іскерлік оқыту.
2. Жанама бағыттарға мыналар жатады:
 - ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуде;
 - интеллектуалдық капиталдың өсуі түрінде әсер ететін жабдықта және материалдық активтерде;
 - медициналық көмектің сапасын арттыру;
 - инновациялар мен жаңа технологиялар.

Құқықтық механизмдер – субъектілердің қызметін, сонымен қатар заңды бұзған жағдайда олардың жауапкершілік дәрежесін реттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттар жүйесі.

Экономикалық ынталандыру тетіктері еңбек өнімділігін арттыру мақсатында қызметкердің іскерлік белсенділігінің деңгейін арттыруға бағытталған. Бұл бағалауды енгізу және сараланған еңбекақыны қолдану арқылы нақтыланатын экономикалық тұжырым болып табылады. Джон Стейси Адамс «қосылған үлес» және «алынған сыйақы» арасындағы қатынасты ынталандырушы фактор ретінде қарастыруға болады деп болжайды [148].

Экономикалық жауапкершілік тетіктері – бұл стандарттардың, нормалар мен ережелердің жүйесі, олардан ауытқу белгілі бір экономикалық санкцияларға – айыппұлдардан қызметке тыйым салуға, қандай да бір жұмысты жүзеге асыруға лицензиядан айыруға және т.б., сондай-ақ өтемақы төлеу механизмінің зақымдануы.

Тәуекелдерді қайта бөлу тетіктері медициналық қызметкерлер мен пациенттерді мемлекет тарапынан сақтандыру және әлеуметтік қорғау болып табылады.


Сақтандыру, қорғау объектісі адамның денсаулығы мен өмірі, оның мүлкі, кәсіпорындар мен фирмалардың мүлкі, ғимараттар мен құрылыстар, бағалы қағаздар және т.б. Сақтандырудың экономикалық категориясы – бұл, біріншіден, заңды және жеке тұлғалардың жарналары есебінен арнайы қаражат қорын қалыптастыруды және екіншіден, оның келтірілген зиянын өтеуге пайдалануды, сондай-ақ сақтандыруды қамтамасыз етуді қамтитын

экономикалық қатынастар жүйесі. Сонымен қатар, азаматтардың өмірінде әртүрлі оқиғалар болған жағдайда оларға көмек көрсету.

Медицина қызметкерлерін сақтандыру және әлеуметтік қорғау мәселелері адами капиталды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру жөніндегі құжаттарда нақты көрсетілмеген. Медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау субъектілерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды дамытуды көздейтін Кодекске 2023 жылдың бірінші тоқсанында жоба ретінде енгізу жоспарлануда.

Әлеуметтік қолдау шаралары негізінен ауылдық жерлерде және поселкелерде, аудандық маңызы бар қалаларда жұмыс істейтін мемлекеттік медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлеріне көрсетіледі [149]. Сонымен қатар, қалалардағы дәрігерлер де үлкен кәсіби және психологиялық жүктемені бастан кешіреді. Сонымен қатар, Кодекстің аталған бабында медицина немесе фармацевтика қызметкерлерін кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға, сондай-ақ оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген тауарларды (жұмыстарды) және көрсетілетін қызметтерді сатып алу міндетін жүктеуге жол берілмейді. Алайда, бұл ереже барлық кезде сақтала бермейді, бұл олардың құқықтарын бұзады.

Мемлекет пен қоғам тарапынан денсаулық сақтау саласында адами капиталдың өсуін ынталандыру жүйесін құру, медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауды жақсарту бойынша тиімді алдын алу шараларын әзірлеу және қолайлы жұмыс жағдайын жасау қажет. Осы мәселе шешілген кезде ғана қызметкерлердің 25-суретте көрсетілгендей сапалы медициналық көмек көрсетуіне ықпал етеді.



Сурет 25 – Адами капитал сапасы мен денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясат арасындағы байланыс

Ескерту – Автор құрастырған

Сонымен қатар, қазіргі уақытта медицина қызметкерлерін материалдық қамтамасыз ету мен кәсіби қорғаудың негізгі мәселелері Кодексте қарастырылған. Жалпы, денсаулық сақтау қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек

жағдайларын қамтамасыз ету және оларды ынталандыру мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Үшінші бөлімнің қорытындысы

Зерттеу көрсеткендей, елдің медицинасы мен денсаулық сақтау саласын дамытудың тұрақты векторы негізінде адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. 2011-2021 жылдар кезеңінде жалпы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және саладағы мемлекеттік бағдарламаларды номиналды бағалармен қаржыландыру көздері талданып, шығындар көлемінің денсаулық сақтауды дамыту көрсеткіштеріне әсер ету күші, бағыты мен коэффициенттерді есептеу нәтижелері (корреляция коэффициенті, sum – шығындар сомасы, indicators – денсаулық көрсеткіштері) көрсетілді. Фактор мен нәтиже арасындағы байланысты барлық көрсеткіштерге қатты әсері бар екені дәлелденді.

Қаржыландырудың жетіспеушілігі кадрлардың жетіспеушілігіне, дәрігерлерге жүктеменің жоғарылауына және ең бастысы әртүрлі аймақтардағы денсаулықты сапалы қорғауға қол жетімділіктің теңсіздігі дәлелденді.

Регрессиялық-корреляциялық талдау әдістерін қолдану факторлар мен нәтижелер арасындағы қарым-қатынастың сипаты мен күші бағаланды. Көпмәнді регрессия параметрлерін есептеу үшін айнымалыларды стандарттау әдісін қолдану арқылы детерминация коэффициенті денсаулық сақтауға арналған мемлекеттік бюджеттің шығыстарын анықтау коэффициенті туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығының шамамен 96,2%-ы мемлекеттік бюджетті қаржылық ынталандырудың барлық құралдарының әсерімен түсіндіріледі, бұл трендтің өміршендігін көрсетті.

Денсаулық сақтаудағы адами капиталдың өсуінің негізгі факторларына айқындалды: 1) мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде тиімділікке, қаржылық тұрақтылыққа және әлеуметтік-экономикалық өсуді қолдауға бағытталған ұлттық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту; 2) денсаулық сақтау жүйесінде жалпы ЖІӨ-дегі шығыстар үлесінің артуы; 3) денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытуға инвестицияларды ұлғайту: білім беру және біліктілікті арттыру; 4) денсаулық сақтаудың ескірген инфрақұрылымын жаңғыртуға және заманауи медициналық техниканы жаңартуға салынатын инвестициялар; 5) медициналық ұйымдардың ұтымды кадрлық саясаты, қызметкер жұмысының тиімділігін арттыру және оны КРІ және теңгерімді көрсеткіштер жүйесі көрсеткіштері арқылы ынталандыру жүйесін енгізу; 6) қызметкерлерді ынталандыру жүйесіндегі грейдинг; 7) халықтың еңбекке қабілеттілігін арттыру үшін демографиялық мәселелерді шешу.

Зерттеу көрсеткендей, зерттелген құралдар келесі мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді:

1. ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі дамыту.

2. Қазақстан медицина қызметкерлерінің адами капиталын дамыта отырып, жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда жүргізілген зерттеулер төмендегідей **қорытындылар** жүргізуге мүмкіндік береді:

1. Адами капиталдың теориялық түсінігі мен экономикалық маңызының шет елдік, ресейлік, отандық теориялық тұжырымдамалары зерттеліп, сараланды. Адами капитал түсінігіне тарихи-хронологиялық жіктеме жасалды. Ғылыми көзқарастарды зерделей келіп, «адами капитал» түсінігіне автордың тұжырымдамасы берілді: Адами капитал – бұл адам туғаннан жинақтаған денсаулық, білім, дағдылары мен қабілет қоры және осы элементтердің ұтымды үйлесімі болашақта еңбек өнімділігі мен табыстың өсуін қамтамасыз ету үшін салынатын инвестиция нәтижесі. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары қарастырылды. Экономикада адами капиталды ақшалай өлшеу тәсілдері қарастырылды. Отандық және шет елдік тәжірибе көрсеткендей, адами капиталды классификациялау экономикалық деңгей бойынша макро- микро деңгейде бағалау қарастырылды. Отандық, шетелдік әдебиеттерде адами капиталды сала бойынша бағаланды. ЖІӨ, ЖҰӨ сияқты экономикалық көрсеткіштер адами капиталды дамытуда көмекші құрал екені зерделеніп, әлеуметтік–гуманитарлық мемлекетте «адами капитал», «денсаулық капиталы» экономиканы дамытудағы негізгі және шешуші көрсеткіштер талданды. 1980 ж. Американдық Даму Кеңесі әлеуметтік–экономикалық дамудың әртүрлі аспектілерін қамтитын – «өмірдің физикалық сапасы» индексі анықтайтын интегралды көрсеткіш сипатталды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) дайындаған өмір сүру сапасын бағалауда кең тараған көрсеткіш ол – адами әлеуетінің даму индексі (АӘДИ). Қазақстанның адами даму индексі БҰҰБ-ның есебі бойынша өзінің орнын сақтап қалды. Біздің мемлекет 189 елдің ішінде адами даму индексі өте жоғары елдер санатына ену критерийлері көрсетілді. Жахандық адами даму индексы, денсаулық сақтау саласындағы адами капитал және оны дамыту бойынша мемлекетаралық интеграциялық тұжырымдамасының жетекші бағыттары анықталды.

2. Қазіргі жахандану жағдайында әлемдік экономикада адами капиталды дамыту мәселесі көптеген дамыған, дамушы елдер үшін әлеуметтік-экономикалық дамудағы алғышарттары анықталды. Шет елдік тәжірибе көрсеткендей адами капиталды дамытуда келесі іс-шаралар экономикалық тиімділікті жоғарылатып, өзінің өміршеңдігін көрсетті, яғни: 1) цифрлық және зияткерлік технологиялардың әлеуетін ұтымды пайдалану; 2) денсаулық, білімге кеткен шығындарды инвестиция деп қарастыру; 3) мемлекеттен денсаулық, білім саласына бюджеттен ақша бөлуді жыл сайын көбейту; 4) адами капиталды дамытуға байланысты мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар ұсыну оңтайлығы қарастырылды. Денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту жүйесінің шет елдік тәжірибесін талдау негізінде Норвегия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Гонконг (Қытай), Финляндия, Ирландия, Швеция, Германия елдерінде осы жүйені дамыту ерекшеліктері

анықталды және отандық тәжірибеде озық үлгілерді қолданудың оңтайлығы сараланды.

3. Диссертациялық зерттеуде денсаулық сақтау саласындағы кадрлық саясаттың негізгі мәселелері бағаланды. Медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауды жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясат пен денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамыту арқылы денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша мемлекеттік саясат пен адами капитал сапасының тура байланысы анықталды. Автор Қазақстанда 2011-2021 жылдар аралығында медициналық кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткішін талдады. COVID-19 індетінің ҚР берілген сала бойынша кадр тапшылығы күрделі және тәуекелді мәселелер тудыратынын ашып көрсетті. Сондай-ақ, ДДҰ ұсынымдарына сәйкес жеке және мемлекеттік секторлардағы медицина қызметкерлерінің арақатынасын анықтау арқылы бағалауға болатын медициналық жұмыс күшіндегі салалық айырмашылықты атап өтілді. Денсаулық сақтаудағы кәсіпкерлік адами капитал қарастырылды. Қазақстандағы 2011-2021 жылдардағы акушер-гинекологтардың саны және нәресте мен ана өлім деңгейі арасындағы корреляциялық байланыс анықталды. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі зейнеткерлік жасқа дейінгі және зейнеткерлік жастағы адамдардың үлес салмағының көрсеткіші зерттелді. Кадр тапшылығының кезеңді түрде жетіспеушілігі мен медициналық білім беру реформаларының сапасы қарастырылды. Денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорындардың өнім және технологиялық инновацияларға кеткен шығындары және инновациялық белсенділік деңгейі талданды. гудвиллді пайдалана отырып, кәсіпорынның адами капиталының құнын есептеу үшін бухгалтерлік есепте көрсетілмеген адами капиталды нақтырақ бағалау әдісі ұсынылды. Әдістеме денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының сандық деректерін ғана емес, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбек өтілі, жасы, білім деңгейі және кәсіби құзыреттілігі/санаты сияқты сапалық сипаттамалары ұсынылды. Статистикалық деректерді талдау және сараптау нәтижесінде үйге шығарылған науқастардың емдеу нәтижелерін ескере отырып, «медициналық тиімділікті бағалау» формуласы ұсынылады. Сала қызметкерлерінің интеллектуалдық капиталы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне тікелей әсері анықталды.

4. Денсаулық сақтау саласында адами капиталды талдаудың негізгі тәсілдерін анықтау мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіш DALY әдістемесі– мерзімінен бұрын өлім немесе ауру салдарынан жоғалған ықтимал өмір жылдары көрсеткіші, медицина қызметкерлерінің биофизикалық жағдайының жай-күйін бағалау QALY және Парето әдістерін қолдану арқылы талдау жүргізілді. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту бойынша мемлекеттік іс-шаралардың экономикалық тиімділігін бағалаудың детерминирленген математикалық моделі әзірленді. Нәтижесінде салалық-кадрлық ерекшеліктерді ескере отырып үш элементті қамтитын сарқылу: эмоционалдық сарқылу, тұлғасыздандыру және жеке кәсіби жетістіктердің төмендеуін сипаттай отырып, дара салалық «кәсіби эффект»

ұғымы енгізілді. Денсаулық сақтау саласында адами капиталды интегралды түрде бағалау арқылы; адами капиталға салынған инвестицияның табыстылығын бағалау; интеллектуалдық капиталдың денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне әсерін бағалау; қызметкер жұмысының экономикалық тиімділігін бағалау көрсеткіштері; медициналық немесе клиникалық тиімділік; әлеуметтік тиімділік; медициналық көмектің сапасы мен медициналық-экономикалық тиімділігі талданды.

5. Елдің медицинасы мен денсаулық сақтау саласын дамытудың осындай векторы негізінде адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға жататын Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы сараланды. Денсаулық сақтауға жұмсалатын жалпы шығындардың және басты нысаналы индикатор 2011-2021 жылдары халықтың туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығының серпіні мен, денсаулық сақтауға жұмсалатын жалпы шығындар және 2011-2021 жылдардағы туу кезіндегі халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығының динамикасы талданды. Шығындар көлемінің денсаулық сақтауды дамыту көрсеткіштеріне әсер ету күші мен бағыты анықталды. Қазақстан Республикасының 2011-2021 жылдардағы денсаулық сақтау шығындарының экономикалық тиімділігін бағаланды. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі еңбек ресурстарының жағдайын талдау және бағалау негізінде салада тиімді адами капиталды қалыптастыруға кедергі болып табылатын проблемаларды анықталды. Қазақстан Республикасының халқын бекітілген стандарттарға сәйкес алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен толық қамту кезінде облыстарда, қалаларда және ауылдық жерлерде әртүрлі мамандықтағы дәрігерлердің бөлінуінде географиялық теңгерімсіздік анықталды.

